

№1 (38)
2020

**Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы
Республикалық ономастика комиссиясының бюллетені**

ONOMASTIKALYQ
HABARSHY

№1 (38) 2020

Бас редактор
Ә. Қаба

Жауапты редактор
Қ. Есентаев

*ҚР Ақпарат министрлігінде
тіркеліп, тіркеу туралы
2004 жылғы 11 тамызда
№5336 – куәлігі берілген.*

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
Тіл саясаты комитеті

Редакциялық алқаның төрағасы:

А. Райымқұлова

Редакциялық алқа:

Ғ. Мелдешов
М. Бақтиярұлы
С. Абдрахманов
А. Смағұлов
З. Қабылдинов
Н. Уәли
С. Негимов
А. Жартыбаев
Д. Қыдырәлі
Т. Қышқашбаев
Н. Байғара
С. Иманбердиева

АЛҒЫСӨЗ

Ономастика саласы тіл саясатының жетекші бағыттарының бірі. Ғылыми-тәжірибелік, мәдени-тарихи ғана емес, қоғамдық-саяси маңызға ие. «Ономастикалық хабаршы» бюллетені биылдан, яғни 2020 жылдан бастап электрондық нұсқада тарайды.

Бюллетен бетінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастикалық комиссиясының жұмысы мен қабылданған шешімдері, өткізілген отырыс нәтижелері келелі мақала ретінде беріліп отырады. Онда Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастикалық комиссиясына ұсынылған ономастикалық объектілерге атау беру және қайта атау мәселелері талқыланып, қорытынды беріледі.

Елімізде жүріп жатқан жазу реформасына байланысты, Қазақстан Республикасындағы елді мекендердің тарихи атауларын қалпына келтіруге орай биылғы, яғни 2020 жылы «Тарихи-диахрондық әдісті қолдану арқылы ономастикалық атауларды жүйелеу қызметі» жобасы іске қосылды.

2020 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Қарағанды облысы бойынша жер-су атауларына қатысты тарихи деректер ғылыми айналымға түсіріліп, тарихи ономастикалық атауларды қалыпқа келтіру, жүйелендіру жұмысы атқарылып жатыр. 6 жылға жоспарланған жоба Қазақстан Республикасының 3D картасын әзірлейтін болады. Міне, осындай келелі істердің маңызды тұстарын бюллетен бетінде берілген мақалалардан жан-жақты танысатын боласыздар.

Сондай-ақ Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының «Atau.kz» ономастикалық электрондық базасында Қазақстан Республикасындағы жер-су атаулары толығымен көрсетіліп, атауларды беру нормалары мен қағидалары да қамтылады. Жалпы жұртшылыққа арналып отырған бұл электронды база қай елді мекенде қандай көше аттары мен мәдени орындардың бар екендігі туралы мәлімет берумен ғана шектелмейді, ономастика саласындағы ғылыми-зерттеу еңбектерімен, ғылыми, ғылыми-әдістемелік мақалалармен танысуға да мүмкіндік береді.

«Атаи.кz» ономастикалық электрондық базасының құрамдас бөліктерге (көшелерге, даңғылдарға және т.б.) немесе мәдени орындарға ел өміріне еңбегі сіңген тұлғалардың есімін беру мәселесін реттеуде де өз үлесін қосары сөзсіз.

Осыған орай «Ономастикалық хабаршы» бюллетенінің электрондық нұсқасы көпшіліктің таным алаңына айналатын болады.

Бердібек Бияров: ӘР АТАУҒА ТАРИХИ МҰРА РЕТІНДЕ ҚАРАУЫМЫЗ КЕРЕК

Соңғы жылдары еліміздегі тарихи орындар мен елді мекендер атауының шығу тегін зерттеп, қайта жаңғырту мақсатында еліміз бойынша бірқатар жұмыстар жүзеге асырыла бастады. Әлбетте, ондай іске мұрындық болып жүргендер ең алдымен жер-жердегі ономастикалық комитет қызметкерлері болса, оларға ғылыми негізде бағыт-бағдар берушілер жергілікті жердегі ғалымдар.

Бүгінгі таңда шығыс өңірінде де осындай жер-су атауларына қатысты зерттеулер жүргізіліп, бірқатар тың деректер жарияланды. Бұл істің басы-қасында жүрген С.Аманжолов атындағы ШҚМУ-дың оқытушысы, филология ғылымының кандидаты, облыстық ономастикалық комиссияның ғылыми сарапшысы **Бердібек Бияров** «Өр Алтайдың жер-су аттары», «Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері» монографиялық еңбектері мен «Алтай – Алтын бесік» ғылыми жинақтарының авторы.

Зерттеуші-ғалыммен арадағы сұхбатымыз өлкенің ономастикасы мен топонимикасына қатысты өрбіді.

- Бердібек Нұралдаұлы, әңгіменің әлқиссасын негізгі сауалдан бастасақ. Жер-су атауларын зерттеу көбінесе тарихшылар мен географ-топографтардың үлесіне тиесілі екені белгілі. Ал сіздің бұл салаға бет бұруыңызға не себеп болды?

- Бір нәрсеге бір нәрсенің себеп болатыны рас па деймін. Бәрі КазГУ-ді бітірер кездегі ұстазым Алтай Аманжолов ұсынған «Катонқарағай ауданының жер-су аттары» деген диплом тақырыбынан басталды. Алтай Сәрсенұлы өзі түркітанушы болса да, сол кездері топонимикамен айналысып жүрген болатын. Бәлкім, осы да себеп болған шығар. Бұның мені қызықтырғаны сондай – арада жылдар өте келе, «Өр Алтайдың **оронимдері**» тақырыбында кандидаттық диссертациямды қорғадым. Өкінішке қарай, одан кейін бүкіл қазақ топожүйесінің топонимжасамдық үлгілерін жасаған докторлық еңбегім еліміздегі диссертациялық кеңестердің жабылуына орай, қорғалмай қалды.

- Ізденуші ғалымның басты мұраты бұрын-соңды танылмаған

соны деректерге қол жеткізу екеніне келісетін шығарсыз?! Бұл орайда, өз басыңыз зерттеу барысында қандай тың мәліметтерге тап болдыңыз?

– Зерттеу барысында байқағаным, көшпелі халықтар жер-су аттарына ерекше мән беріп, тілді сарқа пайдаланған. Жер бедері мен оның ерекше бір белгісін байқап барып, оған фотографиялық дәлдікпен атау беріп отырған. Мәселен, Мұзтау десе – ол мұздақтан тұратын тау, Қаратау десе – қара тастан тұратын тау деген секілді. Және де ондай атаулар көшпелі халыққа дұрыс бағыт-бағдар беріп қана қоймай, сол жер туралы қосымша ақпарат та беріп отырады. Мысалы, Бөрілі десе – оның сыртында «бұл жерде қасқыр көп, сақ болыңдар» деген ақпарат тұрса, Ошағанды десе – оның астарында «бұл жерде ошаған көп өседі, қой малына жайсыз» деген қосымша ұғым тұрады. Сондықтан әр атауға тарихи мұра ретінде қарап, сақтай білуіміз керек.

– Кенді Алтай аймағындағы атаулардың өңір тұрғындары үшін тарихи маңыздылығы неде?

– Алтай тауын ежелден түркі тайпалары мекендегеніне жер-су аттары дәлел. Алтын йыш-Алтынтағ-Алтынды-Алтай, Мұзтау, Қатын суы, Ертіс, Бұқтырма, Қоңыржон, Аршаты сияқты макротопонимдер өзінің көнелігімен ерекшеленеді. Қазіргі кезде Алтайдың үштен бірі ғана Қазақстан аумағына тиесілі, қалғаны Орыс Алтайы, Моңғол Алтайы деп бөлінеді. Қазақ Алтайын құрайтын Өр Алтай (Оңтүстік Алтай) және Кенді Алтай (Батыс Алтай) ғана. Бұл өңірде түркітілді атаулардан басқа, кейін қосылған моңғол қабаты, орыс қабаты бар, ал араб-парсы және қытай тілінен енген топонимдер мүлде жоқ десе де болады. Яғни ол халықтар бұл өлкеге ешқашан келмеген деген сөз. Қазіргі кезде моңғолтілді атаулар тілімізге сіңіп кеткені сондай – оларды көпшілік аңғара бермейді. Мысалы: Тарбағатай, Зайсан, Тұрғысын, Қалжыр т.б. Ал орыстілді атаулар ауыстырылып жатқандықтан, келешекте жеке қабат құрай алмауы мүмкін.

– Бастанқы атауы әлі күнге дейін ғалымдар арасында талас тудырып келе жатқан Шығыс Қазақстандағы жер-су атауларының этимологиясына қатысты қандай ерекшеліктерді атар едіңіз?

– Негізі, ірі өзен-су атаулары көп өзгермейді әрі көне нұсқасын сақтап қалады. Ертіс гидронимі әлі күнге дейін этимологиясын ашпай келеді, сондықтан көптеген болжамдар айтылады. Алтай оронимі

моңғол шапқыншылығына дейінгі жазба ескерткіштерде Алтын йыш, Алтынтағ, Алтынды болып кездеседі. Осы Алтындыны моңғолдар калька бойынша аударып қолданған: Алт+тай – «алтынды». Бұқтырма гидронимінің бүктірме «мал терісінің ішкі, бүктейтін жағы» деген сөзден шығатынын Дальдің түсіндірме сөздігінен таптық. Онда орыс тіліне енген түркизм түрінде сақталған (Бухтарма/Бахтарма). Жаңа сойылған мал терісінің ішкі жағындағы қан тамырлары айқын көрініп тұрады ғой. Осы Бұқтырма өзенін биіктен қарасаңыз, үнемі бір арнамен емес, тура қан тамырлары сияқты сала-сала болып ағатынын байқайсыз. Қолданыс барысында Бүктірме/Бұқтырма жуан нұсқасына ауысқан. Көпшілік көне не кірме атауды түсінбегендіктен, қиялдап халықтық этимология туғызады. Мәселен, Марқакөл туралы бірнеше аңыз бар. Соның бірінде «бұлақ көзіне түсіп кеткен марқа қозыны көтеріп алғанда су атқылап, көл пайда болған-мыс» дейді. Екіншісінде Марқа қыздың аты болып жүреді және кейбір ғалымдар марқа – этноним (ру аты) дейді. Ғылыми этимология бойынша Алтай тауында қар суынан пайда болатын көптеген ұсақ көлдердің ішіндегі марқасы «үлкені» деген мағынада тұрғаны айдан анық.

Аңыз, эпсана топонимнің мәнін ұқпаған кезде пайда болады. Мәселен, Күршім гидронимі туралы бір аңызда Қабанбай батыр қалмақтың батырын жекпе-жекте өлтіргенде осы өзенге құлап бара жатқан қалмақ батырының басы күрсініпті, содан Күрсін/Күршім аталыпты-мыс делінеді. Ал Күршім гидронимінің түбірінде көне түркі тіліндегі кү «дыбыс, дауыс» сөзі жатқаны шындық. Одан күр/гүр еліктеуіш сөзі туады. Оған көне шым/шім жұрнағы жалғанып, «күрілдек, күрілдеп ағатын өзен» мағынасы жасалған. Өзеннің бастапқы жағы таулы жермен ағатындықтан, күрілдеп ағатыны да рас. Ол тауды алғашқы карта жасаушы орыс саяхатшылары «Күршім тау жотасы» деп белгілеп жібергені болмаса, ол тауды қазақ Сарытау деп атайды. Жалпы, қазақша карта жасау жұмысы әлі күнге дейін жолға қойылған жоқ. Оның себебі картаны географтар жасайды, ал тілші, топонимист ғалымдар қатыстырылмайды. Соңғы бір қазақша жасалған картада Шанағаты – Шанақатты, Үржар – Ұрыжар нұсқаларында қате жазылған. Шын мәнінде Шанағаты моңғолдың чандага «ақ қоян» сөзінен жасалып тұр да, Үржар көне түркі тіліндегі үр/үрің «ақ» сын есімінен жасалып тұр, яғни Үржар/Ақжар деген атау.

Біздің аймақтағы топонимдердің 7-8 пайызы моңғолтілді атаулардан тұрады. Оның себебі Шығыс Қазақстан – бір кездері астанасы Зайсан көлі маңында болған Жоңғарияның қол астында ең ұзақ болған аймақтың бірі болып табылады. Орыс елшісі Ф.Бобков келгенде қонтайшының ставкасы Зайсан көліне жақын Шульдеттау деген жерде отырғанын жазады. Осы Шульдеттауды көп іздедім, сөйтсем, ол тау шекараның ар жағында тұрған Шүлентау екен. Жалпы, моңғолтілді атаулар тілімізге бейімделіп кетті және олар да көшпелі ел болғандықтан, жер-су аттарын дәл белгілеп қойып отырған. Оның үстіне алтай тілдер семьясына енетін туыстас тілден жасалғандықтан, оларды шеттетудің қажеті жоқ.

– Зырян, Шемонайха, Глубокое аудандарында әлі күнге дейін елді мекен атауларының басым бөлігі орыс тілінде. Оларды қазақыландыру ісі не себепті шешімін таппай отыр?

– Шығыстың геосаяси жағдайына орай, жер-су аттарын мемлекеттік тілге көшіру жұмысы қиын болса да жүріп жатыр. Алдымен облыстың оңтүстік аудандарындағы кірме, саясаттанған атаулар ауыстырылды. Бұл орайда, облыс әкімі Д.Ахметов пен оның бұрынғы орынбасары Ә.Нүсіпованың, облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшылары А.Шаймарданов пен Р.Төлемісованың, университеттегі әріптесім А.Әлімханның еңбектерін атап өткім келеді. Олардың күш салуымен Зыряновск Алтай қаласы болып өзгерді. Солтүстік аудандардағы кірме атауларды ауыстыру да біртіндеп іске асатын шаруа. Мұндағы басты себеп тәуелсіздік алған әр ел өз рәміздерін, шекарасын, ономастикалық кеңістігін реттеп алу керегін түсінбейтін адамдарда жатыр. Географиялық, саяси карталарымыздағы жер-су аттары мемлекеттік тілде болуы халықаралық талапқа жататындығын мойындағылары келмейді. Бұл жағынан келгенде жергілікті тұрғындардың пікірін жинамай-ақ, әкімшілік тарапынан батыл кірісу керек сияқты, өйткені бұл республиканың ішкі мәселесіне, мемлекеттік сәйкестендіру мәселесіне жатады.

Екінші себеп славянтілді атаулар ене бастағанына 300 жыл өткендіктен, бұрынғы түркілік нұсқалары ұмытылған, ешқайда сақталмаған. Тарихи аты сақталса, ауыстыра қоюға даяр тұрады ғой. Мысалы, Глубокое кентінің Ақтас деген ежелгі аты ел есінде сақталып қалғандықтан, қолайлы жағдай туғанда ауыстыра салуға болады. Топонимдерді жаулап алған ел немесе отарлап алған ел саясатпен ауыстырып отырғанда кей-

де калька арқылы аударып алатын болған. Мәселен, Ақсу өзенін Белое деп калькалады. Ендігі кезекте ол атауды қазақшаға аударсақ бұрынғы аты шығады: Ақсу – Белое – Ақсу. Бұл да тиімді жол.

Қазіргі кезде ғылыми негізделген бір тың әдіс қолданып жүрміз. Ол үшін географиялық нысанды көзбен көріп, ерекше бір белгісін анықтап, соған орай жаңадан ат қою керек. Глубокое ауданына барып, осы әдіспен көптеген елді мекен аттарына қазақша ат тауып бердік. Мәселен, Березовка ауылы мен ауылдық округін Кеңсай деп атадық, себебі елді мекен ұзынша келген кең сайда орналасқан. Біз осылайша қазақы аттар тауып береміз, ал оны ауыстыру уақыт еншісінде. Жер-су аттары осылайша уәжделіп, ерекше белгісіне қарай қойылады, ал адам есімдерінде мұндай уәжделу бола бермейді. Оларда таңбалық сипат басым болады. Бейбарыс деп есім берген балада Бейбарыс сұлтанның қасиеттері болмауы да мүмкін. Кірме атауларды ауыстырып болған аудандарда мейлінше саясаттанған елді мекен аттарын ауыстыру қолға алынады. Катонқарағай ауданындағы Еңбек, Қызылжұлдыз, Жаңаүлгі деген кеңестік идеологияның әсерінен пайда болған ойконимдердің тарихи аттарын қайтару мәселесін көтердік. Олардың бұрынғы аттары тиісінше Таңба, Қызылқайың, Қиынжыра болатын. Катонқарағай ойконимінің өзі орысша бұрмаланған атауға жатады, дұрысы – Қотанқарағай, «топ-топ болып өскен қарағай» дегенді білдіреді.

– Нумерология ғылымында адамның есімі тағдырына әсер етеді деген түсінік бар. Егер осы қағиданы жер-су, елді мекендер атауларына қарай ойыстырсақ, олардың атауларының «жағымды» не «жағымсыз» райда қойылуының сол жерге тигізетін қандай да бір ықпалы болуы мүмкін бе? Қалай ойлайсыз?

– Қазақ халқы мал шаруашылығымен айналысып, үнемі көшіп-қонып жүргендіктен, қарыс қадам жер қалдырмай атау беріп отырған және тіл байлығын толығымен пайдаланған. Мәселен, Жалғызағаш, Жалғызқұм деп келеді де, сөз жетпей қалғанда Жаңғызтөбе, Жаңғызқұдық деп жалғастырып әкетеді. Қазақ жер-су аттарына жалпы мағыналы, абстрактілі мәнді сөздерді, әсіреқызыл сөздерді көп қолданбаған. Кейбір жұрт көң, қыстауларға болмаса, макротопонимдерге кісі есімін де бермеген. Бұның бәрі жер бедерін дәл белгілеу, нақты сипаттау мақсатынан туған. Жер-суға әулие-әнбиелердің есімдерін, кісі есімін қою еуропалықтарға тән құбылыс. Алайда қасиетті жерлерді таңбалау аз да

болса кездеседі. Әулиеата, Әулиебастау, Бабасай, Ұлытау, Сұлутал, Жаман Сарытау, Шайтанкөл т.б. Мұнда да көбінесе жердің өзіндік ерекшелігі ескерілген. Мысалы, Ұлытау оронимі абстрактілі мәнді ұлы сөзінен емес, көне түркідегі ұлы/ұлығ «үлкен» сөзінен жасалып тұр, «Үлкентау» мағынасында. «Жаман» сөзімен аталып келетін жердің оты, суы немесе ауа райы нашар болғандықтан солай атаған. Түркілер мұсылмандыққа дейін жер-суға табынғанын да ескеру керек. Мәселен, Оба, Обалы деген атаулар үнемі «мола» ұғымын бере бермейді, ата-бабамыз асудан асқанда, өткелден өткенде аман өткендері үшін бір-бір тастан тастап отырған. Ол тастар келе-келе оба болып үйілген. Осы орайда, Ақмола атауын мола сөзі үшін құрбандыққа шалуға болмайды, өйткені жазық даладағы мола ерекше бір белгі, бағыттық нысан қызметін атқарған.

– Зерттеуші-ғалым ретінде өңір атаулары мен өзгертілген жер-су атауларына қатысты өзіндік жеке пікірлеріңіз бен ұсыныстарыңыз бар ма? Болса қандай?

– Ең алдымен Қазақстан Республикасындағы әр топоним мемлекеттік тілде тұрса деген тілегім бар. Бұл тіпті біле білсек, БҰҰ-ның да талабына жатады. Тәуелсіздік алдың ба – өз туың, шекараң, мемлекеттік тілің болуы керек, қысқасы, ұлттық келбетің болуы керек. Бұл – бір. Екіншіден, кірме атауларға қарап, кейін көршілердің біреуі мына жер менікі деуі де мүмкін. Оны тарихтан көріп отырмыз. Үшіншіден, кейде елді мекендерге адам есімін қоятын болдық. Бұл жақсы үрдіс емес. Бұдан әрі жеріміз өспейді, ал атақты адамдар өмірге келе береді. Егер олардың әрбірінің атын қоя берсек, көп ұзамай-ақ антропонимдер топонимдерді түгелдей ығыстырып шығады да, картамыз Қасым Қайсенов кенті, Айтбай ауылы, Мамай батыр ауылы сияқты антропонимдерге толады. Осы үрдіс тоқтаса деймін.

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан Арай САХАРИЕВА

СӘУЛЕ ИМАНБЕРДИЕВА,

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық
университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы*

ОНОМАСТИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕР ЖАЙЛЫ ОЙ-ТАЛҚЫ

Ономастикалық кеңістіктің дамуы, кәсіби тілдік қатынастың жоғары деңгейде болуы, ономастикалық зерттеулердің өзектілігі – мұның барлығының жиынтығы ономастикалық терминологияның өзгеруіне себеп болды. Жоғарыда айтылғандар толықтырылып, нақтыланып шығарылған Н.В. Подольскаяның «Словарь русской ономастической терминологии» (1998, екінші басылымы) атты сөздігі дәлеледейді. Аталған сөздік қалыптасқан ономастикалық ұғымдар мен терминдердің ақпараттық жиынтығын құрады. Бұл материал бойынша терминдер арасында әрқашан семантикалық байланыс барын байқауға және ономастикалық термин жүйесінің типтік модельдерін, оның ретін және бірізділігін анықтауға болады.

Ономастикалық терминографияның қысқаша тарихы бар. Н.В. Подольскаяның сөздігінен (1978, 1998) басқа Германияда (Т.Витковский, 1964), Украинада (В.В. Нимчук, 1966), Англияда (Е.Смит, 1967), Финляндияда (Ед. Кивинайми т.б., 1974), Қырғыстанда (Ч.Жұмағұлов, А.Б. Исабеков, 1985) терминологиялық сөздіктер басылып шықты. Бұның өзі 60-70 жылдары ғылымның дамуына байланысты жоғары деңгейге жеткізу, реттеу және жүйелеумен, ономастикалық ғылымның метатілінің терминологиялық аппаратының концептуалдылығымен ерекшеленеді.

Қазақ ономастикалық терминология әлі қажетті зерттеу алған жоқ, дегенмен қазірдің өзінде мұнда базалық терминдерге және лингвистика мен ономастикалық метатілдің әмбебап ұғымына сүйену бағыты анықталған, бұл «әмбебап-концептуалды деңгейге шығуға» мүмкіндік береді. Қазіргі кезде қазақ тіл білімі, соның ішінде ономастикалық метатіл жаңа ономастикалық ұғымдарды білдіру үшін өз құралдарын іздеуде. Сонымен қатар, қазақ ономастикасында қолданылатын ономастикалық терминдердің барлығын бірізділікке салу, яғни бірізділендіру мен

стандартқа келтіру жұмыстары жүргізілуде. Қазақ ономастикасы метатілінде қалыптасқан көптеген терминдер орыс, қырғыз, украин т.б. ономастикалық терминологиясында қолданылады.

Н.В. Подольскаяның пайымдауынша, «орыс ономастикасында қолданылатын терминдердің көбі барлық славян тілдерінде қабылданған» [1]. Кеңес дәуіріндегі ұлттық ономастиканың термин жүйелері концептуалды-әмбебап орыс ономастикалық метатілге негізделген. Сонымен бірге орыс терминдері ұлттық тіл жүйесіне бейімделіп, ұлттық негізде қалыптасқан терминдермен толықтырылды.

Осы себептерден ономастиканың ұлттық термин жүйесі (орыс, украин, қазақ, өзбек, грузин т.б.) бастапқы және ұлтаралық лексиканың бірігуінен тұрады, бұл әр тілдің ғылымына қатысты. Кірме және грек-латын элементтері негізінде жасалған терминдер тіл иесінің тілінде бастапқы параллельмен бірге қолданылады, мысалы:

гр. Оним – қаз. Жалқы есім – орыс. Собственное имя;

гр. Антропоним – қаз. Кісі есімдері – орыс. Личные имена;

гр. Топоним – қаз. Жер-су атауы – орыс. Географическое название.

Ұлттық негізде толық сәйкестік ономастикалық ұғымдар мен құбылыстардың барлығынан табылмаған. Сондықтан да ономастикалық терминдер мен термин тіркестерінің көбінің негізінде грек-латын элементтері жатыр. Осы себептен грек немесе латын тілі негізіндегі терминдердің әмбебаптығы мен бейтараптығын айтуға болады. Көптеген ғалымдардың пікірінше, грек-латын тілдерінің негізінде жасалған ұлтаралық терминдер нақты мағынаны білдіреді, терминжасамда жеңіл қолданылады, сөзжасамдық мүмкіндіктері шектелмеген, стиль тұрғысынан бейтарап болып келеді.

Ғылымның ономастика атауының өзі-ақ грек «onomastice» сөзінен жасалған «атау беру өнері» дегенді білдіреді және де зерттеу нысанының атауы оним (онома) (гр. *ονιμα, ονομα*) «ат, атау» көне грек сөзі. Ономастикалық терминологияда оним терминінен көптеген терминдік құрылымдар сәтті жасалған, мысалы:

Оним -	Онимдік (қатар)
	Онимия (жалқы есімдер – онимдер жиынтығы)
	Онимдік тип (формант)
	Ономастикалық (сөздік)
	Онимдену (апеллятивтің жалқы есімге өту үдерісі)

Ономастикалық терминологияның жүйелігін және шетел тілді лексиканы игерудің нақты механизмін аталмыш мысалдар көрсетеді.

Грек-латын элементтері ономастикалық кеңістікке атауларды енгізу және атау беру акті реалийлер енгізумен байланысты қалыптасатын жаңа терминдер жасауда өнімді негізгі қызметін атқарады. Мысалы:

Хрематоним – гр. Cremato «зат» + оним - материалды мәдениеттегі бірегей заттың жалқы есімі;

Марсионим – лат. Mars «соғыс құдайы» - «Марс ғаламшары» + оним – Марс ғаламшарының бетіндегі кез келген нысанның жалқы есімі.

Жаңа реалийлерді зерттеу грек-латын түбір морфемаларын тіркестіру сияқты нақты жүйе арқылы жасалған жаңа терминдерді зерттеушілердің енгізуіне мүмкіндік береді. Мысалы, В.Н. Попова Қазақстан топонимдерінің құрылымды семантикалық табиғатын зерттей отырып, ғылыми айналымға археоним (қосымша археологиялық ақпарат беретін топоним) терминін енгізді. Қазақстан шөлдерінің топонимдік материалдарын зерттеп, Қ.Рысберген әр түрлі құм үйінділерін білдіретін екі термин ұсынды: эремоним – гр. ermoz «шөл» - ірі географиялық шөл объектілерінің атауы (Қызылқұм, Гоби), ареноним – лат. arena «құм» - шөлді жерлердің ұсақ объектілерінің атауы (Еспеқұм, Төбеқұм).

Тағамхана (азық-түлік дүкені, мейрамхана, кафе т.б.) атауларының ерекшеліктерін зерттеп, С.Иманбердиева (2001) менсоним терминін mensa «тамақ. Ас, асхана, науа» латын сөзі негізінде енгізді. С.Е. Керімбаева (2004) мифонимдерге арналған зерттеуінде аруахоним деген терминді ұсынды – аруақ + оним, яғни аруақтардың аттары. Алайда, бұл термин қалыптасқан онимдік қатарына кірігуі қиын, себебі бірінші компоненті қазақ тілі негізінде, ал екіншісі – грек тілі негізінде жасалған. Осы терминнің орнына спиритоним терминін Г.Б. Мәдиева ұсынған – лат. spiritus (аруақ) + оним. Алайда бұл онимді ағылшын

тіліне аударып бергенімізде spiritualonum тұрпатта болады екен, себебі бірінші компонент зат есім емес, сын есім тұлғалы болып аударылады. Бұл аударманың кемшіліктері болса керек, дұрысы – спиритоним, яғни spiritusonum. Барлық жаңа енгізулердің екінші компоненті оним, яғни жалқы есім термині.

XX ғасырдың 90-шы жылдары қандай да бір оқиғаларды атау үшін неміс тілінде этмиологиялық тұрғыдан дұрыс қалыптасқан, алайда фонетикалық тұрғыдан айтылуы қиын екі термин пайда болды: Symbantonum – симбантоним (грек. symban, symbantos «оқиға» + -оним) және Phanonum – феноменоним (грек. phainomenon «құбылыс» + -оним) [2, 624]. Алайда, айтылымы жағынан жағымды латын-гректермині эвентоним (лат. eventus «оқиға», «жағдай» және + -оним) басымдылыққа ие болды. Бұл терминнің авторы – П.Н. Донец, эвентонимді «жағдаяттық атау» деген мағына беретінін көрсеткен. Э.Хоффманның пікірі бойынша, П.Н. Донец бұл терминді де, оның сыртында тұрған ұғымды да «дискуссиялық және оқиғалардың феномендігіне бағытталған және эвентонимдер саяси оқиғаларға қарағанда өте ауқымды саланы қамтиды деп есептейді; жекелеп алғанда ол оған «трансмәдени аумақты оқиғалар» атауларын жатқызады» [3, 36; 9, 93].

Бұл терминді қазақстандық ономаст-ғалымдар кеңінен қолдануда, мәселен, профессор Г.Б. Мәдиева мен Д.Б. Мәдиева соңғы жылдары қолданысқа еніп отырған ономастикалық терминдерге тоқтала келе, эвентоним терминіне қатысты пікір білдірген [4].

Ономастикада адам қызметінің нысандарын жалпылама атау үшін эргоним терминінен басқа нөлдік эргоним, фирмоним, эргоурбоним, бренд-эргоним, эмпороним, копоним, идеоним, логооним, прагматоним, прагмоним, ойкодомоним сияқты терминдер де қолданылатыны белгілі.

Н.В. Шимкевич нөлдік эргоним терминін енгізген – «тілдік белгінің формалды айтылым болмаса, алайда семантикалық тұрғыдан ол бар және өз қызметін атқарады» [5; 10]. Бұл ресми түрде, жиі иесі атымен тіркелген, алайда жекелеуші «жарнамалық» атауы жоқ нысандарда байқалады.

О.Е. Белей адамдардың өндірістік коммерциялық бірлестік атауларын белгілеу үшін қалыптасқан антропоним, топоним, зооним т.б. терминдері үлгісімен фирмоним (фирма+оним) терминін қолдануға ұсынады. Фирмоним терминінен О.Е. Белей Эргонимиканың бөлігі –

өндірістік коммерциялық кәсіпорындар атауларын зерттейтін фирмонимиканы қалыптастыруды ұсынады [6]. Фирмоним терминін басқа да лингвистер қолданады, мәселен, өз жұмысында С.А. Шестакова да қолданған [7]. Р.И. Козлов белгілі бір аумақта орналасқан нысандар «тек эрго- ғана емес, сонымен бірге топонысан» екендігін көрсетеді [8; 28] де оларды белгілеу үшін эргоурбоним терминін қолдануды ұсынған. Ал Д.А. Яловец-Коновалова болса ККА (коммерциялық кәсіпорын атауы) терминологиялық қысқартуды пайдаланады [9].

Т.В. Шмелева дүкен атаулары бойынша қолданысқа эмпороним терминін енгізген. Ғалымның ұсынысы бойынша, эмпороним (грек. «сауда» + -оним) замануи қала келбетін лингвистикалық тұрғыдан сипаттаудағы негізгі элементі болып табылады [10]. Алайда «сауда» ұғымы тек дүкендермен ғана байланысты болмаса керек, себебі Интернет желісі арқылы сауда бар, материалдық емес ұғымдарды саудаға шығару бар. Бұл терминнің өміршеңдігі күмән тудырады. Дегенмен, қазіргі кезде Ресей ғылымында екі компоненті де грек тілінен енген ономастикалық терминдер де кездеседі, мәселен, карабонимика (грек. «карабос» + -оним) кеме, катер атауларын зерттейді («Аврора», «Варяг», «Бородино», «Память Меркурия» т.б.). Терминді Г.В. Алексушин бұрынырақта ұсынылған наутонимика және каронимика терминдерге қарсы ұсынды [11].

Жоғарыда аталған эмпороним терминін қазақстандық ғалымдар да қолдануда, мысалы, профессор А.Салқынбай мен Ж.Аманжанова қаладағы сауда нысандарын талдай келе, жинақы түрде оларға эмпороним терминін қолданған [12]. Сонымен бірге, «Шашлыкoff», «Экоfood», «Обувь city» атауларына қатысты қай тілде берілгенін қарастыра келе, мұны пиджиндеу құбылысы ретінде қарастырады. Дегенмен мұнда басты мақсат – жарнамалық қызмет болғандықтан, әр тілдің бірліктерін араластырып, тұтынушыны тарту мақсатында экзотикалық термин-индикаторларды пайдаланғаны анық. Пинджиндеу құбылысы мен қарапайым тілдерді араластырудың айырмашылығы үш негізге сүйенеді: а) тілдік қарым-қатынасты жылдам іске асырудан туындаған интенсивтік (процесс жылдамдығы, яғни халық арасында жылдам таралуы); б) әр тілдің тілдік элементтерін деңгейлік жұмсау: лексика еуропа тілдерінен алынса, ал фонетика, грамматика, сөзжасам – жергілікті тілдерден; в) грамматикалық құрылым мен сөздіктің редукциясы (қысқаруы мен

қолданыс жеңілдігі). Ал біз бұл жерден қандай да бір жасанды тілдің қалыптасып таралуын байқап тұрған жоқпыз.

Ономастикалық метатілдің терминологиялық аппараты әр модель бойынша терминжасамның жүйелігін, ұлтаралығын (грек-латын термин элементтерін қолдану бойынша), негізгі терминдердің бір-біріне тәуелділігін, термин жүйесінде гипер-гипонимдік қатынастың сақталуын көрсетеді.

XX ғасырдың соңғы жылдары ономастикалық терминдер қатарын толықтыратын прецеденттік есім (прецеденттік феномен, прецеденттік мәтін) ұғымы тіл біліміне енгізіле бастады. Дегенмен әр ғалым бұл ұғымдарды өзінше қабылдады, өз түсінігін берді. Олардың бірі жалқы есімнің жалпы есімге ауысуы деп түсінсе, енді біреуі оны кеңірек мәнде деп ұғынды. Сонымен бірге, оны қарастырған ғалымдар әртүрлі атау берді.

Бұл құбылысты тіл білімінде атау үшін ғалымдар әртүрлі терминдер ұсынған. Метафора терминін С.В. Перкас ұсынған болатын. Ол жалқы есімдерді жалқы есімдерге жақындататын метафоралық қолданыс туралы айта келе, «метафоралану аталатын нысандарды ерекшелігінен айырады», – дейді [13].

Ал антономасия терминін Л.Н. Андреева, Э.Б. Магазаник, В.М. Калинин қолданған [14; 15; 16]. Л.Н. Андреева үшін антономасия – лексикалық мағынаның екі түрінің – негізгі және мәтін ішіндегі, нысанды-логикалық және аталымдық мағынаның бір уақытта іске асуына негізделген жеке стильдік тәсіл. Осы тектес қолданысты Э.Б. Магазаник поэтикалық ономастикаға ғана тән деп есептесе, В.М. Калинин онимнің поэтикасы туралы сөз етеді.

Бейонимдену терминін Ресей ғалымдарынан А.В. Суперанская, П.Кристоферсон, В.И. Болотов, И.Н. Юшманов ұстанған [17; 18; 19; 20].

Н.В. Подольскаяның сөздігінде «бейонимдену – онимнің апеллятивке өту үдерісі» деген анықтама берілген [1]. Н.В. Васильеваның пікірінше, бейонимдену термині «орыс ономастарының қолданысына кеңінен енген жоқ», дегенмен шетел ономастикасында, соның ішінде неміс ономастикасында кеңінен қолданылады [21]. Бұл мәселе бойынша профессор Т. Жанұзақовтың шәкірті Б.Ә. Көшімова «Қазақ лексикасындағы бейонимдену үрдісі» атты кандидаттық диссертация қорғаған болатын [22].

Сонымен қатар, А.Е. Бижкенова неміс тіліндегі бейонимдену үдерісін зерттеп, кандидаттық диссертациясын 1997 ж. қорғап шыққан [23].

Тәмсіл (араб тілінен аударғанда «ұқсату» дегенді білдіреді) терминін С.Мұстафаұлы ұсынған [24], ол фразеологизмдерден нақты мысалдар келтіре отырып, тәмсіл болу үшін келесі белгілерді атап көрсеткен: «Біріншіден, тәмсілдер сөз соңындағы дыбыстары болмаса, негізінен сөйлем ішінде қолданғанда біртұтас даяр күйінде жұмсалады...; екіншіден, мағына тұтастығына ие. Тәмсілдердің белгілі бір меншікті мағынасы болады. Ол мағына тәмсілді құрастырушы, жеке сөздердің мағынасының жай жиынтығы емес. Қайта тәмсілдерде мағынаға байланысты белгілі бір аңыз-ертегі, тарихи оқиға, яки әңгіме бар, енді бір сөзбен айтқанда астарлы мағынасы бар сөздер. Үшіншіден, тіркес тиянақтылық ерекшеліктеріне ие... Тиянақты сөз тізбегіндегі сөздер әркімнің қалауынша емес, қалыптасқан белгілі жүйемен орналасқан.

В.Г. Костомаров, Н.Д. Бурвикова «логоэпистема» терминін қолдануды ұсынып отыр (грек тілінен «логос» - «сөз», «эпистема» - «білу, тану») [25], яғни сөздің түп төркінін тану. В.Г. Костомаров, Н.Д. Бурвикова логоэпистемаларға әр деңгейдегі лингвоелтанымдық құнды бірліктерді (қанатты сөздер, фразеологизмдер, прецедентті мәтін т.б.) жатқызады. Олардың әр деңгейде болуы логоэпистемаларды қолдануға байланысты, ал ондағы мағына сөздің мағынасын мәдени факт ретінде қолдана білуінде деп түсіндіреді [25].

Кенинг терминін Ю.Лотман, Б.Успенский ұсынған. Кенинг – метафораның бір түрі, мысалы, «қарға тұмсығын бояушы» және «қылыш бояушы» – жауынгер. Ю.Лотман, Б.Успенский Иван геркулес және Иван Геркулес есім ұғымдарын талдай отырып, «бірінші жағдайда жалпы есім, ал екінші жағдайда нақты кейіпкерге қатысы бар, қандай да бір жеке белгісі арқылы анықтау емес, тұтас жалқы есім арқылы анықтау», – деп санайды [26].

Е.С. Отин нақты қолданыста мағыналық үстемдігі денотатпен байланысты емес, кейіннен дамыған ұғыммен байланысты жалқы есімдерді бөле отырып, коннотонимдер терминін ұсынған. Оларға мысал ретінде Ходынка, Камчатка, Соловки, Вавилон, Мекка, Клондайк, Бродвей сияқты жалқы есімдерді келтірген [27].

Жоғарыда аталған терминдердің кейбірі бұл құбылысты толығымен қамти алмаса, екіншілерінің мағыналары кеңірек. «Метафора», «антоно-

масия», «бейонимдену» терминдерінен жалқы есімдердің мүлде жалпы есімге ауысу үдерісін байқасақ, «тәмсіл», «кенинг» терминдерінің беретін ұғымдары тар, «прецеденттік есім», «прецеденттік оқиға», «прецеденттік айтылым» терминдерінің ұғымдарын бере алмайды, ал «логоэпистема» терминінің ұғымы кеңірек, ал «коннотонимдер» термині бұл құбылысты нақты ашып бере алмайды. Біздің ойымызша, «прецедентті» термині жалқы есімнің жалпы есімге ауысуы емес, «полярлық», яғни ортадағы ұғым, қажет уақытында жалқы есім бола алады.

Шет тілдер сөзігінде прецедент терминінің келесі анықтамасы берілген «прецедент [*лат. praecedent (praecedentis)*] – 1) бұрын-соңды орын алған және осы сияқты кейін болатын жағдайларға (оқиғаларға) үлгі болатын немесе оларды растайтын жағдай» [28].

Прецедентті деген ұғым тіл білімінде ХХ ғасырдың соңына қарай Ресей ғалымдарының (Ю.Н. Караулов, Ю.А. Сорокин т.б.) еңбектерінде қарастырылған, ал прецедентті есім Д.Б. Гудков, В.В. Красных, Е.Л. Березович, О.А. Ворожцова, А.Б. Зайцева, О.С. Боярских, Г.Г. Сергеева т.б. ғалымдардың еңбектерінде сөз етіледі. Мәселен, О.А. Ворожцова, А.Б. Зайцева Ресей және Америка мерзімді басылымдардағы прецеденттік есімдерді қарастыра келе, прецеденттік феномен терминіне анықтама беріп, олардың төрт түрін көрсеткен: прецеденттік оқиғалар, мәтіндер, айтылымдар және есімдер.

Сонымен, прецеденттік есім – бұл белгілі бір ассоциация тудыратын жекелеуші белгілері бар және салыстыру үшін қолданылатын нақты оқиғаға, кеңінен танымал мәтінге, жеке тарихи немесе белгілі тұлғамен байланысты кез келген жалқы есім.

Ономастикалық терминдер қатарына сонымен бірге протоним (нақты тарихи атау) арқылы криптоним – ойдан шығарылған кейіпкерді атау үшін жасырын ономастикалық атауды енгізуімізге болады.

Сонымен, терминдердің қолданысқа еніп, әбден сіңіп кетуіне уақыт керек. Бірі кеңінен қолданылып жатса, екіншісі – қолданылмай қалып қойып жатады. Оның бірнеше себептері бар:

- этимологиялық тұрғыдан дұрыс қалыптасқан, алайда фонетикалық тұрғыдан айтылуы қиын терминдердің қалыптасуы;
- өте тар ұғымдарды қамтйтындықтан тек зерттеу кезінде ғана терминге жүгіну;
- жарыспалы терминдердің қалыптасуы;

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. -М.: Наука, 1977. 198 с.
2. Brendler A., Brendler S. Naturereignisnamen // Namenarten und ihre Erforschung. Ein Lehrbuch für das Studium der Onomastik. Hamburg: Baar, 2004. S. 623-653.
3. Donec P. N. Zum Begriff des Eventonyms // Das Wort: Germanistisches Jahrbuch der GUS 2002. - S. 35-41.
4. Мадиева Г.Б., Мадиева Д.Б. К вопросу изучения эвентонимов: постановка проблемы // Вестник КазНУ. Филологическая серия. № 3 (149), 2014. – С. 265-269.
5. Шимкевич Н.В. Русская коммерческая эргонимия: прагматический и лингвокультурологический аспекты. – Автореф. дис. ...канд. филол. н.: 10.02.01. – Екатеринбург, 2002. – 23 с.
6. Белей О.О. Сучасна українська ергонімія (на матеріалі власних назв підприємств Закарпатської області). – Дис. ... канд. філол. н.: 10.02.01. – Львів, 2000. – 209 с.
7. Шестакова С.О. Лексико-семантичні інновації у системі сучасної української номінації (на матеріалі ергонімів і прагмонімів). – Дис. ... канд. філол. н.: 10.02.01. – Харків, 2002. – 204 с.
8. Козлов Р.И. Современные эргоурбонимы в городской топонимической системе // Известия Уральского государственного университета. – 2001. – № 20. – С. 26–34.
9. Яловец-Коновалова Д.А. Названия коммерческих предприятий: Ономаσιологическая классификация и функционирование в современном русском языке: Дис. ...канд. филол. наук: 10.02.01. – Челябинск, 1997. – 177 с.
10. Язык города. Наименования магазинов: Метод. разработка к практике для студентов филфаков / Сост. Т.В. Шмелева. - Красноярск, 1989 (Интернет-ресурсы).
11. Алексушин Г.В. С самарскими именами на борту. История Самарской губернии — в названиях кораблей // Свежая газета. — Самара, 2007. — № 1. — С. 14. (по региональной карабонимике).
12. Салқынбай А., Аманжанова Ж. <https://web.facebook.com/anarkul.salkynbay/posts/1319952581536852>.
13. Перкас С.В. Имена собственные и нарицательные в словаре и в ху-

дожественном тексте // Материалы к серии «Народы и культуры». Вып. XXV. Ономастика Кн. 1. ч. 1. Имя и культура. –М. 1983. –С. 141-151.

14. Андреева Л.Н. Лингвистическая природа и стилистические функции «значащих» имен (антономасии): автореф. ... канд. филол. наук. –М., 1965. –24 с.

15. Магазаник Э.Б. Поэтика имен собственных в русской классической литературе: Имя и подтекст. автореф. ... канд. филол. наук. – Самарканд, 1967. –23 с.

16. Калинин В.М. Поэтика онима. –Донецк, 1999. –С. 47.

17. Суперанская А.В. Общая теория имени собственного. –М.: Наука, 1973. –С. 276-284.

18. Christophersen P. The articles: A study of their theory and use in English. Copenhagen – London, 1939. –35-39 p.

19. Болотов В.И. Теория имен собственных: К проблеме определенности/неопределенности именованя денотатов речи. –Ташкент, 2003. – 238 с.

20. Юшманов Н.В. Грамматика иностранных слов // Словарь иностранных слов. –М., 1942. –С. 56.

21. Васильева Н.В. Онимический мир жаргона. –М.: Институт языкознания РАН, 2000. – С. 20.

22. Көшімова Б.Ә. Қазақ лексикасындағы бейонимдену үрдісі: филол. ғылым. канд. ... автореф. – Алматы: ҚР ҒА ТБ, 2001. – 28 б.

23. Бижкенова А.Е. Содержательный и словообразовательный потенциал деонимов (слов, восходящих к именам собственным). – Алматы: Ғылым, 2003. – 308 с.

24. Мұстафаұлы С. Тіліміздегі тәмсілдердің лексика-грамматикалық ерекшеліктері// Мир языка. Материалы конференции, посвященной памяти профессора М.М. Копыленко. –Алматы: КазГУМОиМЯ, 1996 –632 с.

25. Костомаров В.Г. Бурвикова Н.Д. Старые мехи и молодое вино. Из наблюдений над русским словоупотреблением конца XX века. СПб., –М., 2001. – 256 с.

26. Лотман Ю., Успенский Б. О семиотическом механизме культуры // Труды по знаковым системам. –Тарту, 1971. Т. 5 –С. 152.

27. Отин Е.С. Словарь коннотативных собственных имен. –Донецк: Юго-Восток. 2004. –С. 79.

28. Словарь иностранных слов. –М., 1942. –С. 241.

ТЕМІРҒАЛИ АРШАБЕКОВ,

*Қарағанды облыстық ғылыми-техникалық
құжаттама жөніндегі архив басшысы*

ШЕШЕНҚАРА АУЫЛЫНЫҢ ТАРИХИ ТОПОНИМИЯСЫ

Тарихи топонимдерге ерекше көңіл аудару бүгінгі күнгі еліміздегі ономастикалық ізденістерге деген сұраныстан туындап отыр. Топонимикалық атаулардың пайда болу тарихын анықтау бір жағынан отандық тарихымызды танып-білуге мүмкіндік берсе, екінші жағынан өлке тарихын да жан-жақты зерттеуге мүмкіндік туғызады. Осы мақалада бір ауылдағы әкімшілік аумақтық өзгерістерге шолу жасау арқылы қазақ жеріндегі жер су атауларының келімсек атауларға қалай ие болғанын көреміз. Кез-келген елдің өткені мен бүгінгінің сабақтастығы оның жер-су атаулары – топонимдері арқылы көрініс табады. Қазақ елінің де жер-су атаулары халықтың сан ғасырлық тарихынан сыр шертеді.

Сондықтан Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы да осы тарихқа тікелей қатысы бар. Қазақ хандығы дәуірінен бастау алатын бұл ауыл өз басынан осы тарихи кезеңдерді басынан өткізді.

1780-1830 жылдар аралығында Орта жүз қазағының шаруашылығы үлкен дағдарысқа ұшырай бастады. Бұның негізгі себебі Ресей патшалығының осы өңірлерді отарлау мақсатында орналастырылған орыс-казак әскери шебінің салынуымен байланысты. Қазақтан жайылымдық құнарлы жердің алынуы, көшпелі өмір салтының жүйесі бұзылуы, жер, барымта себебімен мал дауларының өршуі, сонымен бірге, әскерлердің тонаушылық әрекеттері қазақтың шаруашылық жағдайын төмендетіп жіберді. Ауа райының өзгеруіне байланысты қолайсыздық жайы да болған. Аймақ шаруашылықтың өзгерісіне байланысты далалық және станицалық қазақтар болып екіге бөлінді.

Саяси дағдарыстың әсерінен дәстүрлі басқару жүйесінің бұзылуы ру басы – билердің хандарға деген наразылығын туындатты. Яғни дәстүр бойынша хандар мұрагерлік жолмен емес, ру басы, би-батырларының кеңесімен сайланды. Орта жүздегі саяси жағдайды реттеу мақсатында Ресей патшасы алдына қойған талаптарының көпшілігі іске аспай жат-

ты. Сондықтан келісімге келе алмаған кезде, қарулы күшті де, жазалау әскерін де қолданды. Соның бір мысалы ханды өз мүдделеріне бейімдеу шарасынан нәтиже шықпаған соң, Ресей Орта жүзге жазалау экспедициясын жіберуіне жол ашып отырды [1].

1800 ж. Т.Бурнашев пен М.Поспелов Семейден шығып Түндік өзені, Боқты тауын басып өтіп, Нұра бойында көшіп жүрген Бөкей төре ауылына келеді. Нұра бойында бұлар қазақ егіндерін көргенін жазған. «Қу-Қазылық тауынан 50 шақырым жерде ағашы қалың Кен-Қазылық, Қарқаралы таулары бар. Одан әрі 160 шақырым жерде Нұра өзені бойындағы төбелердің арасында шабындық мол, бұлақтар көп. Бұл жер егіншілік үшін де қолайлы. Айналасында көктерек пен қайың өскен ормандар бар. Сондықтан бұл жер село салуға қолайлы» - деп жазған. 1820-1830-шы жж. ішінде құрылған 3 сыртқы округтың 3 округінің шекаралары осы қазіргі Бұқар жырау ауданы аумағымен жүрді. Бірақ барлығы да қазақ шежіресі бойынша бес атаның немесе бес Мейрамнан өрбіген тумалар еді. 1815 жылы Орта жүзде хан сайлауы болды. Ол Барақтың тұқымы Бөкейді хандыққа сайлануымен байланысты [2].

1817 жылы Бөкей хан өлген соң, көп ұзамай Абылай баласы Уәли де дүние салады. Бұдан кейін отаршыл орыс өкіметі қазақтың хандыққа мұрагер болған сұлтандардың билігін мойындамай қойды. Бұл уақытта орыс басқармасының жоспарында қазақ хандарының билігін түбегейлі жоюды көздеді. Осы саясатты іске асыру жолында орыс отарлау басқармасының лауазымды адамдары, қажетті заңдар мен құжаттарды әзірлеумен болды. Соның бірі, М.Сперанскийдің «Сібір қазақтары туралы Жарғы» деген заң құжатты әзірлеп, күшіне енгізді.

Міне, 19 ғасыр басындағы Ботақара-Нұра өңіріндегі өзгерістер Бөкейдің хандық құруымен дәл келді. Тарихшы М.Вяткин Бөкейдің 1815 жылы хан сайланып, 1817 жылы дүниеден өткенін атап өтеді. Ал, Бөкей сұлтанның хан сайлануына толығырақ тоқталған Құрбанғали Халид, «Тауарих хамса» [3] еңбегінде: «1816 жылы 12 қаңтарда Александр I атынан арнайы грамота келеді. Осы грамота бойынша Бөкей хан Орта жүздің атақты 13 руларына билік жүргізу үшін хандыққа бекітіледі, сонымен бірге Абылай хан өлімі мен грамота келуінің арасы 30 жыл», - деген дерек бар.

Абылай хан 1781 жылы қайтыс болғанын ескеріп, бұған 30 жыл қоссақ, онда Бөкейдің хан сайлануы 1811 жылға келеді. А.Байтұрсынов,

С.Броневский жазбаларында Бөкей хан 1819 жылы қайтыс болғаны туралы айтылады [4].

19 ғасыр басына қарай Орта жүз руларының көпшілігі Ресей бодандығын қабылдады. Бірақ сол кезде қазақ даласындағы ұлан-байтақ жерде қазақ руларының көп қонысы бытыраңқы орналасқан. «Солтүстігінен оңтүстігіне қарай, - деп жазады И.Завалишин, - ең қысқа жол бір мың жүз шақырым, ал шығыстан батысқа қарай екі жарым мың шақырым болып есептеледі. Қырғыз даласының кеңдігі қырық мың шаршы географиялық миль, яғни Сібірдің үштен бірі және Ресейдің оңтүстік далалық өңірінен екі еседен астам үлкен деп саналады».

Жарғыға сәйкес, Сібір қырғызы атанған қазақ елі енді әскери Шептің бойында құрылған округтер, Омбы облысының округтері болады. Округтер – болыстарға (әрбір болыста 10- 12 ауыл), болыстар ауылдарға (әр ауылда 50-70 шаңырақ) бөлінеді. Бұл округтер бір ру немесе ағайындас болып саналатын және әрқашан бірге болып дағдыланған болыстардан құралады. Округтерінің өз қоныстары болады, көшіп жүретін жерлеріне өз бетінше қоныстанбайды.

Ауылдарды – шаңырақ иелері 3 жыл мерзімге сайланатын старшындар, болыстарды – сұлтандарбилейді, олардың билігі мұраға қалады. Әрбір округте болыс сұлтандары өз араларынан 3 жыл мерзімге сайлайтын аға сұлтанның басқарумен Округтік приказ құрылады.

Алысай-Алтай болысының қыстау мен көш жерлері. Жайлаулары – Нұра, Есіл, Наршөккен, Қосағаш, Семізқыз, Соқыр, Жауыр, Ботақара мен Шешенқара, Борлыкөл, Шідерті, Жақсы Нияз, Ақжар; қыстаулары – Қоңырқұлжа, Қарқаралы, Серектас, Түнқатар, Жақсы Құлболды, Сарытау, Далба, Баймырза, Сарымурзы, Сырымбет, Сиырлы.

1815 ж. кен байлығын зерттеуді жалғастырып, 1816 ж. мамыр айында Набоков экспедициясы келеді. Жол бастаушылары жергілікті қазақтар болды. Олар ескі кен орындарын іздеуді Қызылжардан бастап, Есіл өзені бойымен, Терісаққан, Қаракенгір, Сарысу, Нұра бойымен жүріп, Қарқаралы, Қызылтау, Баянаула арқылы Павлодарға дейін барған. Шангин бастаған бұл экспедиция көне замандағы мыс, қорғасын кен орындарын іздеумен бес ай бойы Арқада жүреді. С.И. Попов 1820 ж. бастап алтын, күміс, мыс, қорғасын кен орындарын іздеген.

1816 ж. Шангин Алтын төбедегі ашириттің кен орнын майор Набоковтың Балқашқа баратын экспедициясының тау отрядын

басқарғанда көрген. Он жыл өткен соң табиғат зерттеушілерінің жаңа партиясы Алтынтөбеге келген. Дерпт университетінің ғалымы, ботаник Карл Мейер Семей-Қарқаралы-Алтынсу өзені бағыты бойынша жол жүрген.

1824 жылы Қарқаралы мен Көкшетауда екі округ ашылды. Қарқаралы округі Семияр (форпост) қамалына жақын орналасты. Оны басқаратын дуан – сол қамалдан 280 шақырым жерде, Қарқаралы алқабының оңтүстік-шығысында болды. Бұл округ алғашқы ашылған жылы 14 болыстан құралды, оларда 20 мыңдай шаңырақ немесе 60 мың ер адам болды. Кейін оларға тағы төрт болыс қосылды. Қарқаралы сыртқы округінің жері солтүстіктен оңтүстікке қарай Ертіс өзенінен Балхаш көліне дейін, батыстан шығысқа қарай **Ащысу** өзенінен Шыңғыстау жоталарына дейін аумағы 135 мың 320 ш км жерлерді қамтыды. Мұнда 18 болыстық, 147 ауыл, 16 пошта бекеттері болды. Тұрғындардың саны 59724 адам. Халықтың мал басы 220 мың жылқы, 77 мың ірі қара, 1164 мың қой, 32,7 мың түйе болған. Қарқаралы дуаны 1868 жылы жабылып, Семей облысының құрамындағы Павлодар ояздығы қатарлы ояздықтың орталық қаласына айналды. 16 пошта бекеттерінің бірі Белағашта орнықты, енді біреуі Қарақойтас маңында болды.

Мәшһүр Жүсіп «Сарыарқаның тарихи әңгімесі» атты еңбегінде былай деп жазды: «біздің қазақ бұл Руссияға қараған соң болыс деген, ауылнай деген шықты, сонда ауыл бастап сайлағанда заманындағы қариялар айтады екен «болыс болдым дегенше, орыс болдым десеңші, ауылнай болдым дегенше ауылды айналған ит болдым десеңші» дейді екен[5]. Сонан соң бұл болыстық ауылнайлық сайлаумен болатын болды. Ауыл сайлаушылармен болатұғын болды. Ақыры не болатұғынын құдай білді. Сонан соң жұрт су түбіне кеткеннен әлі кетіп жатыр».

К.Мейер А.Бунге, К.Ледебурмен бірлесіп, «Алтай таулары арқылы қазақ даласына» атты екі том кітап Берлинде 1829-1830 жж. неміс тілінде басып шығарған. Мұнда: «Алтынсу өзеніне 4 қыркүйекте шықтық. Тұщы судың түсі қара, өзенде табан, аққайран сияқты балықтары бар екен. Жол бастаушының сөзіне қарағанда Алтынсу Көкағаш тауынан басталады. Ол Алтынтөбе тауынан 20 шақырым қашықтықта Өзен солтүстікте Алтынтөбе және Шешенқара таулары арасымен ағып, Кіші Нұраға құяды. Алтынтөбе асыл тасты тауы 30 м биіктікте орналасқан... Оңтүстік жақта қазба жұмыстарының орындары бар және мыс көгі көп кездеседі. Бұл

чуд кені орналасқан жер болуы ықтимал. Эктасты жерде ұзындығы шамамен 15 қадам болатын үңгір көрінеді...» деп жазылған».

Алтынсу жағалауымен 15 жылдан соң Мәскеудан келген саяхатшы Г.Карелин жүріп өткен. Бұл туралы 1841 ж. 8 мамырдағы жазбаларында жазған. Диоптаз кен орындарын С.И. Попов та зерттеген. 1858 ж. Петропавл көпесі Н.А. Ушаков Алтынсу өзенінің батысындағы 10 шақырым жерде орналасқан Теректі-Сары Оба жерінен мыс өндіріуге өтініш берген. Алтынды Қарасу жерінде С.Попов күміс кен орнын ашып, оны Михайловск деп атайды. Ушаков мыс кенін барлауға Теректіде кіріскен.

Алтынтөбенің тарихи маңызы соншалық, геологтар мен қоршаған ортаны зерттеуші экологтар мен географтардың көп келетін жеріне айналды. Бұл жерде И.Ш. Шангин, Г.Розе, Г.С. Карелин, А.И. Шренк, Мейер де болды. XIX ғ. екінші жартысында Алтынтөбеде Л.Ф. Грауман, Г.Д. Томаковский, В.С. Реутовскийлер болды.

1838 ж. Алтынтөбеге көне кен орындарын зерттеп, мыс кен орындарына барлау жасауға тау-кен барлаушылар жіберілді. «Алтынтөбе – оңт.-батыстан солт.-шығысқа 1,5 шақырымға созылған шағын төбенің оңтүстік батыс беткейінде «чудь» қазбаларынан қалған төбе-төбе үйінділер мен үлкен шұңқыр» - деп И.Антипов жазған. Кезінде керемет бай мыс Алтынтөбе кен орны XX ғ. әбден тоналып, кені сарқылған.

1830-1840-шы жж. мұрағат құжаттары бойынша Қарағанды, Ақтас, Сораң тас көмір ошақтарын алғашқы ашушы Игілік Өтепұлы болған [6]. Қарағанды жерінде тас көмір кейбір жерде адам бойы ғана тереңдіктен шығатын болған. Сондықтан қазақ адамы осыған дейін «отқа жанатын тастың» бұл қасиетін білмеді деуге келмейді. Тас көмірді олар құдық қазғанда да кездесіп отырған. Бұған дейін де тас көмірді кездесуіне орай от жағуға пайдаланған. Шоқан «Тәңірі» деген мақаласында бұл туралы айтылған. Тас көмір жайлы халықтың жинақтаған білімі – мыңдаған жылдар бойында әлденеше рет үзіліп қалған.

Үш жүз жылғы Ресейдің тарихы Орал тауынан бері қазақ жерін тонаумен келді. Ресей империясы отаршылық саясатын жүргізу барысында үнемі қазақ жерін тартып алуда болды. Арғысы Орал, бергісі Ақмола төңірегінен Ерейментауды айнала жылжи отыра бері қозғалып, енді Бүйректал, Шолақ Қарасу, Хан Сүйегі, Жуантөбе, Ботақара, **Шешенқара**, Белағаш, Семізбұғы, Керней Қарасу, қысқасы Есіл мен Нұра бойын жоғары бойлай берді. Ресей

өкіметінің көші-қон саясаты астарында, Еуропа жағында патшаға қараған құнарлы жер иелерінен де құтылу ойы жатты.

1841 жылғы мәліметтер бойынша Ботақара, Шешенқара, Елтоқ Шат, Қызылжар аумақтарында Ақмола уезі Мойын – Алтай болысы қазақтарының жазғы жайлауы болған. Белгілі қазақ ғалымы Ш.Уалиханов өзінің XIX ғасырдың 30-шы жылдардағы ресми санақ құжаттарының негізінде жазған «Қарқаралы округы болыстарының қысқы жайылым жерлері» еңбегінде Үшқатын, Семізбұғы, Шешенқара, Ботақара, Өткелсіз, Жылантөбе, Қызылкөл аймақтарында Көшім – Байбөрі, Жағалыбайлы – Байбөрі болыстарының қазақтары жазда ғана көшіп қонған деп көрсетеді.

Спасск ұлысының шекаралары: Шерубай-Нұра болысынан – Шерубай-Нұра, Жартас, Шуаш өзенімен Біртоғай мекенімен; Қараағаш болысынан – Жыланды шоқысы, Мейірманшат мекені, Бала Құндызды құймас өзенімен; Семей облысының Қарқаралы болысынан – Қандықараоба, Наршөккен шоқылары, Шешенқара мекенімен, Жуантөбе тауымен; Семей облысының Қаржас болысынан – Аюлы шоқысы, Сайтанды мекені, Мәntenкөл көлі, Есенбай және Керегетас шоқыларымен; Ақмола болысынан – Таскөл көлі, Ақтөбе тауы, Жаманшұбар тоғайымен әкімшілік шекара өтетін болған [7].

1883 жылы жазылған Қарқаралы уезі топографиялық сипаттамасы сол жылдардағы аумақтардың шекарасын көруге мүмкіндік береді. Семей облысына қарасты Қарқаралы мен Павлодар уездерінің шекарасы былай болған: Шилі өзені ойпатынан Нұра өзеніне шығып, Сары-Оба, Ақөре сайы арқылы шекара шегі Белағаштан өтіп, Жартас-Қарасу өзенін кесіп өтіп, Айнабұлақ бұлағына жетіп, Семізбұғы Қарасу өзенінен өтіп, Ащысу өзенінің жоғары жағынан төменгі ағысы бойымен Қожамбет моласына дейін жеткен. Осы жерден Қарауыл шоқы төбесін айналып өтіп, шекара Шалқар көліне шыққан. Ал, Кеңдік төбесі Павлодар уезінде, Көктас төбесі Қарқаралы уезі аумағында қалған.

Асан Қайғыдан бастап бергі уақыттағы «зар заман» ақындары жырлағаны да жер жайы, жерге қатысты ел тағдыры. Өйткені, жер – ұлттың басты байлығы. Осы кітапқа басты айдар етіп алып отырғанымыз – Бұқар жыраудың толғауларының асыл сөзі – тарих айғағы ғой. Жыраулардың даналық мұрасының басты, өзекті мәселесі қашанда – елдің тарихы, бірлігі, ата-баба жерінің бүтіндігі болды.

Халыққа әрқашан киелі орын, жайлы қоныс, ырысты жердің қасиетін ұғындырып отырған.

Жерін сыртқы жаудан қорғаған халық батырларының әйгілі ерліктерін жырлаған осы жыраулардың атқарған бір қызметі – тарихи сананы тәрбиелеу болды. Әріде – қазақ шежірелері, беріде – алаш қайраткерлерінің еңбектері де – барлығы қазақ елі, қазақ жерінің тарихын баяндаған.

Мойын-Алтай болысының қыстау мен көш жерлері. Жайлаулары: Ботақара, Шешенқара, Елтоқ Шат, Қызылжар, Нұра, Есіл, Құндызды, Қарағанды, Қоянды, Көкпекті қыстаулары – Енем-Түнқатар ауылы қыстауларымен бірге. Мұрат руы Сасық Қопа, Соқыр, Сораң және Байдәулетте.

Бұқар жырау ауданының қазіргі жерлері төңкеріске дейінгі патша билігінің тұсында, дәлірек айтқанда 1882-1917 жж. аралығында болған Дала генерал-губернаторлығына қараған Ақмола облысы (1854-1919) мен Семей облысының (1854-1920) құрамындағы Павлодар, Қарқаралы және Ақмола ояздықтарын құраған болыс территориялары болды. 1820-1830-шы жж. ішінде құрылған 3 сыртқы округтың 3 округінің шекаралары осы қазіргі Бұқар жырау ауданының территориясымен жүрді. Бірақ барлығы да қазақ шежіресі бойынша бес атаның немесе бес Мейрамнан өрбіген тумалар еді.

Қазақстанға қоныс аударушылардың алғашқы толқыны ХІХ ғасырдың орта кезінен басталып, қоныстанушылардың біршама бөлігі Ақмола облысы жеріне шоғырланды. Шағындау топтары Жетісу жеріне келіп орналасты. Жері құнарлы қара топырағы, Дамса, Шортанды Қалқұтан, Ащылы Айрық, Шортанды көл сулары суармалы егіншілік шаруашылық мақсатына қолайлы болғандықтан, ХІХ ғасыр соңында бұл жерлер көші-қон орнына айнала бастағаны белгілі. Осы Ақмоланың төңірегінен Ерейментауды айнала жылжи отыра бері қозғалып, енді Бүйректал, Шолақ Қарасу, Хан Сүйегі, Жуантөбе, Ботақара, Шешенқара, Белағаш, Семізбұғы, Керней Қарасу, қысқасы Есіл мен Нұра бойын жоғары бойлай берді. Ресей империясы отаршылық саясатын жүргізу барысында үнемі қазақ жерін тартып алуда болды. Үш жүз жылғы Ресейдің тарихы Орал тауынан бері қазақ жерін тонаумен келді.

1891 жылы 25 наурызда Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы Ереже қабылданды. 1868 жылы қабылданған

Уақытша Ереженің баптары сақталды. Өзгерістер тек облыстардың әкімшілік-аумақтық бөлінуіне, шекараларына, уездердің аталуына өзгерістер енгізді. Бұл Ереже бойынша болыстықтардың шекарасын өзгерту Облыстық басқарма өзгерту құқы Ішкі Істер Министрлігінің құзырына қарады.

1893-1916 жылдар аралығында орыстың шығысқа қарай қоныс аударуы өте кең сипат алып, жалпы 5 млн астам адамды қамтыды. Сол 5 млн халықтың 3,5 млн адамы 1906-1914 жылдар аралығында келіп қоныстанғандар. Қазақ жеріне нан іздеп келгендері барлығы 1,5 млн келімсек. Оның бір млн адамы қазаққа 1906-1914 жылдары келді. 1906-1911 жылдар аралығында мұжықтың қазақ жеріне қоныс аудару ауқымы аса жоғарылады. 1903 жылғы мұрағат құжатында «Ақмола казактарының мен селениелер туралы» мәліметінде Ақмола уезінде бір қала Ақмола, жанындағы казактардың станциясымен, тоғыз крестьян болысы, онда 47 қоныстандырылған селение, 9 қоныстандырылмаған жер телімі және бұлардан бөлек «Ботақара» мекенінде өз алдына жеке селение «Санниково» бар деп көрсетілген. Қазақ болыстары барлығы – 26, онда 201 ауыл және 31590 шаңырақ тіркелген.

Бес жылдың ішінде жаңадан 2 қоныстанушылар болысы, 23 селение ашылды. Қазақ болыстарын 19-дан 26-ға ғана өскен, шаңырақ саны азай-маса, көбеймеген. Егер орыс селениелерінің саны 23-ке дейін өсуі жаңадан келген қоныстанушылардың есебінен болса, қазақ болыстарының сан жағынан емес, крісінше – тар болыстың шеңберінде еркін малын жая алмай, жер үшін туып жатқан қып-қызыл даудан мезі болып, өз ішінен булығып, бүлініп, біріне

Ресми мәліметтерге сүйенсек, Ақмола ояздығындағы тұрғынның жалпы саны – 214 766, оның ішінде қалада – 7 398, станицада – 1 713, крестьян селениелерінде – 29 189, қазақ болыстарында – 176 466 болған. Бұндағы өзгеріс 65 жылдың ішінде крестьян селениелеріндегі қоныстанушылар 14 876-дан 29 189-ға дейін, яғни 195%-ға екі есе өскен, ал қазақ өсімі 109 %-ға ғана, 0,1 еседей ғана көбейген. Жер көлеміне келетін болсақ Ақмола уезінің аумағы бұл уақытта мың верст кеңістікті алып жатты. Крестьян селениелеріндегі өңдеуге қолайлы жер көлемі – 521 960 ондық, қолайсызы – 87 859, ал қазақ болыстарындағы жер көлемі анықталмаған еді.

1904-1905 жылдары мұжықтың көші-қон толқыны бәсеңсіді.

Бұған сол кездегі екі ірі саяси оқиға әсер еткені белгілі. Бірінші ахуал сәтсіз аяқталған 1905 жылғы төңкеріске қатысты болса, екіншісі – орыс шаруаларының бұрынғы мекендері – Орал тауынан берірек орналасқан күншығыс бетіндегі жер бос қалып тартымды бола қалуы. Бірақ 1910-шы жылы жер үшін бәсеке күшейгені әсіресе қатты сезілді. 1911-1912 жылдары Ресейде егін бітік шыққандықтан бір үзіліс байқалды.

1905 жылығы төңкеріс ұйымдастыруда Ресейдің барлық село жерлерінде шаруалардың бой көтерулері өтті. 1907 жылы Ақмола, Семей, Жетісу облыстарында кәдімгі төтенше әскери жағдай жария етілді. Жандармдық бақылау күшейтілді. 1904-1905 жылдары орыс-жапон соғысы, абырой болғанда, да көші-қон ісіне үлкен кедергі болды. Бірақ жапонмен соғыс нәтижесі келімсектің көпшілігі шығысқа қарай бет алуына әсерін тигізді. Бұл уақытта орын алған, аз айтылатын, қазақ қозғалысының басты екі себебінің бірі – ата қонысын тастатып, переселендерді итермелеп шығарғу болды.

Патша шенеунігі Санников: «...Бөлінген жер телімдеріне алғашқы қоныстануы 1901 жыл, оның жер көлемі 28515 ондық, ыңғайлы жер аумағы 15749 десятин деп аталған. Телімге қоныстана бастауы 1902 жылғас сәйкес келеді. 410 ер адам қоныс аудыр келген осы жерге. 1901 жылдың тамыз-қараша айларында жазылған «Жан басына шаққан бос жер үлестері бар селение мен қоныстандыру телімдердің тізімі» атты құжатта 1901 жылы жазда Ақмола ояздығында жаңадан ашылып, дайындалып қойған учаскелер жөнінде мынадай мәлімет бар: Ботақара телімінде – 1043 жанға; Петров телімінде – 411 жанға; Шолақ Қарасу жанында – 580 жанға; Талды кең сайының жанында – 100 жанға; Қарақұдықта – 548 жанға және т.б. Барлығы Ақмола ояздығында бір жылғы жазда 17 жаңа бөлінген жері телімдерінде 5148 жанға жер үлесі дайындалып қойған.

Ботақара-Нұра өңірінің жер-су аты Шолақ Қарасу, Керней Қарасу дегендей көбінесе қарасу атымен аталатыны белгілі. Осы Қарасу өзендерінің бойына қоныстана бастады. Қарасудың бойы толған кішігірім орман, жан-жағы желден ықтасын қырат болғандықтан бұл жерге «қара шекпенділерге» бірден көңілдеріне ұнаған болатын. Ауылдың оңт. шығыс жағында Керней тауы биіктігі – 748,8 м және Оспан тауы биіктігі – 717, 2 м орналасқан. Алғаш қоныстанушылар осы екі қыратқа қарай

орналасқанмен ауыз су тапшы болғандықтан төменірек Қарасудың бойлай қоныстанды.

Шешенқара тауы маңында орналасқан Николаевское (Пролетарское) селосының негізін Ресейдің орталық бөлігінен бос жатқан жерлерден үлес алып, тұрақтап қалмақшы болып келген шаруалар құрды. Бұл өткен ғасырдың алғашқы он жылдығында болған. Шешенқара шоқыларының бөктерінде орналасқан ауылдың алғашқы үйлерін салған қоныстанушылар қазір өмірден озды. Олардың іздері тек қана облыстық мұрағаттың оқу залындағы құжаттарда ғана қалған. Осы құжаттардан тарих беттерінде сақталып қалған фактілер келтіріледі.

1907 жылдың жаз мезгілі Омбының географы және өлкетанушысы А.Седельников Ботақарадан Қарқаралыға апаратын Ақмола жолы бойымен жүріп отырып, Нұра бойын жағалап, арбасын жиі тоқтатып, топырақ үлгілерін алып, шөптерді мұқият қарауды. Өлкетанушының қойын дәптерінде Шешенқара қоныс аудару телімі бойынша мәліметтер көбейді. Жер телімін таулы аймақ деп есептеуге болады. Топырақ құрамынан да, өсімдік құрамынан да жер қыртысы бедерінің күрделі екендігін байқауға болады. Сортаң жерлер көп кездеседі. Қара топырақты, қызғылт түсті, құмға айналған балшықтар, ауыр балшықтар да кездеседі. Жуантөбе және Шешенқара тауларының солтүстік бөктерлерінің етегіндегі және солтүстік жазықтағы топырақ құнарлы болып табылады. Бұл жердің өсімдіктерін көбіне ақ үлпілдек селеу құрайды. Бұндай селеу қалың өскен жерлер көптеп кездеседі. Олар Нұра өзені алқабында да, топырағы аз, сортаң жерлерде де кездеседі. Өсімдіктердің қалың өсуі бұл жерлерде жер асты сулары бар деген ой тастайды.

Нұра өзені алқабын Алтынсу алқабынан аласа таулар ғана бөліп тұр. Олардың бөктерлері тақыр, желге мүжілген тастар басып жатыр. Алтынсу өзені жағалауы көгалды-шалғынды болып келген. Шөп қалың өскен. Өзен иірімдерін қалың қамыс қоршап тұр. Малшы қазақтар шөпті осы Алтынсу өзенінің алқабынан шапқан. А.Седельников Шешенқара тауының басына көтеріліп, таудың солт.-батыс бауырында итмұрын, қараған, тобылғы қалың өскен бірнеше терең сайды байқаған. Бұта арасына шыққан бүлдірген бар. Солт.-шығыс бөктертік және тастақ болып келген. Бұл жерде күңгірт-жасыл кристалл тақтатастар көрініп жатты.

«Жер телімі маңындағы Нұра өзені алқабының еш құндылығы

жоқ, өзеннің жағалауы тік жартасты, көгалды жерлері жоқ. Тек қана Шешенқара тауының етегіндегі шабындық жерлер ғана жарамды, құнды болып табылады» - деп жазды А.Седельников. Жер телімінің солтүстік бөлігі Нұра өзенінің оң жағалауында орналасқан жер Қарасу өзені алқабынан Үлкенбүркітті тауына дейінгі алқапты алып жатты. Бұл жерде қазақтың егістігі де кездеседі. Қазақтың егетіні тары, бидай, сұлы болған. Екі-үш жыл қатарынан өнім алған соң егістік жерлерді бес-сегіз жылға «демалуға» қалдырып отырған. Бұл уақыт аралығында бұл жерлерді селеу басып, қайтадан егістік жерге айналып отырған.

Николаевское (Пролетарское) селосы орналасқан жер туралы А.Седельниковтың жазбаларында былай: «Жолдың бойында ескі обалар мен қазақ қорымдары көрінеді, аспанда қызғыш айналып ұшып жүр. Осы жерде жолымызды екі кәрі қасқыр кесіп өтті. Сірә, адам баласы бұл жерде жыртқыштарға қатер төндірмеген болар. Бұл жерлерде көптеп кездесетін суырдың індерінің қасында інге су ағызатын ор қазылған екен. Оны суырды жаңбыр кезінде інінен шығару үшін қазақ қазды ма, әлде қуаңшылық кезінде суырлар өздерін сумен қамтамасыз ету үшін осылай жасады ма анықтай алмадым» - деп жазады.

Шешенқара жерінде болған А.Седельников екі түрлі әсер алды. Егістік, шабындыққа арналған жерлер жеткілікті. 1907 жылдың көктемінде жаңбыр жиі жауғандықтан өнім де көп алынады деп күтілген болатын. Сонымен қатар, А.Седельниковты топырақтың тез құнарсыздануы алаңдатқан еді. Бұл болашақта өнімді аз алуға және шаруаларды басқа жерге қоныс аударуға әкеліп соғатындығын білді.

А.Седельниковтан басқа Шешенқара маңындағы жерлерді зерттеген Ақмола-Семей мемлекеттік мүлік бөлімі көші-қон басқарамасының жер өлшеушілері болды. 1906 жылы олар осы аудандардағы егістікке жарамды жерлерді қарап, Шешенқара айналасында қоныстану, егіншілік телім бөлу жоспары жасалды. Шаруалардың жерлерінің аумағының жыл өткен сайын өзгеріп отырғанын байқауға болады. Бұл Қарқаралы уезінде жаңа телімдерін бөлумен байланысты болған.

1907 жылы топограф Кунцевич: Шешенқара жер теліміне барлығы 7622,5 ондық берілді, оның ішінде 3 600 ондық егістікке жарамсыз деп жер қорына қатысты баға берген. Бұдан басқа 96 ондық шабындық жер бар. Нұра өзенінің сол жағалауында орналасқан Николаевское (Пролетарское) селосына 2 227 ондық берілді, оның 703 ондығы егістікке жа-

рамды жер деп шешілді. Сортаң жерлер 65 ондық. Кейбір үзік мәлімет бойынша Шешенқара теліміндегі алғашқы үйлер 1908-1909 жылдары пайда болған. Келімсекетр Херсон мен Тавриядан келген.

1910 жылы 6 наурызда Шешенқара қоныс аудару учаскесінде Қарқаралы уезда шаруа учаскесіне бағынуымен Николаевское совхозы құрылды.

1915 жылы әскерге Николаевское (Пролетарское-Шешенқара) совхозының шаруаларының үлкен тобы шақырылды. Олардың ішінде Павел Лазаревич Найденов (1896 ж. т.), Карп Иванович Черняев (1896 ж. т.), сапер Иван Васильевич Чуйков (1895 ж. т.) болды.

1917 жылғы 1 қаңтардағы мәліметтер бойынша Шешенқара қоныс аудару участогына 6696 ондық жер енді, оның ішінде 3851 ондық жер жарамды. Үш жүз ондық шіркеу-мектеп жері деп есептелді. Жан басына шаққандағы жер үлесі нормасы алғашқыда әрбір ер адамға 15 ондық болды. Осылайша, Николаевское (Пролетарское) совхозындағы жер телімі 340 үлес деп есептелді.

1919 жылы А.А. Ткаченко солдаттардың тізімін жасады, онда 50-ге жуық бұрынғы майдангерлер болды. Алғашқы коммунистер және жаңа қоғамның белсенді қатысушылары болды. Олардың ұсынысы бойынша Николаевское ауылы Пролетар деп өзгертілді. 1924 жылғы санақ бойынша Пролетар совхозында 58 аула және 288 тұрғын, 1927 жылдың мәліметтері бойынша 53 аула және 305 тұрғын тіркелген. Ерлер саны 155 адам.

1934 жыл. «Пролетарский» колхозын М.Д. Фатеев басқарады. Колхозда 1056 гектар егістік жер болды. Қоғамдық мал шаруашылығы үшін 168 тонна шөп өндірілді. 1934 жылы қыркүйекте Пролетар совхозына белгілі партия және мемлекет қайраткері С.М. Киров келді. Осы жылы бай өнім жиналды. Сергей Миронович колхозшылармен әңгімелесіп, шаруашылық төрағасы Михаил Демьянович Фатеевтің әңгімесін тыңдады, мектепке барды, колхозшылардың жұмыс көрсеткіштерін блокнотқа жазды.

Колхоз жерлерін аралайды. Кейін С.М. Кировтің кенеттен қаза болғанын естіп, ауыл халқы колхозды осы кісінің құрметіне колхоз атауын С.М. Киров колхозы деп өзгертті. 1935 жылы Қарқаралыда Қазақстан АССР-нің құрылуының 15 жылдығына орай озық колхозшылар слеті өткізіледі. С.М. Киров колхозынан (Шешенқара) бұл слетке 8 адам барады.

1961 жылы колхоз екіге бөлініп бір жартысы Кузнецкий ауылдық кеңесіне, екінші жартысы Хорошевский ауылдық кеңесіне тиесілі болды. 1962 жылдары ауылдық кеңесінің төрағасы Бограй Григорий Иванович болды. 1965 жылы салықтардың бәрі алынып С.М. Киров колхозы «Пролетарский» совхозы болып құралды. Совхоз директоры болып Бориско Василий Сергеевич 1965 жылдан 1969 жылға дейін қызмет етті.

Ал, 1974 жылы ауылдық кеңесінің төрағасы болып Жукенов Ермек сосын Мустафин Ныкыш Мустафинович, Шеризатова Асия еңбек етті. 1980 жылы «Пролетарский» селосы тарихи атауы **«Шешенқара»** болып өзгертілген. 1985 жылы Шешенқара селосы әкімі болып Беков Сағынтай тағайындалды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің шешімімен 1993 жылдың 18 маусымында жергілікті әкімшілік және атқару комитетінің ұйғарымымен, мемлекеттік онамастика комиссиясының шешімі бойынша, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті тарихи-географиялық атауды қайта қалпына келтіру, сондай ұлттық топонимдерді көтеру мақсатында Озерное селсоветін Бұқар жырау селосы деп атады. Осы мақсатта 1993 жылдың 7 қыркүйегінде аудан бойынша бірнеше селоның аты өзгертілді: Хорошевск селосы орталғы Хорошевск-Белағаш болды, Калинин селосының орталығы Қосшоқы, Пушкин селолық советінің орталығы Ақбел селосы, Пролетар селосының орталығы **Шешенқара**, Минковка селосының орталығы Байқадам.

Қазіргі кезеңде Шешенқара ауылының халқының саны 2005 жылы 1-2 мың. Жерінің жалпы ауданы – 105,7 мың га. Бұл жерде Шешенқара, Үштау ауылдары және Ащысу темір жол станциясы, өндірістік құрылымдар мен 22 шаруа қожалығы бар. Негізгі саласы егін шаруашылығы. Жалпы жерінің ауданы – 31,0 мың га, егістік жер ауданы – 5,4 мың га.

Ауыл топонимдері.

Алтынсу (Золотая вода) - Нура өзенінің саласы. Өзен саласының құмында алтынның болуына байланысты бұл жер осылай аталған. Ұлы Отан соғысы кезінде өзен жағасында сарбаздар күзететін барақ үйі орналасқан Мұнда құмды електермен жуып, Алтынды өндірген. Барлық өндірілген алтын майдан қажеттілігіне жеткізілді. С.М. Киров атындағы колхоз кезінде осы өзенде колхозшыларды тамақтандыру үшін балықауланды. Алтын су үлкен тереңдікке ие өзен саласы болып табылады.

Ақ топырақ (Белая глина) – Бұл жердің атауы жердегі топырағы ақ түстісизге бай болғандықтан солай атанған. Осы өңірде суы тұщы мөлдір бұлақ ағады. Ауыл тұрғындары әлі күнге дейін осы бұлақтан су алады. Мұнда қысқы уақытта мал бағып тұратын шопанның үйі болған. Бұл үйде қыстан көктемгі сахманға дейін 1948-1958 жылдары 10 жыл шопан Жунусов Ғ.Ж тұрған. 50 жылдар мұнда бидайды өңдейтін үлкен пункт болды. Жұмысшыларға арналған жатаханада жұмыскерлер отбасыларымен тұрған. Балалар мектепке жазда жаяу, ал қыста ат шанамен жеткізілген.

Аққойтас – Шешенқарадан солтүстікке қарай 20 шақырымда орналасқан. Бұл жердің атауы тастарының алстан аппақ қойдың иірімді жүніне ұқсайтындығына байлансты айтылған. Ескіде мал жайлауы болған.

Алтынды – бұл жерлердің бұлай аталуының себебі, бұл жерде Алтынсу өзені ағып жатыр. Мұнда жергілікті шопандар колхоздың, содан кейін совхоздың отар – отар қойларын баққан.

Алтын төбе (Золотая сопка) – Бүкіл әлемге әйгілі Алтынтөбе кен орны Шешенқара ауылына жақын орналасқан. Кен орны ертеден белгілі. Тарих бойынша жергілікті тұрғын, бақташы бұл орынды өзбек көпесі Мұхаммед Ашир Зарипова 18 ғасырда көрсеткен деп айтылады. Бұл жер мыс, малахит, азурит және басқа минералдарға бай. Алтынтөбе ең басты байлығы-диоптаз минералы. Бұл минералды көпес Аширдің атымен аширит деп те атайды. Бастапқыда диоптаз изумруд деп саналды. Бірақ Санкт-Петербург сарапшылары бұл минералдың изумрудқа ұқсас екенін ғана дәлелдеді.

Мұндай кен орындары Конго, Заир, Оралдан табылды. Бірақ біздің қазақстандық кен орны ең ірі және сапалы болып саналады. Кен орнына бүкіл әлемнің геолог ғалымдары келіп, диоптазды зерттейді. Бұл минерал нәзік болғандықтан зергерлік істе қолданылмайды. Диоптаз сирек минерал, оған қызығушылық кеміген жоқ. Осы уақытқа дейін оны "Қырғыз даласының кереметі" деп атайды".

Ащысу станциясы. Шешенқара ауылдық округінің құрамына кіреді. Бұл станция Қарағанды-Қарағайлы бағытындағы темір жол қозғалысына қызмет көрсетеді. Негізінен мұнда әртүрлі кенді тасымалдайтын тауар құрамдары өтеді. 1960 жылдардың соңына дейін Ащысу станциясы Приятная деп аталды. Приятная станциясының бұрынғы болмысы - жай-

лы фин үйлері, почта, бірнеше дүкен, мол гүлзарлар, тұрақты жалақы, теміржолшыларға арналған жеңілдіктер еді.

Бакенқыстауы – кіші Аюлыдан солтүстік батысқа қарай 10 шақырымда Шешенқарадан 24 шақырым жерде орналасқан. Бұл қыстақта тінібек руынан Бакен деген кісі тұрған. Кеңес үкіметі кезінде бұл жерде қой фермасы, кейіннен бұл жерлер қара мал жайылына қолданылды.

Тау Патшасы (Царь скала) – Шешенқараға жақын жерде шоғырдың артында орналасқан жер « тау патшасы» деп аталады. Шағын орман, жартастар мұнда Шешенқардан демалушылар мен келген қонақтарды өзіне тартады. Бұл жердің бұлай аталуы мүмкін, үлкен жартастан және шоқының бойымен көмкерілген тастардан атау алған болар. Мұнда құлпынай, итмұрын және басқа да өсімдіктер өседі.

Тайжұтқан (Проглотивший жеребенка) – бұл жердің атауы Алтынсу өзеніндегі бұл жерде құлын суға құлап кеткендіктен осылай аталып кеткен. Тек ескі тұрғындар өзеннің толқынының құлынды қалай иіріп алып, жұтқып қойғандай су астына тартып әкеткенін айтады. Осы оқиғадан соң бұл жер Тайжұтқан деген атпен аталып кетті.

Сүмбіл тауы (гора Синька) – Шешенқара ауылы мен Ащысу станциясына жақын орналасқан. Сүмбіл тауы бір жағынан қисық, ал екінші жағынан тік болып келген. Бір жағынан, оған көтерілу оңай, ал екінші жағынан, демінді басып төмен қарай құлдырайсыз. Таудың етегінде оңтүстік батысқа қарай ескі зираттар бар.

Шакар қыстауы (Зимовка Шакар) – Шешенқарадан оңтүстік батысқа қарай 20 шақырым. Бұл қыстақтың жер асты құрамы кен өндірушілерін ертеден бері қызықтырады, өйткені орны мысқа бай, ал мыс алтынның серігі. Бұл жердің атауы осы жерде тұрған Шакардың атымен Шакар деп аталып кеткен. Шакардың немерелері мен шөберелерінің тегі Кударинов. Осы жерде Қорған бұлақ деген қысы-жазы ағатын бұлақ кездеседі. Бұл жерлерде қаракемпір мен бөдене рулары тұрған.

Нұра – термині Орталық Қазақстан территориясында, басқа да жерлерді көп кездеседі: «Нұра сөзі географиялық термин ретінде көптеген топонимдер құрамында Қазақстан территориясы мен одан тыс жерлерде кездеседі» [ҚГАС (ЖО), 1990. б. 209] және сол себепті көптеген зертеушілердің назарына ілігіп жүрген атау. «Нұра... зерттеушілер монғолдың *жыры* дегенді білдіретін сөзі деп түсіндіреді. А.Әбдірахманов бұл пікірді қуаттай отырып, *нұра//жыра* монғол-

түркі тіл ортақтығын көрсететін сөз екенін айтып, сөз басындағы н//ж дыбыстарының алмасуына мынандай мысалдар келтіреді: нас – жас, насан – жасақ, наслах – жасау, нуурмаг – жырма т.б.» [Жүнісов Д., 1991. б.66]; Жезқазған облысына қатысты географиялық атаулардың сөздігін құрастырушы авторлар *нұра* атауына байланысты бірнеше зерттеушілердің пікірлерін келтіре отырып, атаудың мағынасына анықтама береді: «Зерттеушілер Ғ.Қоңқашпаев пен Э.Мурзаев *нұра* сөзі мағынасы: «жыра, сай» деп қарайды [Қоңқашпаев, 1951, Мурзаев, 1984, 398]. Ал, Е.Қойшыбаевтың *нұра* сөзі «төбе, дөңдердің шошайған төбесі, шыңы» деген пікірі дау туғызады. Оңтүстік Қазақстанда *нұра* «ұшы-қиырсыз иен дала, жардан кейін басталған жазық» деген ұғыммен байланысты екен және бұл пікірді Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінің материалдары растайды [ҚТДС, 258]. Біздің пайымдауымызша, *нұра* атауының мағынасы: «жыра, терең сай-сала», дегенге саяды» [ҚҒАС (ЖО), 1990. б.209]; келесі бір зерттеуші *нұра* атауына байланысты нақты анықтаманың жоқтығын ескерте отырып, өзіндік гипотеза ұсынады: «Бұл атау жөнінде тиянақты пікір жоқтың қасы. Монғол тілінде: «нураа» тұлғалы сөз – *құлау, бұзылу*, ал қалмақша: «нұрх» – «*опырылып құлап түсу*» мағыналарында көрінсе, тунгус-маньчжур тілдерінің бірінде – «нура» - «*тік жар, құлама жар*» деген ұғым береді. Өздеріңіз байқап отырғандай, «нұра» сөзі көбіне өзенмен, оның тасыған кезде арна жағасын құлатуы, бұзуы, осы әрекеттер нәтижесінде пайда болатын өзен жағалауындағы жармен байланысты екен. Осы деректерді ойымызға арқау ете отырып, *Нұра* өзенінің тұңғыш мағынасы – «*жарлы өзен*» болуға тиіс деген жорамал жасаймыз» [Нұрмағанбетов Ә., 1994б. б.38]. Зерттеушілердің пікірлерін қортындылай келгенде, *нұра* сөзі моңғол тілінен енген деген тұжырымға саяды. Бірақ, жоғарыда айтылғандай, *нұра* сөзінің аңқытамасы кейбір өзгешеліктерімен, әртүрлі мағынада қолданылады: 1. *Нұра* – монғол сөзі, *жыры* дегенді білдіреді (А.Әбдірахманов); 2. *Нұра* – *жыра, сай* мағынасында қолданылады (Ғ.Қоңқашпаев, Э.Мурзаев); 3. *Нұра* – *төбе, дөңдердің шошайған төбесі* (Е.Қойшыбаев); 4. *Нұра* – *ұшы қиырсыз иен дала, жардан кейін басталатын жазық*; 5. *Нұра* – *жыра, терең сай-сала* (географиялық сөздіктің авторлары); 6. *Нұра* – *жарлы өзен* мағынасында (Ә.Нұрмағанбетов). Бұдан шығар қортынды – *нұра* сөзі табиғи қасиеттері ұқсас әртүрлі географиялық объектілерге қатысты қолданыста болған.

Қажы қонған – Шешенқара ауылынан оңтүстік жақта 15 шақырым. Бұл жерге Абай Құнанбаевтің әкесі Құнанбай қажылықтан қайтып келе жатып, бір түн қонып Қарқаралыға жол тартқан, содан бері бұл жер Қажы қонған деп аталған деген дерек келтіріледі.

Тайсойған – бұл жер Шешенқара ауылынан 18 шақырым жерде Ынталы ауылына қарай Байболды мен Қаракесек руларының арасындағы жер шекарасында орналасқан. Қазан төңкерісі кезеңіне дейін, яғни өткен ғасырда Үйсенбай деген адам бұл жерде қыста мал ұстауға шешім қабылдап, осы жерге қыстақ салады. Сол уақытта оның әйелі босанып ұлды болады. Үйсенбай мұрагері дүниеге келгеніне қуанып, әрі жаңақонысын атап өту үшін үлкен той жасайды. Бұл тойға оның досы Тырабай да келеді. Үйсенбай оған құрметті қонақ ретінде бірінші сөз беріп, жаңадан салынған қыстаққа атау беруді сұрады. – Эй, Үйсенбай, бұл тойға арнап дастарханға мал сойдың ба?, – деп сұрады досы Тырабай. – Иә, семіз тай сойдым, – деді Үйсенбай. – Онда бұл қыстығыңның атауы Тайсойған болсын, ал дүниеге келген мұрагер ұлыңды осы тай сияқты ойнақы, жылдам, шапшаң жүйрік болсын деп ырымдып Тайбек деген есім берерсің, – деді Тырабай. Барлық қонақтар бір ауыздан қолдап бата жасады. Бұл жер содан бері Тайсойған деп аталып кетті. Кейінірек бұл қыстақта Алтайбек Жумабаев тұрды.

Қарасу – жер атауы. Шешенқарадан 9 шақырым жерде орналасқан. Бұл жерде Қарасу көлі орналасқан және Қарасу дала өзені ағып Шешенқара ауылының тұсындағы Нұра өзеніне құйылады. Қарасу – жер астынан, сай жыралардан шығып жатқан қайнар су дегенді білдіреді. Бұл жерлерді ертеде Алсай руы мекендеген. Жер көлемі Алғабас жерлерімен шектесіп Белағаш ауылдық округінің шекарасын дейін созылып жатыр. Бүгінгі таңда бұл жерде «Дана» шаруа қожалығы орналасқан. Қарасу өзенінің бойында ескі қорымдар көп кездеседі.

Диірмен (Термен) – жердің атауы ұн тартатын диірменге байланысты қойылған. Бұл жер Шешенқара ауылынан солтүстік шығысқа қарай 13 шақырым жерде орналасқан. Кенес үкіметі кезінде бұл жерде қара мал фермасы сонымен қатар үлкен ұн тартатын диірмен болған.

Арамов рестораны (Арамовский ресторан) – Шешенқара мен Белағаш ауылдарының арасында Белағаш трассасының сол жағында кіші терек орман орналасқан. Ағаштар арасында үстелдер мен орындықтар бар. Бұл екі ауыл тұрғындарының сүйікті демалыс орны. Буденый атындағы

совхоздың құрылыс цехының бастығы Арамаис Сарсикович Акопьянның арқасында жол жанындағы терек қатарында демалу үшін табиғат аясында осы демалыс бұрышы пайда болды және осы кісінің атымен Арамов рестораны деген атауға ие болды.

Үштау ауылы – Шешенқара ауылдық округінің құрамына кіреді. Бұрынғы Горняк кеңшары 80-ші жылдардың басында Қарағанды қаласындағы шахталардың бірінің қосалқы шаруашылығы ретінде құрылған. Шаруашылық шахтерлерді ет, балық, аң терісі, сүт өнімдері, көкөніс және бал өнімдерімен қамтамасыз етіп отырды. Шаруашылық қызметкерлеріне арналған үйлер барлық ыңғайлылықпен жасалған, совхоз сол кезде облыстағы үлгілі совхоздардың бірі болды.

Шешенқара – елді мекен, тау аты. Екі түрлі компоненттен құралған күрделі атау. Шешен сөзінің негізі «тілді» дегені. «Қара сөзінің бұл жердегі мағынасы – тау, биік деген ұғымға сәйкес. Сарыарқада «қара» сөзімен құрылған атаулар жиі кездеседі. Мысалы, Үшқара, Таңқара, Найзақара, т.б. Қазақ аңыздарында.

Шешенқара атауы ХҮІІ – ХҮІІІ ғғ. м қазақ – қалмақ жаугершілігі тұсында пайда болған. Тарихи деректер бойынша қалмақтың хошутын бір мезгілдері Цэцэн хан басқарған (Батор қонтайшы). Аңыз бойынша Цэцэн қалмақ қызының аты. Қазақ тілінде шешен – тілі өткір, қара – биік тау түсінігіне сәйкес.

Халық аңызы Шашанқара мен Ботақара төбелерін бір мазмұнға тоғыстырады. Таудың Бота атануы ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген Нарбота батырдың атына байланысты делінеді. Аңыз бойынша бір күн жау, бір күн дос болып тұрған жаугершілік заман екен. Осы екі шоқының арасында қазақ пен қалмақтың соғысы болады. Қазақ жауынгерлерін Нарбота батыр, Қалмақ әскерлерін Шешен қыз басқарған – мыс. Осыған байланысты қазақ жауынгерлері бекінген жер – Ботақара, ал қалмақ жағы тұрған жер Шешенқара аталған. Бір айтушы Еңсегей бойлы ер Есімханның заманы болған оқиға десе, ендігі бір айтушылар Салқам Жәңгір тұсында болған оқиға дседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Алпысбес М.А., Аршабеков Т.Т. Бұқар жырау ауданының тарихы. – Қарағанды, 2012. – 524б.

2. Поездка Поспелова и Бурнашева в Ташкент в 1800 г. // Вестник РГО, ч.1. кн.1, 1851.
3. Халид Құрбанғали. Тауарих хамса (бес тарих). Алматы. 1992. 87 б.
4. Броневский С. О киргиз-кайсаках Средней Орды / Отечественные записки. СПб., 1830.
5. Көпеев М. Екі томдық. 2 – Т. – Алматы, Ғылым, 1992.
6. Аршабеков ТТ, Әлімбаев Ә.Ә.. Қарағанды қаласының тарихы; монографиялық зерттеу, Қарағанды: 2009. – 150 б.
7. Аршабеков ТТ, Жұмабеков Ж.А., Жетпісов С.О. Бұқар жырау ауданының топонимикасы. – Қарағанды, 2014.

БЕКЖАН ӘБДУӘЛИҰЛЫ,

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
профессоры, филология ғылымдарының докторы*

ҚОЛДАНБАЛЫ ТОПОНИМИКАНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК СИПАТТАМАСЫ

Алып кеңістікте бағыт-бағдар беру, нысанның сипатын, субъектіге қатысын білдіру, оны нақты атаумен атау топонимдердің тілдік қатынастағы қызметі мен қолданбалық ерекшелігін айқындайды. Тіл білімі, соның ішінде қазақ топонимикасын қолданбалы бағытта дамыту дегеніміз атау беру принциптерін жаңа заман талаптарына сай жетілдірудің жолдарын қарастыру, табу, жүзеге асыру болып табылады. Сондықтан, ол ғылыми-теориялық зерттеулерден бір де кем түспейтін амал. Бұл әсіресе қазіргі заманда аса маңызды мәселе ретінде күн тәртібіне шығып отыр. Негізгі мәселеге келмес бұрын жалпы «қолданбалық» туралы түсінікке тоқтала кетелік. Тіл білімінің зерттеу бағыттарын үлкен өлшем деңгейінен алғанда теориялық және қолданбалық деп екіге бөліп қарастыру бүгінгі ғылымда бар. Ғ.Қалиев өз еңбегінде бұл туралы «Қолданбалы тіл білімі орыс. прикладное языкознание – тілге байланысты практикалық мәселелерді шешу әдістерімен шұғылданатын тіл біліміндегі бағыт», – деп көрсеткен [1, 231 б.]. Бұл бағыттың зерттеу нысаны туралы А.Жұбанов «Қолданбалы лингвистиканың дәстүрлі бағыттарының бірі – мемлекеттік тіл саясатына қатынасу» деп атап көрсетеді. Оларды бес түрлі топқа бөледі де, бесіншісі етіп «қала, көше, алаңдарға ат қою мен бұрыннан келе жатқан атын өзгерту, яғни ономастика мәселесін» қосады. Қолданбалы бағытта зерттелетін бұдан өзге де қазақ ономастикасында көптеген мәселелер бар және ол енді ары қарай зерттеушілердің еншісіндегі ісі екенін айтады [2, 7 б.]. Қазіргі кезде айтылып жүрген отандық және шетелдік ғалымдардың қолданбалы топонимика туралы пікірлерін салыстыра қарағанда келесідей жалпы тұжырымға тоқтайды: «Қолданбалы топонимика шет тіліндегі атауларды транскрипция және транслитерациялаумен, дәстүрлі атауларды (айтылуы мен жазылуы бойынша) орнықтырумен, аударылатын және

аударылмайтын есімдерді, «жат» есімдердің берілу нұсқаулығын дайындаумен, шет тілдік есімдерден жаңа есімдерді жасаумен, атау беру мен қайта атау мәселелерімен айналысады» [3].

Топонимдердің пайда болуы өмірлік қажеттілікпен тікелей байланысты туындаған, демек қолданбалылық ерекшелігі алыс ғасырлардан бастау алады, алайда ғылыми бағыт ретінде дами бастағанына жарты ғасырдан енді ғана асып бара жатыр. Кеңестік жүйе тұсында бастау алған бұл бағыт бүгінге дейін өзінің өзектілігін жоймай, керісінше уақыт өткен сайын тереңдеп, ауқымы кеңейіп келеді. Оның алғашқы шығуына топонимиканың түрлі салалармен байланысы және зерттеулер тереңдеген сайын ұғымдардың айқындалып, жаңа қырларынан таныла бастауы негіз болды. «Қолданбалы топонимика» ұғымы және оны ғылымның жаңа бағыты ретінде дамыту туралы алғаш рет КСРО Географиялық қоғамы Топонимика және географиялық атауларды транскрипциялау жөніндегі комиссиясының бастамасымен 1965 жылы 28 қаңтар – 2 ақпан аралығында Ленинградта (қазіргі Санкт-Петербургте) өткен бүкілодақтық конференцияда айтылды.

Г.В. Вахрушевтың «Башқұртстанның жер қойнауын зерттеудегі топонимиканың маңызы» тақырыбындағы баяндамасына байланысты А.В. Попов: «... топонимикалық зерттеулер барысында пайда болған кейбір жаңа ойлар, яғни геологиялық барлау жұмыстарының қажеттіліктері үшін географиялық атауларды практикада қолдану мен зерттеудің маңызын атап өтуіміз керек... Алдын ала геологиялық іздестірулер үшін топонимикалық мәліметтерді тәжірибеде қолдану аса маңызды. Бұл бағыттағы жүйелі зерттеулер құнды нәтижелер бере алады», – деп жазды. Осыдан соң «ғылыми-зерттеу жетістіктері тәжірибеде қолданысқа берілгеннен кейін ғана қоғамды дамытудың қозғаушы күшіне айналады», – деген пікірлер айтыла бастады [4, 123-131 б.].

Бұл орайда «ғылыми жетістіктер» ұғымына түсінік бере кетуге болады, яғни топонимика тәжірибесінен алғанда атау мен нысан арасындағы байланысқа мән беру туралы сөз болып отыр. Нысанның не себепті олай аталғаны, осы атау арқылы беріліп тұрған ақпараттардың түпкі мәні нені көздейтіні т.б. секілді өндіріске қатысты көптеген сұрақтардың жауабы ғылыми-зерттеудің жетістіктері екені рас. Осы нәтижелер арқылы топонимика география, геология, экономика, туризм, тарих т.б. салалармен қолданбалы байланысқа түседі. Кез келген атау жайдан-жай пайда бола

салмайды, соның ішінде тарихи атаулардың көпшілігі өзі атап тұрған нысанды сипаттау мәнінде шығып, кейіннен жалқы есімге айналған. Тіліміздегі Жезқазған, Теміртау, Ақтас, Қызылжар т.б. секілді топонимдер осы жерде жездің, темірдің, әктің шығатынын және топырағының түсін білдіріп тұр. Топонимдер қолданысының өз мақсатына сай жұмсалмауынан бүгінгі дейін көптеген топонимдік ақпараттар көмескі тартқаны белгілі. Мысалы, «Қ.И.Сәтбаев «Жыланды» атауын сол жерде түсті металдар бар өңір болу керек деп топшылап, топонимиялық әдісті қолдана білген. Шындап қарағанда жыландар түсті металл рудасы бар жерлерде шоғырланып, сол жердегі жылулықты сағалайды екен» [5, 52 б.]. Қазіргі ұғымдағы мағынасынан жыландардың көп жүретін, өмір сүретін мекені не бұрын көп болған жері дегенді ғана түсінеміз, өзге ақпараттар ұмытылған. Келтірілген мысалдан мағына аясындағы этнотанымдық айғақтар туралы ақпараттарды көреміз.

Топонимдердің байланысы тек геология мен топонимиканың арасында ғана емес, өзге де салаларға қатысты. Орыс ғалымы А.К. Матвеев өз зерттеулерінде лингвистердің, тарихшылардың, географтардың пікірлерін жинақтай келіп, топонимика тақыр жерден пайда бола салмағанын, осы үшеуінің тоғысындағы ерекше ғылым екенін айтады [6, 5 б.]. Топонимдер қолданысы жағынан алғанда таза лингвистикалық деуге келмейтін, пәнаралық ғылым екені шындық. Жер-судың атауы ретіндегі қызметі лингвистикамен, ішкі мазмұн-мағынасы геологиямен, картадағы сөздік ақпараттарды қамтамасыз етуі топографиямен, бағыт-бағдарды білдіру қызметі географиямен, жеке адресстерді атау, білдіру қызметі туризммен т.б. тікелей байланыстырады. Осы байланыстардың әрқайсысы адам өмірінің маңызды бөлігі екені рас, сондықтан қолданбалылық әу бастан топоним табиғатына тән ерекшелік.

Жерді мал шаруашылығының ыңғайына қарай пайдаланған бабаларымыз атау беруге де осы көзқарас тұрғысынан қараған. Жер бедерінің түрлері, онда өсетін өсімдік түрлері, жабайы жануарлар, жәндіктер, топырақ түрлері т.б. барлығы топонимдердің құрамынан көрініс тауып отырған. Осы атаулардың әрқайсысын қолданбалы зерттеулерде басшылыққа алуға болады, алайда олар арқылы берілетін ақпараттарды уақыт топырағынан аршып, лингвистикалық табиғаты анықталуы тиіс. Осыдан кейін ғана бұлар географиялық, геологиялық, тарихи т.б. зерттеулер құрамынан өзінің маңызды орнына ие болады.

Қолданбалы топонимиканың табиғаты мен ол туралы ғылыми пікірлерді тұжырымдай келгенде негізінен ол өз аясына тілдік және тілге қатысты мәселелерді топтастыратынын көреміз. Осы екеуінің негізінде қолданбалы топонимиканың негізгі бағыттарын анықтауға болады. Біріншісі – **лингвистикалық бағыт**: шетел тілдерінен аудару, транскрипциялау мен транслитерациялау, жазылу нормасын айқындау т.б.; екінші бағыт – **құқықтық реттеу**: топонимикалық комиссия жұмысы, атау беру мен қайта атау т.б.; үшінші бағыт – **әдістемелік жұмыстар**: топонимдік қорды жинақтау мен тәжірибеде пайдалану жолдарын анықтау.

1. Қолданбалы топонимиканың лингвистикалық аспектісі

Қолданбалы топонимиканың лингвистикалық аспектісін өз ішінде екі бағытта қарастыруға болады. Біріншісі – тіларалық қолданысқа бейімдеу ережелері; екіншісі – жазу нормаларын дайындау, бекіту, жүзеге асыру. Топонимдерді жазудың ережелері «Қазақ тіліндегі географиялық атауларды орысша және орыс тіліндегіні қазақша жазу бойынша нұсқаулықта» қамтылған, сонымен қатар қазақ тілінің орфографиялық ережелерін басшылыққа алып жүрміз, ал шетел тілдеріндегі атауларды қазақ тілінде немесе қазақ тіліндегі атауларды шетел тілдерінде жазғанда халықаралық ережелерге сүйенеміз. Шетел тіліндегі атауларды қазақ тілінде, қазақ тіліндегі атауларды шетел телдерінде қолдану шарттары *калькалау, транскрипция, транслитерация, транспозиция* тәсілдері арқылы жүзеге асырылады. Өйткені топонимдер тек қазақ тілінде ғана емес, халықаралық қатынастарда да қолданысқа түседі. Географиялық карталарда, құжаттарда, аудармаларда т.б. атауларды жазудың бірізділігі мен түпнұсқасынан алыстап кетпеуі және құқықтық негіздері сақталып отыру үшін бұл ас маңызды жүйе болып табылады. Жалпы түсінік үшін бұлардың әрайсысына тоқтала кетейік.

Енді топонимдерді тіларалық қолданысқа қалайықтау тәсілдерінің (*калькалау, транскрипция, транслитерация, транспозиция*) әрқайсысымен жеке танысамыз. **Топонимдерді калькалау жолымен қолданысқа беру.** Жалқы есімдердің басқа тілдерге аударылмайтындығы турала ереже болғанмен, өмір тәжірибесінде оның калькалау жолымен аударылатынына куә болдық. Шетел тілдерінен аудару жалпы топонимикада белгілі құбылыс. Қазақ топонимикасында шет тілдік атауларды пайдалану Дүниежүзілік карталардағы атауларды аудару және кеңестік иео-

логияны насихаттау мақсатында қазақшалау арқылы жүзеге асты. Қазақстаннан алыс жерлердегі, сипаттау мағынасында жұмсалатын, географиялық атаулардың біршамасы өзге тілдерден аударылып қазақша беріледі. Мысалы: Тынық мұхит, Солтүстік мұзды мұхит, Үнді мұхит, Жерорта теңізі, Сары теңіз, Қызыл теңіз, Шығыс Сібір теңізі, Жапон теңізі, Парсы шығанағы т.б. Қазақ топонимикасындағы аударма атаулар тарихи, саяси жайттардың негізінде қалыптасты. Қазақшадан орысшаға аудару: Жетісу – Семиречье, Ақсу – Беловоде, Шортанды – Щучиск, Бурабай – Боровое, Тастақ – Каменка т.б. Ұ.Ержанова жергілікті жер-су атауларын Ақжайық өңіріне жаңадан қоныстанушылардың өз тілдеріне ыңғайлауы мен калькалауынан жасалған есімдер қатарына Казталовка (Тал екпе), Крутая (Үңгір), Красногор (Қызылжар), Чинарево (Шынарлы) т.б. жатқызады [7, 46 б.]. Орыс тілінен қазақ тіліне аударылған Победа – Жеңіс, Мира – Бейбітшілік, Певомайка – Бірінші май, Красная знамя – Қызыл ту, Заря – Шұғыла т.б. елдімекен атаулары да тікелей аударып алынған, сол тұстағы саяси идеологияның жемісі. Тәуелсіздік алғаннан кейін отарлау саясатының негізінде қалыптасқан атаулар өзгертіліп, тарихи атаулар қайтадан қалпына келтірілген тұста аудару мәселесі де біршама саябырлап қалды. Алайда қала ономастикасында көптеген қызмет көрсету орындары атауларының қазақша-орысша қатар жазылуы байқалады. Бұл еліміздегі тілдік саясаттың талаптарына бейімдеу бойынша қалыптасып отырған жағдай. Сондықтан топонимдерді аудару мемлекеттік және тілдік саясаттың бір тарауы екені мойындауға тура келеді, ендеше атаулардың аударылмайтыны туралы ережеге де өзгеріс әкелген осындай жағдайлар.

Халықаралық кеңістікте топонимдерді дұрыс қолдану үшін қойылатын негізгі талаптарының бірі – *стандарттау*, яғни барлық атаулардың бірізді жазылу нұсқаларын анықтап, бекіту. Топонимия әр елдің әлемдік кеңістіктегі орнын айқындаушы құрал және онда тұратын халықтың тілі мәдениетінен ақпараттар береді. Сондықтан дүниежүзілік қауымдастыққа ықпалдасу мен атаулар жүйесін стандарттау кез келген ел үшін маңызды қажеттілік болып табылады. Атауларды стандарттау дегеніміз – олардың мемлекеттік тілде және басқа да халықаралық (орыс, ағылшын) тілдерде жазылу нормаларын белгілеу. Норма – мамандар қолымен жасалатын ереже, алайда жауапкершілігі үлкен.

Стандарттау мәселесінде осыған байланысты төмендегідей талаптар ескерілу тиіс: *біріншіден*, Қазақстан топонимдерінің жазылу шарттарын анықтап, емле ережесін бекітіп алу; *екіншіден*, топонимдердің біртұтас қорын жинақтап, емле ережесіне сәйкес жазылуы қамтамасыз етілген сөздіктерін дайындау. Қазақстан Республикасында тек қазақ тіліндегі ғана емес, орыс тілінен енген атаулар да көп, сонымен қатар соңғы жылдарда қызмет көрсету саласының дамуымен бірге басқа да шетел тілдерінен келген атаулар саны күрт өсуде. Осындай жағдайда бұл атауларды қалай қазақшалауға болады, болмаған жағдайда жазу стандарттарына қалай сәйкестендіреміз? дейтін сұрақтардың туындайтыны заңды.

Транскрипция – *айтылған сөздің дыбысталу (фонема, аллофон, дыбыс) ерекшелігі бойынша бір тілден екінші тілге аударып отырған тілдің жазу таңбаларымен (фонетикалық әліпбиімен) берілуі*. Лингвистиканың теориясы мен практикасында транскрипция түрліше қолданылады. Транскрипция атауларды жаңа тілге фонетикалық бейімдеу принципіне құрылады. Тілдің дыбыстық жүйесі – бірінші, ал жазу – екінші болғандықтан, атауларды тіларалық қолданыста шығу тегіне дыбыстық жағынан жақындата қабылдау қисынды екені рас. Басқа сөзбен айтқанда, атаудың дыбысталуын қабылдаушы тілдің құралдарымен барынша түпнұсқаға жақындата таңбалау міндеті қойылады. Мұндай жағдайда, транскрипция жүйесі қол жеткізуі тиіс мақсат, шетелдік атауларды қабылдаушы тілдің дыбыстарымен түпнұсқаға жақындата таңбалау ғана емес, түпнұсқа тіл фонемалары мен қабылдаушы тілдің графикалық сәйкестігі принципін сақтау болуы тиіс.

Транслитерация – таңбалар сәйкестігіне баса назар аударады. Тіларалық қатынастарда көп жағдайда атаулармен айтылуы бойынша емес, мәтіндердегі жазылуы арқылы танысады. Бір тілден келесісіне мәтіндегі графикалық формасы ешқандай өзгеріссіз қарапайым түрде ауысуы мүмкін. Мұндай ауысулар ортақ графикалық жазуды пайланатын елдердің тәжірибесінде жиі кездеседі. Ондай тәжірибені көбіне латын графикасын пайдаланатын елдерде басшылыққа алады. Атаудың жазу арқылы көрінетін сыртқы кескіні сонымен қатар құқықтық сәйкестендіру қызметен де атқарады. Батыс Еуропа тілдерінде жалқы есімдер екінші тілге ауысқанда, ереже бойынша орфографиясын өзгертпейді: оқырмандарға осы әдістің арқасында кез келген жазба мәтіндерді оқу жеңілдік тудырады [8, 15-

19 б.]. Бірдей әліпби қолданатын тілдер арасындағы жалқы есімдердің графикалық өзгеріссіз тура берілуін кейде **трансплантация** деп те атайды. Тура берілудің бір кемшілігі аударма тілде сөйлеушілер шет тіліндегі атаудың дұрыс айтылуын ажырата алмауы мүмкін. Сондай-ақ, өзгеріссіз берілген кезде шет тілдік атауларды қабылдаушы тілде сөйлеушілер өз заңдылықтарына қарай бұрады да, ол айтылуда түпнұсқадағыдан өзгереді. Бұл екі тілдегі екпіннің, интонацияның әртүрлілігіне де байланысты болуы мүмкін.

Қазіргі кезде халықаралық байланыстың тереңдей дамуымен бірге атаулардың тіларалық қатынастарда берілу қағидалары да жетіліп келеді. Мысалы, *anthropomum* (антропоним – кісі есімдері), *theonum* (теоним – Құдай есімдері) латынша және кирилше таңбалануындағы әріптерімен саны бірдей емес, *антропоним*, *тхеоним* болуы керек еді, алайда қазір антропоним, теоним түрінде оқылады немесе орыс тілінде осылай оқу норма ретінде қабылданған. Орыс нұсқасы бойынша қазақ тілінде де осылай айтып, жазамыз.

Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңында **транслитерация** – бір графикалық жүйедегі мәтіндер мен жекелеген сөздерді басқа графикалық жүйенің құралдарымен әріппе-әріп арқылы беру», – деп негізгі ұғымдар қатарында беріледі [9, 59 б.]. Осындағы «әріппе-әріп» деген сөзді «сәйкес таңбалармен берілуі» деп түсінген дұрыс екенін қосымша айта кетуіміз керек, өйткені барлық тілдердегі әріптер бір-біріне сәйкес келе бермеуі мүмкін. Қазақстан Республикасында қалыптасқан саяси мәселелерге байланысты транслитерация өзіндік маңызға ие. Елдің бүкіл аумағындағы атаулардың қазақша-орысша екі тілде жазылуы бұл жүйенің қаншалықты қажеттілігін көрсетеді. Әсіресе ремси мекемелер атауларына қойылып отырған құқықтық талап транслитерация жүйесін тереңірек зерттеп, қазіргі жағдайға лайық жетілдіруді талап етеді.

Атауларды бір тілден келесісіне бейімдеудің келесі тәсілі – **транспозиция**. Тіларалық қатынасқа бейімдеу жөнінде сөз болып отырғандықтан, осы тәсілге қысқаша ғана тоқталамыз, себебі қазақ тілінде көбіне кісі есімдеріне қатысты ғана қолданылады. Транспозиция – шығу тегі (этимологиясы) ортақ, түрлі тілдерде түрлі нұсқаларда қолданылып жүрген есімдерді келесі тілдерде бергенде эквивалентінің алынуы. Мысалы, орыстың Анна, Николай, Миха-

ил, Александр, Петрі украинның Ганна, Мікола, Міхайло, Олександр, Петро және т.б. есімдерімен сәйкес келеді. Бір қызығы орыстың Аннасы ағылшынға украин тілі арқылы ауысқандықтан, осыған байланысты "Ganna" нұсқасы пайда болған. Арғы тегі грек тілінен шыққан орыстың ортақ есімдері ағылшын тілі қолданысына берілгенде де транспозиция тәсілі қолданылады. Орысша Александрарының ағылшын тіліндегі аналогы – "Alexander" бар. Екеуі бір-бірімен этимологиялық шығу тегі бір, қазіргі кезде екі тілде де кеңінен қолданылады [10].

2. Қолданбалы топонимика және саяси, құқықтық реттеу мәселелері

Топонимдердің қолданысы мемлекеттік саясаттың бір тарауы. Қазақ топонимикасы ХХ ғасырда күрделі өзгерістерді басынан кешірді. Даму бағыты өзінің тарихи табиғи ырғағынан жаңылып, мүлде басқа жолға түсірілген болатын. Жасанды жолмен енгізілген ережелер кеңестік жүйе тарағанда өз күшін жойғанмен, сол бағытта атқарылған жұмыстардың салдары әлі күнге сақталып келеді. Елімізде жағдайға сәйкес оңтайлы тіл саясаты қолға алынды. Ұлттық құрамымыздың әртүрлілігіне байланысты ҚР Конституциясында және ҚР «Тіл туралы» Заңында мемлекеттік тілді мәртебесі айқындалды және 70 жылдай ұлтаралық тіл ретінде қолданылып келген орыс тілінің мәртебесі көрсетілді. ҚР «Тіл туралы» Заңында сонымен қатар елімізде тұрып жатқан өзге де ұлттар тілінің орны айқындалды. Тіл саясаты әр саладағы тілдік қолданыстың ерекшеліктерін ғана емес, ономасткалық атаулардың мәселесін шешу жолдарын да осы Заңда белгілеп берді. Соның нәтижесінде топонимдер қолданысының байырғы жүйесін қалпына келтіру жұмыстары қолға алынды. Атау беру мен қайта атау бойынша барлық аймақтарда тарихи атауларды қалпына келтіру жұмыстары басталып кетті. Коммунистік идеологияның ықпалын жою қауырт қолға алынды да, көптеген жұмыстар жүзеге асырылды. Атау өзгерту ауыл, шет аймақтарда да қарқын алып, бұрынғы тарихи атаулар қайтарылды. Тарихи атаулар екі түрлі: бірі – дәстүрлі атау, екіншісі – нысанды белгілі бір адамның атымен атау, яғни ол нысан сол тұлғаға тиесілі болуы мүмкін немесе белгілі бір оқиғаға байланысты берілген т.б. Атаудың үшінші бір түрі – сол жерде туып өскен, еңбегі сіңген, отан қорғаған т.б. тұлғалар есімі. Мысалы, Жамбыл

облысындағы Евгенийевка – Көлбастау, Нововознесенка – Көктөбе, Зыковка – Жүрімбай, Фурмановка – Мойынқұм т.б. Топонимиканы қолданбалы бағытта дамытудың келесі түрі ғылыми-практикалық жиындардың (дөңгелек үстел, семинар, конференция) шешімдерін негізге ала отырып жүргізілді. Қазақ ономасткасын дамыту бойынша көптеген құжаттар дайындалды.

Қазақстан кеңестік жүйе тұсында ұлттар лабораториясына айналған ел еді, оның әр аймағында тұратын диаспоралардың орналасу жиілігі әртүрлі. Соғыстан кейін әкелінген тұтқындар, жер аударылғандар, Тың көтеру жылдарында келген жұмысшылар жиналғанда бөтен ұлт өкілдерінің саны өте тез өсті, тіпті еліміздің шығысы мен солтүстігінде, орталығында мемлекет құрушы ұлттың саны жиырма бес-отыз пайыз шамасына дейін төмендеді. Бұл өз кезегінде осы аймақтардағы атауларды өзгерту жұмыстарының қарқынды жүруіне елеулі ықпал етті. Сондықтан, Кеңес билігі тұсындағы идеологиялық атаулардың көпшілігі әлі де болса сақталып келеді. Тілдік саясаттың баршаға тиімділігінің арқасында ел ішінде атқарылған жұмыстардың барлығы қайшылық тудырмай, өзара келісім негізінде жүзеге асты.

3. Қолданбалы топонимиканың үшінші бағыты – әдістемелік жұмыстар. Әр облыс орталығындағы әкімшілік жанында Тіл басқармалары ашылып, облыс бойынша тілдің даму барысын реттеумен айналысып келеді. Олардың атқарып келе жатқан жұмыстарының маңызды тұсы осы әкімшілік аумақтағы барша атауларды жинақтап, өзгерістер туралы ақпараттар жариялап тұрды. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің мамандары жинақталған атаулардың сөздіктерін дайындады. Бұл сөздіктерде Облыс аумағындағы және қалаішілік нысан атаулары қамтылды. Түрі мен құрылымы жағынан алғанда әртүрлі. Енді осылардың кейбіріне тоқталып көрелік.

№1 «Жамбыл облысы топонимикалық атауларының анықтамалығында» елдімекен атауларының өзгерістері кесте түрінде берілді. Елдімекеннің немесе көшенің қазіргі атауы, бұрынғы атауы және орыс тіліндегі транслитерациясы.

Р/с	Ауылдық (ауыл, округ) округтердің атауы Наименования аульных округов (аулов (аул), кент)	Ауылдық округтердің бұрынғы атауы Прежние наименования округа	Округ атауларының (орталығының) орыс тіліндегі атауы Наименования округов (центров) на русском языке	Округ орталығының атауы Наименование центра округа
1.	Ақарал ауылдық округі	Сармолаев а/о құрамынан бөлініп шыққан	Акаралский аульный округ – аул Акарал	Ақарал ауылы
2.	Ақемрен ауылдық округі	Кеңес а/о құрамынан бөлініп шыққан	Акерменский аульный округ – аул Акермен	Ақемрен ауылы
3.	Ақтоған ауылдық округі			

№2 «Жеріңнің аты – еліңнің хаты (энциклопедиялық анықтамалық)» құрылымы мен мазмұны жағынан «әр облыс бойынша М 1:500 мыңдық топографиялық карталарда көрсетілген 50 мыңдай атаулар қамтылып, әліпби тәртібімен жүйеленіп берілген. Анықтамалықта әр топонимнің атауы нысанның түрі, ресми қайта аталған елді мекендердің бұрынғы атауы, әкімшілік-аумақтық орналасуы, нысанға қосылуы, негізгі сипаттамасы, қысқаша этимологиясы берілген» [11]. Ішкі құрылымы төмендегідей: «Ақмола облысы. АҒАШТЫ – өзен. Бастауы Ерейментау тауының оңт. Бөлігінде, Сілетітеңіз көліне құяды. Ерейментау ауд.-да. «жағасында ағашы көп, мол» деген мағына береді» [11, 7 б.]. Қазақ тілінде ғана берілген.

№3 «Жер-су атауларының анықтамалығында» біршама ізденістерге барып, әкімшілік-аумақтық бірлік атауларын мәртебе-леріне қарай «Қазақстан Республикасы облыстарының атаулары», «Облыстық бағыныстағы қалалардың атаулары», «Қазақстан Республикасы аудандарының атаулары», «Ауданға бағынысты қалалардың атаулары», «Қазақстан Республикасындағы кенттер атаулары», «Қазақстан Республикасы елді мекен атаулары» түрінде бірнеше топқа жіктеп, олар-

ды қазақша, орысша, латын және ағылшын әліпбилерімен төрт түрлі үлгісін көрсетеді.

**ОБЛЫСТЫҚ БАҒЫНЫСТАҒЫ ҚАЛАЛАРДЫҢ АТАУЛАРЫ
НАЗВАНИЯ ГОРОДОВ ОБЛАСТНОГО ПОДЧИНЕНИЯ
NAMES OF CITIES OF REGIONAL SUBMISSION**

Қалалардың атаулары				Облысы
Наименования городов				
Қазақша жазылуы	Орыс тілінде	Латын әліпбиімен	Ағылшын әліпбиімен	
1	2	3	4	5
Ақсу	Аксу	Aksu	Aqhsu	Павлодар
Ақтау	Актау	Aktau	Aqhtau	Маңғыстау
Ақтөбе	Актөбе	Aktobe	Aqhtobe	Ақтөбе
Арқалық	Аркалык	Arkalik	Arqhalıyq	Қостанай

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУДАНДАРЫНЫҢ АТАУЛАРЫ
НАЗВАНИЯ РАЙОНОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Аудан аты Наименование район		Аудан орталығының аты Наименование районного центра	Облыс
Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Қазақша және орысша жазылуы	Қазақ және орыс тілдерінде
1	2	3	4
Абай	Абайский	Абай қ. г. Абай	Қарағанды Карагандинская
Абай	Абайский	Қараауыл а. с. Қараауыл	Шығыс Қазақстан Восточно-Казахстанская
Айыртау	Айыртау-ский	Саумалкөл а. А. Саумалколь	Солтүстік Қазақстан Северо-Казахстанская

Ақжайық	Акжайыкский	Чапаев с. Чапаев	Батыс Қазақстан Западно-Казахстанская
---------	-------------	------------------	--

Келесі бөлімде «Қазақстан Республикасы елді мекен атаулары» қазақ, орыс тілдерінде беріледі: «АБАЙ – а. Ақмола обл., Егіндікөл ауд.

АБАЙ – а., в Егиндикольском р-не Акм. обл.» [12].

№4 «Қазақстан Республикасы әкімшілік-аумақтық бірліктер атауларының» құрылымы бойынша №3 анықтамалыққа ұқсас тұстары бар. Біршама терминдер қамтылған. «Еңбекте республикамыздың әкімшілік-аумақтық бірліктеріндегі 19 мыңға жуық атауларды (елді мекен атаулары мен басқа да нысандарды) қамтып, олардың мемлекеттік қазақ тілі мен орыс тіліндегі дұрыс жазылу нұсқаларын ұсынып отырмыз» [13]. Бұл сөздіктің басты ерекшелігі де сонда – дұрыс жазылуына мән берілген.

Соңғы жылдары әр облыс, қала, аудан топонимдерінің сөздіктері көптеп шығарылып жүр, алайда олардың жазылу нормасына сәйкестігі арнайы комиссия тарапынан бекітілгені белгісіз. Ұлттық атауларымыз көп жылдар бойы орыс тілінің заңдарына бейімдей жазудан өзінің ұлттық келбетінен алшақтап қалған болатын. Тоқсаныншы жылдардың алғашқы ширегінен бергі уақытта бұл мәселе күн тәртібіне қойылып, дұрыс шешімін іздеу бағытында көптеген жұмыстар атқарылып келеді. Қазір олардың негізгі бөлігі өзінің дұрыс шешімін тапты. Қорыта келгенде қазақ топонимикасының қолданбалы бағыттарына атау беру принциптері, дұрыс жазу мен дұрыс рәсімдеудің ережелері т.б. тән екеніне көз жеткіземіз.

Қазіргі кезде ономастика жайлы айтылатын кейбір тұжырымды ойлардан қолданбалықтың ілгерідегі ғалымдардың айтқандарынан өзге де бағыттары барын байқаймыз: «Ономастика, топонимика – біле білсек, идеология, тәрбие құралы, қазақ елінің тарихын, халықтың болмысын, рухын білдіретін тіл білімінің саласы», – секілді [14, 6 б.] пікірлер, туған жер атаулары бала күннен сіңісіп кететін сәби санадағы орнымен, қасиетті мекен туралы тәтті елес, түрлі ақпараттар беру қабілетімен қымбат дейтін ойларға жетелейді. Демек, топонимика мектептің, кәсіптік білім мекемелерінің, ЖОО-лардың білім мазмұнынан орын алуы тиіс. Топонимкалық аңыздар, жер-су атаулары туралы зерттеулердің тұжырымдары, қызықты этимология т.б. құнды материалдар бала

тәрбиесінде тиімді пайдаға асса, қолданысқа беру мен қолданбалы зерттеулердің өз мақсатына жеткені. Топонимикалық аңыздардың әдістемесін жүйелей отырып, жас буын өкілдерін патриоттық рухта тәрбиелеу ісіне пайдалануға болады. Бұл екінші жағынан атаулардың кумулятивтік қызметі арқыл ұлттық педагогиканы дамытудың бір тәсілі. Тілдік педагогиканың бір тарауы болып табылатын топонимикалық аңыздар болашақта білім бағдарламасынан орын алса, «рухани жаңғырудың» мазмұнын толықтыра түсетіні анық.

Бірнеше саланың түйіскен жерінде пайда болған кез келген ғылым өзінің дербестігін сақтай отырып, ішкі заңдары бойынша дамығанмен, мұнда сонымен қатар міндетті түрде қолданбалылық бағыт қатар жүреді. География, тарих және лингвистикаға төл нысан болып табылатын топонимиканың пәнаралық табиғатына да осы құбылыс жат емес. Қорыта келгенде қолданбалылықты қарапайым түсінік тұрғысынан алғанда, атаулардың қолданысын реттеп отыру немесе ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесін өндіріске ұсыну деп түсінуге болады. Топонимика – тіл, тарих, мәдениет, ұлттық педагогика, экономика, география, халықаралық қатынастар, мемлекеттік саясат т.б. салалар тоғысындағы ғылым. Қолданбалық бағытының негізгі мақсаты жаңа атауларды жасау, дайын атаулардың қызмет етуін дұрыс жолға қою және ұлттық табиғатына тән ерекшеліктерді сақтау, дұрыс жазылуын қамтамасыз ету, өмірдің түрлі салаларына енгізудің тетіктерін қарастыру.

Тәуелсіздік алған жылдар ішінде топонимикалық зерттеулер алға қарыштап қадам басты, бұл көп жайттарды аңғартады. Соның ішінде тәуелсіздік ұғымы мен қолданбалы топонимиканың арасындағы сабақтастық ерекше назар аударады. Осы жылдар ішінде топонимдер өзінің өткен тарихымен жалғасуына, жаңа заманға сай жаңғыруына кеңінен мүмкіндік алды. Сондықтан, қолданбалы топонимиканы әр қырынан сипаттау, түсіндіру, оған қатысты ұғымдарды айқындау мен әдістемелік негіздерін қалыптастыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қалиев Ғ. Қазақ тіл білімінің антологиясы. – Павлодар: «С.Торйғыров атындағы ПМУ», 201. – 548 бет.

2. Жұбанов А. Қолданбалы лигвистика: қазақ тілінің статистикасы. – Алматы: «КИЕ», 2013. – 209 бет.
3. Шеховцова Е.А., Прикладная ономастика в туристической сфере // Вісник ДІТБ. Серія: Економіка, організація і управління підприємствами (в туристичній сфері). – 2007. - №11. - С.160-164. <https://ru.wikipedia.org/wiki/Топонимика>; <http://tapemark.narod.ru/les/346a.html> 09.03.2020
4. Ханмагомедов Х.Л. Географические направления прикладной топонимики // Вестник Удмуртского университета. Биология. Науки о земле. 2011. вып. 3.
5. Сапаров Қ. Павлодар облысының топонимиялық кеңістігі (қазақтардың кеңістікті игеру тәжірибесінің жер-су атауларындағы көрінісі). – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007. – 308 б.
6. Матвеев А. К., Тезисы о топономастике // Вопросы ономастики 1974. № 7
7. Ержанова Ұ. Ақжайық өңірінің топонимиясы: (тарихи этнолингвистикалық зерттеу). – Алматы: «Арыс», 2001. – 174 бет.
8. Ермолович Д.И. Имена собственные на стыке языков и культур. – Москва: «Р.Валент», 2001. – 200 с.
9. Мемлекеттік тіл саясаты (нормативтік-құқықтық актілер жинағы). – Астана: «Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы» РМҚК, 2014. – 912 бет.
10. Вольф В. Р. Способы передачи иноязычных имен собственных <http://study-english.info/translation-proper-names.php> 16.03.2020
11. Жеріңнің аты – еліңнің хаты. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2006. – 808 бет.
12. Жер-су атауларының анықтамалығы. – Алматы: «Арыс», 2009. – 744 бет.
13. Қазақстан Республикасы. Әкімшілік-аумақтық бірліктер атаулары. Анықтамалық. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2017. – 604 бет.
14. Жамбыл облысының топонимикалық атауларының анықтамалығы. – Тараз: «Сенім», 2007. – 560 бет.

ҚУАТ САПАРОВ,

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
география ғылымдарының докторы, профессор*

АҚЖҮНІС АБДУЛЛИНА,

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің докторанты*


**МҰҒАЛЖАР ТАУЫ АУМАҒЫНЫҢ ТОПОНИМДЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ
ГЕОГРАФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Қазіргі уақытта ғылыми зерттеулер неғұрлым динамикалы және бірнеше білімдердің тоғысында дамуда. Солардың бірі ономастиканың бір саласы, географиялық атаулар туралы ғылым – топонимика. Ол ғылым саласы ретінде ұзақ уақыттан бері белсенді дамуда, дегенмен ғалымдардың арасында да, қарапайым адамдар арасында да оған деген қызығушылық әлі де азайған емес. Географиялық атауларды жан-жақты зерделейтін топонимика ғылымы өзінің алдына қойған мақсаттарының ерекшелігіне байланысты география, тіл және тарихпен тығыз байланысты. Топонимикалық зерттеулер өте күрделі, көбінесе география, тарих, лингвистика, ал кейде археологиялық салалардағы білімдерді қажет етеді.

Кең жазиралы өлкеде ғасырлар бойы қазақ халқы өзін қоршаған ортаны түсінудің қазақ тілінде жүйесін құрған. Бұл жүйеде бедер морфологиясының, гидрография, топырақ және өсімдік жамылғысы, жануарлар әлемінің, көбінесе тау жыныстардың құрылымы мен пайдалы қазбалар түрлерінің ерекшеліктері бейнеленген. Олар елдің тарихи-мәдени келбетін жасай отырып, уақыт пен кеңістік бойынша бағдар беруші қызмет атқарады. Қоршаған ортамен тығыз байланысы бар қазақтың географиялық атауларынан көптеген географиялық ақпарлар алуға болады.

Ақтөбе облысы аумағы, соның ішінде Мұғалжар таулы аймағының топонимиясын ежелден осы аймақты мекен еткен этностардың тарихы, мәдениеті, дәстүрінің ізі қалған ерекше жүйе ретінде қарастыруға

болады. Бұл мақалада Мұғалжар тауының кейбір топонимдердің этимологиясына географиялық тұрғыда талдау жасалады. Облыс аумағы Батыс Қазақстан облыстарының ішінде жер бедерінің күрделілігімен ерекшеленеді. Солардың бірі Мұғалжар аласа таулы аймағы. Мұғалжар тауы толықтай дерлік Ақтөбе облысының аумағында орналасқан және геосинклинальды даму циклы Орал тауы сияқты мезозойдың басында аяқталған қатпарлы облыс. Мұғалжар тауының қазіргі жер бедері ұзақ уақыт бойы теңіздік абразия, денудация, т.б. әртүрлі экзогендік процестердің ықпалымен қалыптасқан. Нәтижесінде аумақта қалдық жазықтар пайда болды. Мұғалжардың негізгі бөлігін ірі жер бедері формалары - төбе, шоқы, жазықтар алып жатыр. Мұндай ерекшеліктер аймақ топонимиясында көптеген орографиялық атаулардың қалыптасуына мүмкіндік берді. Аумақтағы белгілі бір географиялық атаулар тобын талдау барысында топонимдер тобының 50%-дан астамы қоршаған ортаның, жергілікті жердің және географиялық нысанның табиғи ерекшеліктерін сипаттайтын атаулар екендігі анықталды (сурет 1).




1 сурет. Мұғалжар тауы аймағының топонимдерінің номинациялану ерекшеліктері


Жалпы топонимикалық зерттеулерде топонимдер құрамындағы халықтық географиялық терминдер арқылы ландшафт, оның ерекшеліктері мен динамикасы туралы ақпараттар алуға болады. Яғни тер-

миндер жер бедері формалары мен сипаты, топырақ, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі сияқты табиғи компоненттердің қасиеттерін анықтауға, зерттеуге мүмкіндік береді. Сондықтан халықтық географиялық терминдерді индикатор-терминдер ретінде де қарастыруға болады.

Топонимдер құрамындағы терминдерді жер бедерінің оң, теріс формасының және тегіс жер бедерінің орографиялық индикаторлары деп үш топқа бөліп көрсетуге болады. Мұғалжар тауы аумағындағы географиялық атауларға талдау жасау барысында жер бедерінің оң формасын бейнелейтін *тау, шоқы, төбе, оба, жар* терминдері, теріс форманы сипаттайтын *сай* және литологиялық негізді анықтайтын *тас* терминдері жиі шоғырланғандығы анықталды және олардың топонимдер бойынша таралуы карта жүзінде көрсетілді (2, 3 сурет).



2 сурет. Мұғалжар тауы аумағының топонимдері құрамындағы орографиялық терминдер үлесі




3 сурет. Мұғалжар тауы аумағының топонимдері

Мұғалжар – Орал тауының оңтүстік жалғасы болып келеді, Ақтөбе облысының орталығында солтүстіктен оңтүстікке қарай созыла

орналастқан тау. Мұғалжар оронимінің этимологиясын түсіндіруде бұл таудың XVIII ғ. орыс деректерінде Мугулжар, Мугалжар, Магулжар, Мугалджар, Мангальдир или Магалдир Тау, Малгазир болып аталғандығын ескеру қажет.

«Үлкен Сызба кітабында» (1627) бұл тау *Урук* немесе *Урак* деп атап көрсетілген [1]. Орыс зерттеушілерінің еңбектерінде жер-су атауларының бұрмаланғандығын ескерсек, бұл атау *Айрық* дегенді білдіруі мүмкін. Айрық атауы бұл жерде суайырығы мағынасында қолданылған (4 сурет). Мұғалжар тауы географиялық орналасуы мен ерекшелігіне қарай Жем және Ырғыз өзендерінің суайырығы болып табылады. Аталған географиялық нысан қазіргі таңда Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогында, Қазақстанның физикалық картасында *Мұғалжар* болып енгізілді [2]. Қазір *Айрық* топонимі Мұғалжардың ең биік нүктесі Үлкен Боқтыбайдан кейінгі биік нүктелерінің бірінде сақталған.



4 сурет. Үлкен Сызба Кітабындағы мәліметтер белгіленген Қырғыз даласы мен Түркістан өлкесінің картасының фрагменті [3, 426.]

Мұғалжар атауының этимологиясы бойынша ғалымдар арасында әр түрлі пікірлер бар. А.Әбдрахманов бұл атауды Оңтүстік Оралды V-IX ғасырларда мекен еткен *мадьяр* (венгер) тайпаларының атымен байланыстырады. Әбдірахманов А. бұл пікірін дәлелдеу үшін тарихи деректер бойынша мәліметтер келтірген [4]. А.К. Матвеев атаудың құрамында «*монгол*», «*монгул*», «*могол*», «*могул*» этнонимінің сақталу мүмкіндігі жөнінде жорамал жасайды [5]. Ал, Е.Қойшыбаев X-XI ғғ. Орта Азия мен Кавказ маңында өмір сүрген *мұған* түрік тайпасының атымен байланыстырады [6], яғни «*мұған жары*» деген мағынаны нұсқайды. Ә.Нұрмағанбетов араб тілінде «*махаджар*» сөзі «тас жару», «тасты» деген, парсы тілінде «*мәһджәр*» - шарбақ, дуал; «*моһәджджәр*» - тасқа айналған, тас болып қатқан мағыналарымен байланыстырып, Мұғалжар тауы атауы «тасқа айналған» немесе «тасты дуал» деген дәлелдер келтірген [7]. Лингвистикалық тұрғыдан келгенде, атаудың бірінші сыңары «*мұқ/моқ>моқал-комалый (тұқыл, мұқыл)*» туынды түбірі «*мұқалған, мүжілген*», «*аласа*» мағыналарын береді. Ал екінші сыңары кәдімгі *жар* (жарқабақ) сөзі *тау* орографиялық терминін ауыстырып тұр, өйткені таудың шығыс беткейі көлбеу де, батыс беткейі тік (жарлы) болып келеді деп келтіре отырып Б.Н. Бияров: «*Мұғалжар* оронимі «*аласа, мұқыл, мұқыр жар (тау)*» деген ұғым тудырады. Атауға дәлел болып тұрған екі белгі бар: бірі – оның мүжілген, ескі тау екені, екіншісі – таудан гөрі жарға ұқсауы» деп түйіндейді [8]. Бұл белгілер Мұғалжар тауының физикалық-географиялық ерекшеліктерін анықтайды. Аталған пікірлерді талдау барысында және Мұғалжар тауының геологиялық дамуы бойынша экзогендік процестерге көп ұшйраған ескі тау екендігін ескере отырып, атаудың «*мұқалған жар*» мағынасына неғұрлым жақын келеді деп есептейміз. Мұғалжар таулары көршілес жазықтардан бар болғаны 150-200 м биіктікте ерекшеленеді. Бұл негізінен жұмсақ дөңгеленген контурлы төбелі жер, бірақ шыңдарында тасты шоқылары кең таралған аймақ.

Айрық – Мұғалжар тауының биіктігі - 634м. болатын биік нүктесі. *Айрық* атауы «айыр» сөзінен пайда болған. *Айыр* (түрк.) – таудағы жыра, саңылау, суайырық дегенді білдіреді. Негізгі мағынасы «*айрылу, бөліну*», «*тарамдалу*», «*айырық*». *Айриқ, арак* (монғ.) – ретсіз орналасқан және бір бағытта созылған жыралармен тілімделген ұсақ шоқылар, аласа тау немесе төбелер [9]. Мұндай атаудағы таулар Оңтүстік Алтай мен Іле Ала-

тауында да кездеседі. Мұғалжардың неғұрлым биік бөлігі осы Айрық нүктесінен басталады және ол батыс және шығыс тармаққа бөлінеді.

Алабас – Мұғалжар тауының биіктігі - 638 м болатын биік нүктесі, қазір бұл атаумен аталатын елді-мекен және сай атауы бар. Бұл атау жергілікті жердің сыртқы сипаттамаларына сәйкес аталған болуы керек. Себебі, бұл аумақтың тау жыныстарының басым бөлігін әктасты қосындылар құрайды. Ол туралы В.П. Семеновтың еңбегінде мынадай мәліметтер бар: «Қауылжыр маңында девон шөгінділері (әктастар) *Алабас* тауын құрайды (биіктігі іргелес жатқан даламен салыстырғанда 80 м дейін жетеді). Бұл тау арасында ұзынша қазаншұңқырлармен бөлінген сақина тәріздес биік төбелерден тұрады, ал оның шеттерінде әктастар астынан порфириттер жалаңаштанып, көрініп жатады» [10]. Оронимдер қатарында метафоралық терминдер қатарына да жатқызылатын *бас* термині тау, төбенің жоғарғы бөлігін, өзен бастауын және жоғарғы ағысын, жартас, құздардың жоғарғы бөлігін белгілеуде қолданылады. Ежелгі түркі тілінде *ваş* – «өзеннің жоғарғы ағысы, басталған орны» деген мағына білдірсе, татар тілінде *баш (бас)* термині «бастау орны, өзеннің жоғарғы ағыны», «бас», «жоғарғы жақ» мағынасында қолданылады [11]. Облыс аумағында *Бас, Ақбас, Тақырлыбас, Түлкібас, Сарыбас* және т.б. орографиялық нысандар атаулары сияқты *Алабас* топонимі де төбенің жоғарғы бөлігін сипаттауға сәйкес номинацияланған. Яғни, Алабас атауы нысанның сыртқы түсіне байланысты аталған деп жорамалдаймыз.

Шуылдақ палеожанартаулық кесіндісі Мұғалжар тауының оңтүстігінде Шалқар ауданындағы *Шуылдақ* өзенінің сол жағасын ұзына бойы 20 шақырым, ені 1 – 3 шақырым жерде созылып жатыр. Мұнда вулкандық құрылым ерте, орта девонда (350 млн. жыл бұрын) Орал палеомұхиты түбінде қалыптасқан. Қазіргі уақытта *Шуылдақ* өзені жағалаулық жарында бойлық бағытта созылған дайкалар (сығылмалар) кешені сақталған, бұлар – жер мантиясына тиесілі тереңдіктерден жоғары көтеріле отырып, литосферадағы жарықтарды иемденіп қатайған магманың сан алуан «тік тұрған» денелерін құрайды. Дайкалар (ағылшынның «*dike*» – «тас қабырға» сөзінен) мұхит алабы түбінің орталық бөлігін тілгілеген жарық бойына енген мантиялық базальт балқымасының қатаюы нәтижесінде қалыптасқан төмен қарай тік құлайтын қалыңдығы 0,1–3 м аралығындағы тақташа. Бұл аймақ бәсекеге қабілетті геосаябақ аумағына енігізіліп отыр [12, 176.]. *Шуылдақ* атауы «шулы», «қатты дауыс»

мағынасына сәйкес аталған. Өзеннің аңғарында офиолиттердің болуы су ағысының сарқырама тәрізді дауыспен ағуына байланысты жергілікті халық *Шуылдақ* деп атаған болуы мүмкін. Себебі, *Шет Ырғыз* өзенінің Мұғалжар тауларынан басталар тұсы ғана Шуылдақ деп аталды. Қазір Қазақстан Республикасы географиялық атауларының мемлекеттік каталогында бұл өзен толығымен Шет Ырғыз деп түзету енгізген.

Ырғыз - Мұғалжар тауынан бастау алатын өзеннің атауы, Ақтөбе облысының Әйтеке би және Ырғыз аудандары аумағы бойынша ағып өтеді. Мұғалжар тауының шығыс бөлігінен басталады, ұзындығы - 593 км. Кейбір еңбектерде өзен атауы көп салаларының болуымен байланысты деп жазылған [13]. Бұл атау ежелгі атаулардың бірі, біздің заманымызға дейін өмір сүрген Геродоттың еңбегінде *Гиргис* деген атаумен көрсетілген. А.Әбдірахманов бойынша Ырғыз сөзінің этимологиясы Чулым татарларының тіліндегі Эргизу (эрги+зуг сөздерінен қысқарған) деген сөзбен түбірлес сияқты, «ескі өзен» деген мағынаны білдіреді. Бастапқы формалары көне түркі тайпаларының тілінде жасалып, соңғы Ырғыз түрі қазақ тілінде қалыптасқан сияқты [4].

Б.Аспандияровтың пікірінше Ырғыз бұрмаланған атау, оның дұрыс формасы «*Орқұз*», екі сөзден тұрады: «*өр*» - тау, бұйрат, қырат, биіктік және «*ғұз*» «ойпат, қазаншұңқыр, аңғар». «*Өрқұз*» - «жоғарғы ойпат», яғни тауда, биіктікте орналасқан ойпат, яғни «*таудағы аңғар*», «*тау өзені*» дегенді білдіреді [14]. Дегенмен, Ырғыз өзені бойында байырғы халықты ерекше назар аудартатын күшті тілімденген жер бедері жоқ деуге болады және бастауы да аласа жазықты таулы өлкеден басталатындығы белгілі.

Географ-ғалым Ж. Достайұлы өз зерттеулерінде Ырғыз атауын өзеннің гидрографиялық ерекшелігімен байланыстырады: «Қазақстан ұлттық энциклопедиясына (9 том) сәйкес өзен ағыны су жинау алабындағы көктемдегі еріген қар суымен қалыптасады. Бұл құбылысқа Махмұд Қашқаридың «Диуани-лұғат ат-түрк» еңбегінен дәлелдемелер алуға болады. Онда топоним Ырғыз «аркуз сув» көктемдегі еріген су деп келтірілген, яғни ағынның су режимін нұсқайды» [15]. Бұл географиялық атаудан өзеннің суының тек көктемде толатындығынан және жазда суының өте аз немесе құрғап қалатындығы туралы ақпарат алуға болады. Жалпы Қазақстанның жазық жерлері өзендері еріген қар суымен қоректенеді. Сондықтан да өзен суын шаруашылық мақсатта тиімді пайдалану жағы қызығушылық тудыруы мүмкін.

Балқар топонимиясын зерттеушілер Дж.Н. Коков және С.О. Шахмурзаев *Ырхы көл* (көл) атауын балқардың ырхы – «ағын» (жаңбыр және еріген қар суынан жиналған) сөзімен байланыстырады [16, 150б.]. Бұл географиялық атаудан да өзеннің суының теккөктемде толатындығынан және жазда суының өте аз немесе құрғап қалатындығы туралы ақпарат алуға болады. Ресей аумағынан ағып өтетеін Үлкен Ырғыз және облыстағы Ырғыз өзендерінің аумақтық орналасу жақындығы, су режимінің ұқсастығы бойынша атаудың этимологиясының өзен ағыны мен режиміне байланысты аталған деп топшылаймыз.

Жалпы, Ақтөбе облысының аумағындағы жер-су атауларының көп бөлігінің жасалуы, этимологиясы жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Әсіресе топонимдер бойынша географиялық аспектідегі зерттеулер жоқ деуге болады. Сондықтан да алдағы уақытта тарих, лингвистика, өлкетану саласындағы зерттеулер география саласындағы ізденістермен толықса, жақсы нәтиже береді деп ойлаймыз. Көптеген топонимдер жергілікті геологиялық құрылым, тау жыныстарының құрамы, пайдалы қазбалардың және т.б. географиялық ерекшеліктердің өзіндік белгісі болып та табылады. Сондықтан, осындай топонимдерді тұжырымдау үшін жергілікті жердің географиялық ерекшеліктерін де ескеру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Книга Большому чертежу или древняя карта Российского государства (1627). – С-Петербург. 1838. – 261с.
2. Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы. 13 том. Ақтөбе облысы. – Алматы, 2012, 2016.
3. Макшеев А.И. Географические сведения книга Большого чертежа о киргизских степях и Туркестанском крае. – Зап.РГО. отд.этно. 1880., т.6., 42с.
4. Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. – Павлодар: С.Торайғыров ат. ПМУ, 2010. – 240б.
5. Матвеев А.К. Вершины каменного пояса: Названия гор Урала. 2-е изд., перераб. и доп. Челябинск: Южно-Уральское книжное издательство, 1990. - 289с.
6. Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. Алматы, 1974. –274с.

7. Нұрмағанбетұлы Ә. Жер-судың аты – тарихтың хаты. Алматы, Балауса, 1994. – 64б.

8. Бияров Б.Н. Кейбір макротопонимдердің этимологиясы. Жер-су атауларының тарихы мен бүгінгі жай-күйі. Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. – Астана: «Сарыарқа», 2013. – 208б.

9. Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов. – Москва, Мысль, 1984. – 466с.

10. Семенов В.П., Ламанский В.И. Россия. Полное географическое описание. Том 18. Киргизский край. С-Петербург. 1903.- 478с.

11. Гарипова Ф.Г. Татар топонимиясе: халқыбызның географик атама-ларында – терминнар. – Казан: ТӘҺСИ, 2017. – 456 б.

12. Сергеева А.М., Әбденев А.Ж., Мамедов А.М., т.б. Ақтөбе облысының табиғи, тарихи-мәдени мұралары: қорғау және тиімді пайдалану. Қазақстандық ұлттық географиялық қоғамы, 2016. – 208с.

13. Топонимика Казахстана. Энциклопедический справочник. Алматы, ТОО «Аруна Ltd», 2010. - 816с.

14. Аспандияров Б. Этимология некоторых топонимических названий (к вопросам исторической топонимики). // География в школах и вузах Казахстана. 2007, №1. С.38-43.

15. Достай Ж.Д. Вопросы этимологии и исторические предпосылки восстановления тюркско-казахских топонимов. Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 70-летию Института географии. – Алматы, 2008. – С.857-861.

16. Коков Дж.Н., Шахмурзаев С.О. Балкарский топонимический словарь. Нальчик: Эльбрус. 1970. 170с.

СЕРІК ЕРҒАЛИ,

педагогика ғылымдарының магистрі

КЕЙБІР ОНОМАСТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР, ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Аталмыш тақырыпты қозғауды жеңілдетудің бір жолы - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қаңтардағы № 45 қаулысымен мақұлданған «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасының» атқарылуы мен оның қазыргы уақыт талабына сәйкестігін қарау болып табылады. Еліміздегі ономастикалық мәселелерді жөнге салуда бұл құжаттың бағдары маңызды. Алайда, осы құжаттағы айқындалған міндеттердің орындалуын нақты түрде қолға алатын мезгіл жетті. Өйтпейінше, бұл тұжырымдама декларациялық сипаттан арыға баратын емес.

Соның бірі аталмыш құжатта аталғандай, «республикадағы іргелі ономастиканың және өзге де ономастикалық қызметтің ғылыми-фактологиялық базасын одан әрі жетілдіру» болып табылады да, бұл міндетті жүзеге асыру үшін «Қазақстандағы ономастикалық электрондық сөздік» атты деректеме базасын жасаған уақыт талабымен үндес болар еді. Бұны іске асыру Тіл комитеті мен Тілбілім институтының біріккен шаруасының нәтижесі болары сөзсіз. Бұл сөздік арқылы біз аталмыш тілбілім саласының барлық жетістігі мен кемшілігін әйгілейтін қолымызға ономастикалық атласты тигізеріміз хақ және де ономастика саласында жүйелі істің басталуына бұл таптырмас сайман болар еді.

Біздің бағдар етіп отырған тұжырымдамамыздың «Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауларын ретке келтіру, елді мекендерді қайта атау және тарихи географиялық атауларды қалпына келтіру» деген 3.2. тараушасында:

«Қалаларға, қала үлгісіндегі кенттерге, аудандарға **бұдан былай** адам аттары берілмейді;» - деген пәрменді талап жазылған. Алайда, бұл уәж бұрынғы кеңестік және патшалы ресейлік идеологияға қарсы төтеп бере алмайтындығы бұрынғы атауларды өзгерту туралы ештеңе айтылмағандығымен дәлелдеп тұр. Біздің ойымызша, бұл талапқа

«Облыстарға» деген сөз қосылуы керек. Мәселен, Павлодар, Жамбыл облыстарының атауы бізге әлгі айтқан жайды еріксіз мойындатып тұрған айғақтар. Рас, тәуелсіз алған жылдары ұлтшылдықтың балалық ауруына шалдығып, талай атауларды «қазақыландырдық». Алайда, бұл қазақыландыруымыз қазақ халқының ономастика тарихына ешбір сыйымсыз екендігіне көңіл бөлмедік. Мәселен, Қазақстан тарихы түгілі түркі халықтарының ономастика тарихында адам есімімен байланысқан қаланы, уәлиятты, өңірді табу қиынның қиыны. Біздің бабаларымыздың ішінде талай айтулысы өтсе де, жеке тұлғаларды мұндай мәңгілендіруге бармауының себебі мен тұжырымына әлі бойламай отырмыз. Басқасын былай қойғанда, Тоңұқықтың, Білгенің, Күлтегіннің, Оғыз қағанның, Шыңғысханның, Жошының, Батудың, Бұқардың, Қорқыттың, Асан қайғының, Әбу-Насыр әл-Фарабидің, Байбарыс сұлтанның, қысқасы, жүздеген хандар мен бек-сұлтандардың, би-батырлардың, жыраулардың есімдері ономастиканың мұншалықты субъектісі болған емес. Бірақ, ата-бабаның рухы қазырғы ұрпақтан анағұрлым биік әрі тәрбиесі бекем болғаны белгілі. Біз мұндай ауруға қашан және қалай шалдықтық? Бұған қызыл империяның идеологиялық індетін қанымызға сіңіріп алып барып отырғанымызды мойындауымыз керек.

Рас, ономастика - бүгінде идеологиялық сайманның бір түрі. Алайда, ол сыртқы сипаты ғана, ешбір адам көшеде келе жатып, әлгі облыстың, қаланың не ауданның есімі берілген адамды еске алып, содан рухтанып жарытпайды. Мұндай ономастика тек қана тілбілім пәніне талғажау болуы ықтимал. Мысалы, Жамбылдың есімі берілген облыс пен Нұрпейіс жыраудың әкесінің есімі берілген аудандар сол жердің тұрғындарына қаншалықты мақтаныш деген сауалға жауап бере алмайтынымыз хақ. Аталмыш, ойконимдердің өзі бірізді емес, жүйесіз: бізде Жамбыл облысы бар, бірақ ол **«Жамбылская область»** аталу арқылы орысша Жамбылдық облыс болса, ал қазақша Жамбылдың облысы болып тұр. Бұдан Жәкеңе облыстың керегі қанша деген сұрақ туатыны рас. Сол секілді Ақтөбе облысында Байғанин ауданы бар, бірақ ол орысша «Байғаниндік аудан» ретінде дұрыс аталып тұр, ал қазақшасы арқылы бүкіл бір аудан Нұрпейіс жырауға телінген. Көзі тірісінде орыстық бодандықты жаратпаған жырауға орысша фамилия беріп, «Байғанин» атап жарылқап қойғанымыз өз алдына. Егер Жамбыл секілді жалқы есімдер халқымыздың онимдік талабына сәйкестігін ескерсек, неге әлгі

ауданды Нұрпейіс атамадық? Болмаса, Абай қаласы бар да, оған қарсы орысша нұсқалы Сәтбаев қаласы неғып тұр? Қаныш деген есім несімен ұнамайды? Жыл сайын жарамсыз коммуникациясымен аты шыққан Абай қаласы ұлы ойшылымызды жарылқап тұр ма, әлде керісінше, ұлы ақынның есімімен орашолақтығымызды жасырғымыз келе ме?

Сол тұстағы **Петропавл, Павлодар** секілді қалалардың атауларын өзгерте алмай қызылтану болғанымызға берісі он бес жыл. Егер аталмыш тұжырымдаманың біз атаған талабынан «бұдан былай» деген сөз тіркесін алып тастасақ, онда қазырғы облыстар мен аудан - қалалардың атауына қор болған есімдерді құтқарып, өзгерте алмай отырған империялық ойконимдерден оңай құтылуға жол ашар едік. Қысқасы, тайталастың тайқазанын қайнатып отырған мәселеден құтылудың оңай жолы – еліміздегі облыс, аудан - қалалардың атауларынан адам есімдерін аластау. Сөйтіп, өзіміздің санамызды қызыл империялық пасық та жалған популистік патриотизмнен ада етуге батыл қадам жасау міндеті туындап отыр.

Ономастиканың маңызды саласы – **антропоника**, адамдардың есімдерін зерделейтін сала. Қазырғы кезде қазақтардың аты-жөні олардың рухани екі жүзділігінің көрінісі секілді сипат алуда. Шын мәнінде, төлқұжат бойынша қазақы есімдер біртектілене бастады. Қазақтардың әрі кеткенде 20-25 пайызы ғана өз тектерін қазақыландырса, қалғаны сол «ова» мен «инді» аты-жөндеріне әшекей етіп келеді. Алайда, орысша берілетін төлқұжаттарда қазақтардың әкеныспылары орыс сипатты болып, «Бәленшеевич», «Түгеншеевна» түрінде, сібірлік түркілердің кебін киюмен қалған. Бұл жайт, әрине, қандастарымыздың ұлттық санасы мен отаншылдығының индикаторы екені рас. Сонымен бірге, бұл әрбір азаматымыздың кешегі бодандық бұғаудың құлдық сырғасы да секілді. Бұдан құтылуға арнайы қоғамдық-әлеуметтік үгіт-насихат керек. Алайда, мәселені басқаша да оңайлатудың жолы бар. Мәселен, Үкімет қаулысы арқылы, қазақтардың аты-жөндерін қазақылануы міндеттелетіндей қаулы қабылдауға болады. Бұл қаулы тек қана ашықтан ашық қарсы болатын азаматтарды мәжбүрлей алмауы мүмкін. Сонда мұндай мәселеде енжар келетін қандастарымыздың көпшілігінің аты-жөндері түзеліп қалар еді. Сондай жағдайда, жаңа туған қазақ нәресте қазақы аты-жөнге ие болып, есейгесін, қандай сипаттағы аты-жөнді таңдауына мүмкіндігі болмақ, сөйтіп, ешкім де мемлекетті құқық жағынан кінәлай алмай-

ды. Ал, қазыр тілбілім ономастикасының бір саласы болып табылатын қазақтардың аты-жөндерінде сау-тамтұқ қалмай барады. Шығу тегі бір сөзден құралған қазақы есімдер мен тектер сан-алуан түрде жазбаға түсуде. Мәселен, **«СЫДЫҚОВТЫҢ»** Сидиков, Сыдыков, Сдыков, Сыдков болып кете беретін алуан нұсқаларын қайтерсің! Мұның басты себебі – аты-жөндердің орыс тіліндегі транскрипциясының жүйеленбеуінен, транслитерациясының жасалмауынан және оған мән берілмегендіктен болып отыр.

Сонымен бірге, қазақы антропоника мәселесінде мынадай жағдай қалыптасып отыр: әдетте қазақтың шамамен 70-80 пайызының төлқұжаттары орысша толтырылады да, онымен бірге жоғарыда аталғандай аты-жөн орысша жазылып қана қоймай, әкеныспы орыстық **«вич»**, **«вна»** суффиксін жалғап шыға келеді. Мұндай аты-жөннің ешбір қазақтыққа орын қалмасы анық. Бірақ, орысша әкеныспыны «ұлы», «қызы» деген қазақы жалғауды жасанды түрде қазақы мәтінге үйлестіріп, болмаса қазақша әңгіме үстінде пайдалану, сондай-ақ іс қағазын қазақша жүргізуде «қазақыландыру» арқылы өзімізді өзіміз алдарқату үрдісі кең жайылған. Шын мәнінде, мұндай қазақтар өздеріне тән аты-жөндерімен «вич» не «внасымен» аталуы керек. Сонда біз өзімізді алдауды қойып, шындыққа тіке қарауды, бәлкім, үйренерміз. Әрі-беріден соң бұл құжатты бұрмалау болып табылады, өйткені, әлгі адамның төлқұжатында орысша болса, оны өзгертуге ешкімнің де құқығы жоқ екені ескерілмейтіні былай тұрсын, құжатты қолдан бұрмалау жөніндегі қылмыстық жауапкерлікке тартылатынын білмейді. Осылайша, қазақы антропоника рухани екіжүзділіктің субъектісі болып отыр.

Шын мәнінде, қала жағдайында урбанонимика арқылы тарих пен мәдениетті насихаттаудың сыртқы ғана түрі сақталады, ал мазмұны қалмақ емес. Көше іздеуші ешуақытта атаудың тарихы мен мәніне назар аудармайды, оның сыртқы аталуына ғана көңіл бөледі. Сондықтан жалпы ономастика қазырғы кезде орфоэпиялық заңдылықтар мен ауызекі тілдің дәстүріне бағындырылмай бағы жанады деу қиындау. Мысалы, **«Б. Момышұлы»** көшесін Бауыржан батыр атындағы дейміз бе, әлде оның баласы Бақытжан жазушы атындағы көше дейміз бе? Ұсақ-түйек секілді көрінгенімен назар аударар жайлар баршылық. Соның ішінде ауызға жиі ілінетін көше атаулары қысқа да нұсқа болуы шарт, егер екі сөзден құралғанның өзінде оның ұзындығы небәрі

5-6 буыннан артпағаны абзал. Әйтпесе, халық оны бәрібір қысқартып алады да, адам танымастай етіп өзгертіп жібереді, бұл - орфоэпияның ешкімге бағынбайтын заңы мен талабы!

Еліміздегі жалқы есімдерді урбанонимикаға айналдыру жүйесіз жүруде. Әзірге тарихымыз Отырардан шыққан он екі фарабилік (Әл-Фарабиді) ғалымды тауып отыр, бірақ солардың ішіндегі шоқтығы биік біреуін ғана алып, онымен қалғандарының есімдерін көлегейлеп отырмыз. Ертеңгі күні әлгі он екінің кәзіргі Әл-Фарабиден өзге екінші біреуін көшеге беру керектігі туындаса, оның есімін қалай атайтынымыз белгісіз. Оның үстіне «Әл-Фараби» сөзі «фарабилік» деген мағына екенімен ісіміз болмай кетті. Бұған жер-жерде ата-бабаларының есімдерін саудалаушыларды қосыңыз!

Әсіресе, ономастиканың қалалық мекендердегі саласы болып табылатын **урбанонимиканың** жағдайы өте ауыр, бетімен кету үдерісі жүріп жатыр. Екіжүзділік мұнда да орын алған, мысалы Астана қаласындағы **Жәнібек тархан** аталатын көше атауы көше тақташаларында «Ж.Тархан» болып жазылу арқылы ауызекі тілде **«Тархан»** атала келіп, қазыр бұл атау баспасөздегі жарнамалар мен хабарландыруларда тек қана «Тархан» болып өзгеріп кетті. Сөйтіп, ономастикалық комиссия мен қалалық мәслихаттың қабылдаған шешімінің быт-шыты шықты. Мұндай былықтар еліміз бойынша мыңдап саналады. Бұның себебі неде? Себеппен, ономастика мәселесінің өзгеріске түсу процесі мен оның өмірге енгізілу үдерісін тыңғылықты қадағалайтын жауаптылықтың жоқтығында, тіпті, қабылданған шешімнің де оралымсыздығында болып отыр. Мәселен, өзгеріп жатқан көше атауларының көпшілігі қазақ есімдерінің пайдасында болғанымен, оның орыстанған нұсқасы көрнекі тақтайшаға қысқартылып жазылады да, шұбалыңқы сөздер ауызекі тілде не қысқарады немесе басқа нұсқаға айналып кетеді. Сөйтіп, ономастикаға міндеттелген тарихи-мәдени және тәрбиелік жүктің жұрнағы да қалмай, шартты атау ғана болып қалуда.

Әдетте, қазақ халқының ономастикалық үрдісі адамның есіміне негізделеді де, оған титул секілді батыр, би, хан, сал-сері анықтауыштары қосылады. Ондайлары жоқтарына амалсыз тегін болмаса әкеныспысын қосуға болады. Тіпті, халқымыздың тарихында басын бірегей есімдерден алатын **ізашар онимдер** бар: Абай, Шоқан, Ыбырай, Әлихан, Міржақып, Мағжан, Мұхтар (Әуезов), Бауыржан,

Сәкен, Бейімбет, Қаныш, Әлкей, Ғабит, Ғабиден, Олжас, Әлия, Мәншүк, Нұрпейіс, Нартай, Жамбыл, Сүйінбай, Димаш, Мұқағали, Жұматай, Жұмекен, Шәмші, Күләш, Майра, Сара, Қобыланды, Алпамыс, т.б. Бұларға ешбір анықтауыш қоспай-ақ көшелерді осылайша атауға болады. Ал, осылардың ізімен кейін пайда болған есімдерге амалсыз анықтауыш (тегің, әкеныспысын, титулын) қосуға тура келеді. Қазаққа Сейфуллиннен гөрі Сәкен жылы, қымбат әрі қадырлы есім және аталуға бейім. Қазырғы ономастикалық атауларға қарап, біздің кеңестік қасаң ізбен кетіп бара жатқанымызды бажайлау қиын емес. Тіпті, «Сейфуллин» мен «Есенин» атауларының этникалық айырмашылығы шамалы, керісінше соңғысының қазақылығы басым естіледі, ендеше ономастикаға Сәкеніміздің төл есімін қайтаруымыз керек. Өйткені, қазырғы ұрпақ оны әнші-сазгер Сейфуллин Жолбарыспен шатастыруы әбден ықтимал. Әрине, біздің бұл уәжімізге кейбіреулер Шоқанның тарихтағы ресми аты-жөні «Шоқан Уәлиханов қой, оны бұрмалауға болмайды ғой» дейтіні рас. Кешіріңіз, тарихтан Шоқан Уәлихановты емес, ресми түрде **Чокан Валихановты** ғана таба аламыз, алайда бұл қазақтың сүйікті ұлын өз елінде қазақы түрде еркелетіп **ШОҚАН** атауға болмайды деген сөз емес. Сол секілді Мүсірепов, Мұстафин, Ахтанов деген орыс нұсқалы шұбатылған фамилиялардың егемен қазаққа қажеті бола қоймас, бұл есімдер жеке тұлғаның аты болудан қалып, тіліміздің алтын қорына қосыла бастаған алтын жылғалар, ендеше бұл жылғаларды шөпшаламнан тазарта алу біздің тікелей міндетіміз.

Айтыла-айтыла тілді жауыр еткен тағы бір жайт – қазырғы урбанонимиканың бір саласы болып табылатын халыққа қызмет ету ошақтарының атаулары мен фирмалардың, тұрғынжай кешендері мен микроаудандардың атаулары. Бұл сала да урбанонимиканың бетімен кеткендігіне қарсы пәрменсіздікті көрсетіп отырған жайт.

Аталған екіжүзділік сипат біздің елдің гидронимикасын да әбден кеулеп болған, Есіл өзені ресми түрде «**Ишим**», Тобыл – «**Тобол**». **Ертіс** – «**Иртыш**» Жайық өзені «**Урал**», Жем - «**Эмба**», Еділ – «**Волга**», Бурабай – «**Боробое**», Іле – «**Или**» аталудан танар емес. Енді бұл гидронимдер шетел тілдеріне де орыс тілінің заңдылығымен жайыла бастады. Ең болмаса, Қазақстан картасында жақшаның ішіне осылардың қазақы атауларын қабат жазып қоюға болар еді ғой. Алайда, Қазақстан картографиясы ономастикадан тәуелсіз өмір сүріп келе жатқаны тағы аян.

Жалпы, елдегі ономастика мәселесін онымен тікелей айналысып отырған құрылымнан тыс қарауға әсте болмайды. Осы жағынан қарағанда ономастикалық комиссия аталмыш мәселенің күрмеуін шеше алмайды. Бұған екі себеп бар, біреуі – комиссияның құрамының әуесқойлық-қоғамдық сипаты, екіншісі – комиссияның ақылдасу дейгеңіндегі ғана болымсыз құзыры. Бұның екеуі де елдің ономастикалық проблеманы шешуден гөрі үстемелеуге жеткізетін жайттар деп есептеймін.

Аталған мәселелерді қорыта келіп, оларды шешу үшін тиісті түрде ономастикалық пәрменділеу құрылым құруға бетбұрыс жасаған абзал. Мәселен, Тіл комитетінен бастап, барлық облыстық, аудандық және қалалық тіл департаменттерінің жанынан **ономастикалық мәселелерді үйлестіру орталықтары** аталатын жұмыс тобы құрылғаны жөн. Бұлардың құрамы асарын асап, жасарын жасаған, беделдің бешпетін тоздырғандар емес, ономастика саласында азды-көпті білімдері мен біліктері бар, жағдайды саралап, шешім қабылдау мүмкіндіктері бар, жанашыр сарапшылардан жасақталғаны мақұл. Бұл құрамға, тіпті, прокуратура және әділет жүйесінің қызметкерлері де кіргені жөн болар еді. Сөйтіп, ономастика құрылымын жалаң популизмнен құтқару қажеттігі туындап отыр. Сондай-ақ, бұл құрылымның ақылдасу деңгейінен гөрі ономастикалық жұмыс тұжырымдамасын жүзеге асыру жолында белгілі бір дәрежеде шешім қабылдау қабілетін арттыру да уақыт талабы. Бұл жағынан шетелдік тәжірибеге сүйенген тіпті де, сүйсіністі іс болар еді. Сонымен, Қазақстандағы ономастикалық мәселелердің қордаланып отырғандығын айта отырып, оны шешуге сәйкес пәрменнің де керектігін ескергеніміз жөн. Әйтпесе, аталмыш ономастикалық жұмыс тұжырымдамасының іске асырылуы өз жайына қалғандай әсер бар.

ЗАРҚЫН ТАЙШЫБАЙ,

*М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік
университетінің профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты*

АТА-МЕКЕНІМІЗДІҢ МЫҢ ЖЫЛДЫҚ ТАҢБАСЫ

(Солтүстік Қазақстандағы ономастикалық зерттеулер)

«Туған жердің түтіні де тәтті» дегенде түтіннің тура мағынадағы дәмі емес, оның туған жерден шығып тұрғаны тәтті көрінеді екен ғой. Кіндік қаның тамған жерді сағынғандықтан, сәбилік шағың өткен, бала болып ойнап, ес жиып, етек жапқан, оң қол-сол қолыңды таныған шағыңның куәгері болған соң тәтті көрінеді ғой. Солтүстік өлкенің сүйікті ұлы, жалынды жыршысы биыл туғанына 120 жыл толып отырған Сәбит Мұқанов атамыздың туған жер туралы толғаныстары, атамекеннің әр тасы мен төбешігі, айнадай жарқыраған көлдері мен шоқ-шоқ тоғайларының атын жасынан жаттап өскен жершіл азаматтың жазбалары Отансүйгіштік оқулығындай жетелеп отырады.

«Петропавлға келе сұрастырсам,- дейді жазушы. - Жаманшұбар жерінің қай совхозға қарауын білетін адам жоқ екен. Оларды кіналауға да болмайды, - географиялық картада ондай ат жоқ. Бірақ, мен Жаманшұбардың жолын ешкім айтпай-ақ табам», деп алады да бастаушы алмай-ақ жүріп кетпек болады [1]. Ойша құрған жоспары бойынша тас жолмен жылдамдатпай, сағынышын басып, көкірек кере тыныстап, қазақ даласының өгей ұлдары түсіне бермейтін көркем келбетін тағы тамашалап құмарынан шыққысы келген болуы керек, өзі ежелден жаңылмайтын жол сорабын қағазға былайша түсірген: «... білетінім, ауыл арасының жолы. Ерте кезде, ұсақ ауылдарды аралап қиқаң-сиқаңы көп болатын бұл жолмен... Петропавл, Архангельск, Бүгілім (Боголюбовка), Талапкер, Жекекөл, Орталық, Жекекөл (Благовещенка), Майбалық. Одан әрі жайлау – Жаманшұбар». Сәбең 1930 жылы келгенде: «Маршрутым: Бескөл, Надеженка, Боголюбов, Өрнек, Алтай-Мұрат, Қоржынкөл, Жекекөл, Майбалық, өз ауылым». Міне, бүгінгі замандастарымыз көңіл аударып, «Сәбит жолы» деп арнайы

атап, құжаттап, хаттап, туристік маршрут жасайтын тарихи сапар жолы – осындай-ақ болар.

Жазушы шығармасында жер-су атауларын түсіндіріп, ерекшелігін ежелгі қазақ тұрмысымен қабыстыра баяндап кетеді: «Бұл маңайда, бұрын үш ауылдың қыстауы болушы еді, Жаманшұбар, Батпақкөл және Өтей-Дәуіш. Жаманшұбарда көл жоқ, суды құдықтан ішетін, бірақ құдық суы тапшы болып, кейбір қыста малдары да, жандары да қарды еріткен сумен күн көретін. Батпақкөлді қыстаған Мәмек пен Аңдамасқа көлдің суы кейде жетіп, кей жылда тапшы болып, сондықтан, олар да қар ерітіп күн көретін».

Қадірлі қаламгердің қазақ тарихына да, әдебиеті мен мәдениетіне, ғылымына салған жолы ұрпақтар санасында осылайша жаңғырып, жарқырап жатқандығын көрсететін шағын мысалды келтіре отырып, Қызылжар қаласының бір топ зерттеушілері осы күндері «Сәбит Мұқанов шығармаларындағы топонимдер» деген тақырыпта зерттеу жүргізіп жатқанын айтпақпыз. Әлбетте, мұндай талпыныстар бір жүйеге түсіп, бүкіл еліміздің, Ұлы даланың мың жылдан бері жер бедері, тауы мен тасында, өзені мен көлінде, қамысы мен томарында жазылып қалып отырған қасиетті тарихына ұласады.

Зерттеушілердің есебі бойынша Қазақстанда шамамен 2,7-3 млн. шамасында әртүрлі географиялық атау бар деп есептеледі. Халқымыздың осындай рухани қазына байлығына Солтүстік Қазақстан облысы аумағынан қосылмақ үлес те аз емес. Сырт көз жете білмегендіктен, тосын түсініп, байыбына бармағандықтан, «орыс тілі басым, орысша ойлап қалыптанып қалған» деген ұғым тарап, орталығының атауы Петропавл, қазақшасы кемшін деген түсінік бар екені де рас. Соған қарамастан, жергілікті биліктің, зиялы қауым өкілдерінің күшімен Тәуелсіздік жылдарында ең алдымен 13 ауданның атын қазақшалап, ауыз толтырып айтарлықтай, кеуде керіп тыныстанатындай: Шоқан Уәлихан, Мағжан Жұмабай, Ғабит Мүсірепов, Жамбыл, Құлекеұлы Шал ақын атындағы, одан әрі Ақжар, Аққайың, Есіл, Қызылжар, Тайынша аудандары деп атадық.

Толып жатқан елді мекендердің тарихи атауын қалпына келтіріп жатқан жайымыз бар. Жер-су атауларын жинақтау, оларды реттеу, дұрыс таңбалау, тарихи атауларды қалпына келтіру сияқты топонимиялық, теориялық және қолданбалы мәселелерге республика көлемінде үлкен

мән беріліп, тиісті Бағдарлама, заңнамалық актілер қабылдап жатқанда, Солтүстіктің зерттеушілері бұл мәселенің ғылыми жағын түгендеуден сырт қалған жоқ.

Арнайы құрылған зерттеушілер тобы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысына қарайтын аумақтың жер-су, елді мекендер атаулары тарихи және этнолингвистикалық тұрғыда зерттеуді қолға алып отыр. Уақыт жағынан алғанда, зерттеу деректері 1830-2020 жылдар аралығын қамтиды. Монография түрінде дайындалмақ ұжымдық еңбек Солтүстік Қазақстан облысы топонимиялық кеңістігін осындай деңгейде ғылыми-зерттеудің бастамасы, кейінгі берекелі ізденістерге жоралғы нұсқа деп қабылданып отыр. Бұл жұмысқа дерек көзі ретінде облыс тарихының ХҮІІІ ғасырдың екінші ширегінен бері қарай жарық көрген материалдар алынған.

Оның ішінде, әсіресе «Ақмола облысының Естелік кітапшалары» деп аталатын ресми басылымдардың жөні бөлек. Мемлекеттік тапсырыспен, арнайы білімі бар қызмет адамдары жасаған ресми есеп-санақ құжаттарын негізге ала отырып дайындаған жинақтардағы мәліметтерді қорыта саралаудың маңызы зор. Бұл арада зерттеушілер тобы «Ақмола облысының Естелік кітапшаларының» 1887, 1913, 1914, 1915, 1916 жылдары шыққан нұсқаларын зерттеп, кәдеге жаратты. Билік орындарының жинаған, сұрыптаған материалдары соның алдындағы жылдармен салыстырылып берілуі есеп-санақ деректерінің нақтылығына жетелейді. Осы еңбектерден сүзіп алып, деректану тұрғысынан одан әрі тексеріліп, ретке келтіріліп, қазақша толық нұсқасы жасалмақ.

Қазақшатолықатауы: **«Жергеорналастыружәнеегіншаруашылығы бас басқармасы.» Ақмола облысындағы қазақ шаруашылығы. ІІІ т.-Петропавл уезі. 1901 жылы жасалып, 1908 жылы қайта тексерілген. СПб.-1910 жыл»** [2], деп аталған дерек қорына қоса, мағлұматтар толық болуы үшін сол кездегі Петропавл уезінің әкімшілік-аумақтық бөлінісімен шектеліп қалмай, Солтүстік Қазақстан облысы аумағының қазіргі жағдайын бейнелейтіндей дәрежеде, бұрынғы Көкшетау уезіне тиісті болған, қазіргі Ақмола және Қостанай облыстарына қарайтын аумағынан тиісті мағлұматтар алынды. Сөйтіп, өз облысымыздың қазіргі топонимиялық кеңістігі мүмкіндігінше тарихи түрде қамтылды. Зерттеушілер шартты түрде «тарихи топонимика» деп атаған деректердің тарихи, танымдық бағасы қымбат.

Зерттеу нәтижелері облыстық «Солтүстік Қазақстан» газеті бетінде және «Қызылжар» телеарнасы арқылы жұртшылық назарына ұсынылып, тиісті пікір-ұсыныстар жинақталуда. Ғылымдық әрі тәрбиелік мәні зор осынау бастамалар мектеп оқушылары арасында қолдау тапқаны да қуантады. Облыс орталығындағы Әл-Фараби атындағы қазақ орта мектебінің шәкірттері топонимка құбылыстарын талдаған қызықты баяндамаға өзіміз куә болдық.

Екі-үш ғасыр өтіп кеткен жер-су атауларының байырғы қалпын көзге елестетудің өзі оңай емес. Демек, мұндай жағдайда алыс-жақында сақталып қалған архив деректерінің құнына баға жетпейді. 1918 жылдан бергі оқиғаларды облыстық архивтен табамыз, Ал, әрі қарай ізденсек, Омбы қаласындағы тарихи архивтің қорында жатқан көне көмбелерді ақтаруға мүмкіндігіміз бар.

Айталық, 1901 жылы қағазға түсіп, 1908 жылы қайта түсірілген жер пайдалану жағдайының тізбесі (бұдан былай, қысқаша «Тарихи топонимика») сол кездегі Ресейдің отарлаушы әкімшілігінің жасаған кестесіне сәйкес, бірнеше бағандарға бөлініп жазылған. Алдымен жер иесінің, яғни шаңырақ иесінің аты мен әкесінің аты (кейде «ов» қосылып, кейде қосылмай берілген), одан кейін қыстау-мекенінің аталуы, жердің кадастрлік сапасы, көлемі, қандай зонаға жататыны, ақырғы бағанда, қазіргі біздің түсінігіміздегі «мекен-жайы» дегенді білдіретін болса керек, «ауыл кімнің атымен аталады, руы немесе ауыл ақсақалы» деген мәлімет берілген. Осылардың ішінен ғылыми-зерттеу мүддесі үшін: 1) қыстау-мекен иесінің аты-жөнін (антропоним), 2) қыстау-мекенінің атауын (ойконим) және 3) руын немесе ауыл ақсақалының аты (этноним) жеке жазылған.

Аталған мәліметтерді ғылыми сұрыптаған кезімізде: кісі есімдерінің саны 4590 болды, мұның ішінде қайталап келетіндерінің есебін жақша ішінде көрсетіп, (мысалы екі Ахмет, төрт Омар, он Оспаннан бір-бірден ғана) тек жалқы есімдерді ғана алғанда, барлығы 2544 есім (антропоним) болды; қыстақ-мекендердің атаулары да солай жасалды – санап шыққанда 2255 қыстау, немесе шаңырақ (түндік-жеке шаруашылық) болса, қайталанып келгендерін есептемегенде 1356 атау (ойконим) іріктелді. Тізбенің соңғы бағанындағы «ру-тайпа атаулары немесе ауыл ақсақалының аты» деген 764 этноним есепке алынды. Бұларға қоса 1833 жылдан 1917 жылғы революцияға дейін, Кеңес өкіметі кезінде, дәлірек

айтқанда Ақмола губерниясы, Қызылжар округі, Қарағанды облысы, ең аяғы Солтүстік Қазақстан облысы құрамындағы әкімшілік-аумақтық бөлініс тарихын кеңінен көрсету мақсатымен, Ресей құрамындағы қазақ және орыс болыстарының, казак станицаларының, 56 ауданның, ауылдық, селолық және поселкелік советтер мен селолық округтердің 481 атауы тізіліп, бүгінге дейінгі жағдай қамтылды.

Жұмыстың тақырып аясына сәйкес, тек қана топонимдер зерттелді, олардың жасалу жолдары, семантикасы, апеллятивтік қызметі қарастырылды, жекелеген типтерге бөлінді. Кісі есімдері мен этнонимдер жеке зерттеуді қажет ететіндіктен, олар тек қана анротопонимдерде кездескен жағдайда ғана қаралды.

Зерттеу тақырыбына сәйкестендірілген, «тарихи топонимика» тізіміндегі көптеген атаулардың қазіргі жағдайын толық тексеру келешектің ісі, ал қазір кейбір тұстарда ғана еске алуға тұрарлық факт ретінде көңіл аудардық. Зерттеушілер тобы қолдағы анротопонимдер мен этнонимдердің, басқа да жалқы есімдердің облыс аумағынан жинақталған қоры келешекте талай қызықты зерттеулерге арқау боларына сенеді. Жоғарыда аталған топтың ғылыми-зерттеу жоспарына сәйкес: облыс аумағындағы топонимдердің сала-сала бойынша электрондық қорын жасау, ғылыми анықтамалықтар мен сөздіктер түзіп шығару, далалық экспедициялар ұйымдастыру туралы облыстық және кейбір аудандық әкімдіктерге тиісті ұсыныс дайындалды.

Осы тақырыпты зерттеп, еңбек ретінде қалыптау барысында облысымыздың әкімшілік-аумақтық бөлінісінің өзгеру тарихына, тиісінше, ономастикалық құбылыстарға да едәуір орын берілді. Осы тұрғыдағы тұңғыш талпыныс болғандықтан, Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл, бұрынғы Петропавл уезінің құрылғанына 100 жыл толып отырғанда, еліміздің өткен тарихын бір шолып қайтуды артық көрмедік. Сондықтан, ХХ ғасырдың басындағы күрделі қоғамдық-саяси сілкіністердің салдарынан, заман өзгеріп, Кеңес өкіметінің билігі орнады. Осыдан кейін Қазақ **автономия** Республикасының құрамында Ақмола губерниясының қалай құрылғанына, сол губернияның, одан кейін Қарағанды облысының орталығы болған Петропавл қаласының және Тәуелсіз Қазақстан экономикасы мен өндірісінің, мәдениеті мен ғылымының аса маңызды аймағындағы әрбір елді мекен мен ауданның қалай қалыптасып, дамығанын көрсетпекке ниет еттік. 99 жыл ішіндегі ірілі-уақты өзге-

рістер, бәрі біздің өткен тарихымыз болғандықтан, әрқайсының себебі мен салдары нақты құжат түрінде көрсетілді.

Жер-су атауларына зер сала қараған адам, сол атаулардың астарындағы ғажайып сырларды танып, қайран қалар еді. Әрбір халықтың санасында бұл атаулар ғасырлар қойнауындағы қазына ретінде бағаланады. Қазақ халқы ежелден елді мекендердің, жер, су, өзен, көл атауларының мән-мағынасына, тарихына ерекше көңіл бөлген. Әр дәуірдің ескерткіші ретінде халық тарихының, ұғым-нанымның дерегі саналып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын тарихи жәдігерлерді құрметтеп, аялап сақтай білу – азаматтық борыш болуға тиіс. Осы мақсатта, облыс топонимикасының осыдан 100-200 жылғы жағдайын қарап отырсаңыз, жүрек тебіренеді. Ата-бабамыздың асыл мұрасындай нетүрлі ғажайыптар деуге тұрарлық әсем де тапқыр атаулар, қазақ тарихынан, этнографиясы мен мәдениетінен хабар беретін зердей көркем есімдердің жоғалып кеткені обал-ақ. Зерттеушілер осы өкінішін білдіре отырып, сол тарихи атауларды қалпына келтіру жөніндегі ұсыныстарын ортаға салған.

Солтүстік өлкеде жер-су аттарының орынсыз өзгеруі, шамамен осыдан 230-250 жыл бұрын басталған болатын. Айталық, отарланған елді мекендердің қазақша атауларын орысшамен айырбастау туралы әскери губернатор Г.Меньшиковтың бұйрығы 1774 жылғы 1 қаңтардан орындала бастады. Әкімшіліктің зорлық күшімен өзгерген алғашқы атаулар, мысалы, мыналар екенін еске салайық:

Омбы уезіндегі Атқы-Мөңтік-Сары Қарауыл болысының атауы Николаев болысы, Петропавл уезіндегі Матақай-Сыбан-Керей болысының атауы Пресногорьковская болып өзгертілді [3, 4-бпп]. Бұл атаулар күні бүгінге дейін отарлау саясатының ескерткішіндей сақталып қалды. Бұл үрдіс тоқталмай, жалғаса берді.

Мысалы, 1830 жылғы географиялық картаның бетіндегі көлдер мен елді мекендер аттарының жаппай орысшалануы да көп нәрседен хабар бергендей. 1832 жылы Омбы облысының аймағын әскери-топографиялық картаға түсіру үшін подполковник Бутковскийдің басшылығымен арнайы экспедиция құрылды. Экспедицияның 1833 жылы дайындаған есеп-санақ сипаттамасында Көкшетау округінде (қазіргі СҚО аймағын да қамтиды –авт.) тұратын халықтың әкімшілік болыстарға бөлінгендегі жағдайы көрсетілді [4,101 б.].

Патшалық Ресейдің отарлау саясатының негізгі бағыты аумақтық және саяси-әлеуметтік бірлігі тұтас, ынтымақтаса ұйып отырған қазақ руларын бөлшектеп, әрбір әкімшілік бөліске таратып жіберуге бағытталғаны осы құжаттан көрініп тұр. Жоғарыдағы кестеде бір рудың адамдары әртүрлі болыстарда қайталанып келе беруінің мәнісін санақ жүргізушілер өз әлінше түсіндірген: «Қазақ руларының ұсақ топтарға бөлініп, араласып кетуі округтік приказ құру, әкімшілік болыстарға бөлу салдарынан. Осылайша, тарихи рулардың бұрынғы атаулары өз мәнін жойды» [4, 103 б.]. Бұл айтылғандар 1822 жылғы реформаның нәтижелеріне қатысты мәліметтер және кейін облыс, аудан, совхоз құру кезінде мүлде асқынып, тұтас қазақты тас-талқан етіп бытыратып, шашып жіберді. Бір рудың, бір атаның ұрпақтары бірін-бірі танымай, суысып кетуінің тамыры осындай тарихи құбылыста жатыр.

Рас, қазақ жерлерінің Ресеймен іргелесе екені, екі мемлекеттің халықтары төсекте басы, төскейде малы қосылып, көп уақыт араласып келген. Тіпті, XIX ғасырдың ортасына дейін Ресейдің жарияланып, тараған географиялық карталарында «Есіл шебі» немесе «Ащы көлдер шебі» деп аталып келген бөліктен оңтүстікке қарай «қазақтардың жері» екені тайға таңба басқандай көрінеді. 1752 жылы Ресейдің оңтүстік шекарасын қазақтардан қауіпсіз ету мақсатында Ертістен Бағланға дейін тізбектеле тартылған қорғаныс бекіністерінің бірі – Петропавл бекінісі болуына байланысты Қазақстанның солтүстік аймағының әкімшілік-саяси, экономикалық орталығына айналды.

Содан бері Солтүстік Қазақстанның әкімшілік бағыныштылығы, қоғамдық-саяси ахуал өзгерген сайын, меншік иесінің ұрпақтары жаңарған сайын жер-су атаулары тоқтаусыз өзгеріп отырғаны және бұл өзгерістердің қазақтың ұлттық зердесіне қиянат екендігі айтпаса да түсінікті. Бұл арада, ата-бабаларымыздың ұлы даласын баса-көктеп, күшпен иеленгендер туралы әңгіме, өз алдына. Әрбір келімсек өзімен бірге тілін, дінін, салты мен санасындағы жер-су атауларын ала келіп, орныға берген.

Мысалы, қазіргі жер-су аумағымыз әуелде 1803 жылы Ресейде құрылған Сібір генерал-губернаторлығына қарады. Сібірдің бас губернаторы болып 1819 жылы М.М. Сперанский тағайындалды. Ресейдің осынау көрнекті мемлекет қайраткерін еске алып отырғанымыз, қазақ даласында хандық билікті жойып, «Сібір қазақтарының жарғысы»

деп аталатын құжат негізінде мемлекеттік басқарудың жаңа түрін енгізген осы губернатор болатын. Ол 1821 жылы кетіп болды. Сол жылы Абылайұлы Уәли хан қайтыс болды. Хандық билік Айғанымда қалды, тіпті ол Шыңғысұлы Тортай сұлтанға тұрмысқа шықса да, Ресей патшасы оның қолындағы билікті алған жоқ.

1822 жылы Сібір екіге бөлінді де, Қазақстанның солтүстігі Батыс Сібір губернаторлығына қарады. Аталған әкімшілік бөлініс Тобыл және Том губерниялары мен Омбы облысын қамтыды. Әкімшілік мекемелер Тобыл қаласында болса да, осының ішінде Орта жүздің қазақтарының билігі Омбы облысында қалды. Бұл облыс іштей Омбы, Петропавл, Семей және Өскемен округтері болып жіктелді..

Осылайша, қазақтарды мемлекеттік тәуелсіздігінен біржола айырып, нағыз отарлауға кіріскен патша үкіметі билік жүйесін өзгертті. Біздің облыстың аумағына, иә сонымен қатар Көкшетау атырабына ел аузында қазақ-орыс деп аталған козактардың (негізі шын атауы «козак» болған, «казак» дегеннің қайдан шыққанына назар аударған жан бар ма?-авт.) арнайы жіберіліп, қоныстануы 1826 жылдан басталады.

1875 жылғы мәлімет бойынша қазіргі Солтүстік Қазақстан облысына қарайтын аумақтағы болыстық бөліністердің атаулары түгелдей өзгертілді. Бұл өзгертулерге негіз болған себеп, қазақ рулары мен аталарының есімдері болыс атауында айқын көрінбей, ұмытылсын деген мақсат екені танылып-ақ тұр. Енді осы өзгерістерімен қағазға 1889 жылы түскен «Ведомость о числе киргизских волостей, аулов и кибиток в Акмолинской области (на трехлетие 1887-89 гг.)» деген құжатта кісі қызығарлық құнды деректер баршылық.

Қазақстанға сырттан ауып келгендер туралы арнайы зерттеу еңбегін жазғандар, мысалы, 1891 жылы Ресейдің Еуропа жағында қатты қуаңшылық болып, Орал таулары іргесіндегі, Батыс Сібірдегі аш-арықтар Қазақстанға жаппай ағылғанын, жол үстінде қыс ерте түсіп, кездескен козак станицалары мен орыс поселкелеріне бей-берекет қыстап қалғанын жазады. Босқындардың аянышты халін ескерген үкімет тарпынан оларға көмек көрсетіліп, «бос жерлерге» орналасуға рұқсат етілген.

Сібір теміржолы туралы 1893 жылғы 4 наурызда патша бекіткен Ережеге сәйкес, бұрынғы қонысын тастап, ауа көшкендерге теміржол желісі бойына орнығуға рұқсат етілген. Ол замандағы жер-су атауларының бейнесі қалай өзгергені де өзгеше бір әңгіме.

Бұрынғы Петропавл уезі ежелден Ақмола облысының құрамында болғаны мәлім. Солтүстік Қазақстан облысының қазіргі шегі тұтасымен Петропавл уезін және Көкшетау, Омбы уездерінің біраз аймағын қамтиды. Сондықтан, зерттеушілер өлке топонимикасы туралы сөз болғанда, жер аумағын қазіргі облыс шегінен кеңірек қамтуға тура келетінін ескерткені дұрыс болған.

Жиырмамыншы ғасырдың басында қазақтар бастан кешірген тарихи оқиғалар мен қоғамдық құбылыстардың солтүстік өлкенің бейнесіне түсірген бедерлері нақты мысалдармен дәйектелген.

1919 жылғы 27 тамызда Сібір төңкеріс комитеті, қысқаша Сибревком құрылды. Орталығы Петропавл болған Ақмола және орталығы Семей болған Семей губернияларына да Сібір ревкомының билігі жүрді. Тиісінше, 1919 жылғы 23 қарашада Петропавл уездік ревкомы, ал, 8 желтоқсанда Ақмола және Семей уездік ревкомдары құрылды.

1921 жылғы 21 сәуір күні Петропавл қаласындағы Луначарский атындағы театрдың үйінде Петропавл қала-уездік II партия конференциясы болды. Солтүстік Қазақстан облысының, оның ішінде Петропавл уезінің Ресей мемлекетінен бөлініп, Қазақ республикасының құрамына енген күнін ол дәл осы 1921 жылғы 21 сәуір деп салтанатты түрде атап өтуге болады. Тіпті, тәуелсіз Қазақстанның құрамына Петропавл қаласының, облыс аймағының, қазіргі Ақмола және Қарағанды облыстарының кірген күні осы. Оған 2020 жылы 99 жыл толады.

Партия конференциясын Орынбордағы Қазақ облыстық партия комитеті атынан Қазақстан Орталық Атқару Комитеті төрағасының орынбасары, қазіргіше Республиканың вице-президенті Смағұл Сәдуақасов құттықтады. Сол мінбеден «Қазақ республикасы және қазақтар арасындағы жұмыс туралы» баяндама жасады. Жаңа құрылған губерниядағы бүкіл әкімшілік билік Әбдірахман Әйтиев басқарған губерниялық төңкеріс комитетіне (губревком) берілді. 1921 жылы 26 сәуірде Петропавлда шығатын «Мир труда» газетінде ҚазЦИК төтенше өкілетті комиссиясы мен Бүкілқазақтық кеңестердің бірінші съезінің қаулылары және Сібір ревкомымен келісім-шарт жарық көрді. Бұл құжат бойынша:

1. «Петропавл, Көкшетау, Ақмола және Атбасар уездері Омбы губерниясының құрамынан шығып, Россия Советтік федерациясының Қазақ Социалистік Советтік Республикасына кіретін Ақмола губерниясын құрайды.

2. Жаңа құрылған Ақмола губерниясының орталығы Петропавл қаласы болып табылады».

1921 жылғы 28 сәуір күні ҚОАК төрағасы С.Меңдешевтің «Петропавл қаласының еңбекші жұртшылығына» деген Үндеу-хаты «Мир труда» газетіне басылып шықты.

Совет Одағында 1924, 1936, 1977 жылдары үш Конституция қабылданған сайын облыстардың, аудандардың әкімшілік-аумақтық бөлінісіне айтарлықтай өзгерістер енгізіліп отыратын.

1988-1991 жылдары, тарихта «қайта құру» деген атпен қалған өтпелі кезеңде Совет Одағында қабылданған жаңа заңдардың негізінде мемлекеттік билік: СССР халық депутаттарының съезі, СССР Жоғарғы Советі, СССР Президенті түрінде, тиісінше Қазақстанда да: Қазақ ССР халық депутаттарының съезі, Қазақ ССР Жоғарғы Советі, Қазақ ССР Президенті түрінде қалыптасты.

Совет Одағының тарихында коммунистік жеке идеологияға негізделген тоталитарлық жүйенің әсерінен қоғам дамуын тежеген, халық басына неқилы ауыртпалықтар әкелген оқиғалар мен құбылыстар орын алды. Осылардың әрқайсысы мемлекеттік әкімшілік-аумақтық бөлінісіңне, тиісінше, елді мекендердің, олар иемденген жер бедері мен су көздерінің, орман-тоғайларының атауларын өзгертуге қалайша себеп болғанын зерттеп, жаздық.

Елді индустриаландыру (1925 ж.) және коллективтендіру (1928 ж.) науқандары тап күресі деген желеумен жаппай қуғын-сүргін, ойдан шығарылған «халық жауларымен» күрес мыңдаған адамдарды орны толмас қайғы-қасіретке салды, жазықсыз жандардың өмірін қиды. Екінші дүниежүзілік соғыста орны толмас көп шығынмен елді басқыншылардан сақтап қалған халық ерлігі тарих бетінде қалай сақталса, солтүстік өлкенің жер-су аттарында да солай таңбаланған.

Таптық идеология, бір ғана коммунистік дүниетанымға негізделген ойлау машығына күшпен бейімделген Совет қоғамы жағдайында Қазақстан үшін, әсіресе оның ауылшаруашылықты аймағы Солтүстік Қазақстан облысы үшін мемлекеттің сол кездегі бірінші басшысы Никита Хрущевтің кеудемсоқ саясаты көп қиындық келді. Жеделдетіп, Тың және тыңайған жерлерді игеру деген желеумен аумақтың құнарлы қыртысы аз жылда жаппай жыртылып, жел эрозиясына ұшырай бастады. «Тың науқаны» салдарынан Солтүстік аймақтың демографиялық

жағдайы мүлде ушығып, аз уақытта қазақ халқы өзінің туған Отанында азшылыққа айналды. Қазақ тілінің құрып кету қаупі төнді. Алдымен, қазақ мектептері, қазақша газеттер осы Солтүстікте жабыла бастады. Мектептер мен арнаулы оқу орындары жергілікті ұлт тілінде маман даярлай алмайтын дәрежеге жетті. Осындай сойқанның іздері күні бүгінге дейін Есілдің Қызылжар өңірінде сайрап жатыр. Кейбіреулер оны мақтан көріп, қазақ халқының көп ерліктерінің бірі ретінде реті келгенде атап өтіп, ауыз жылытса да, қой дейтін қожа жоқ.

Адамзат қоғамының даму заңдылықтарын аяққа басып, кеуде соққан менмендіктің салдарынан Советтік қоғамның өзінде жылдар бойы қалыптасқан жүйе мен үдеріске соққы берілді. Әкімшілік, саяси басқару тетіктері мүлде шатасты. Жылда бір «жаңалық енгізудің» салдары мемлекеттік құрылымның тиімділігін ақсатты. Мұны Солтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық бөлінісінің кеңес заманыдағы өзгеру тарихынан айқын көруге болады.

Мысалы, 1925 жылы қалалық, губерниялық сайламышты билік деңгейінде қаулы алынып, өзгертілеген, Қазақ автономиялы Советтік социалистік республикасының Орталық атқару комитеті бекіткен құжат бойынша өзгерген Қызылжар атауы Мәскеуден қолдау таппауының себебі белгісіз. Дәл сондай, 1928 жылғы 17 қаңтарда болған КазЦИК-тің екінші сессиясында Қызылжар округі құрылды да, сол 1928 жылдың мамыр айының 10-жұлдызында Петропавл уезі деп өзгертілгенін де Тәуелсіздігіміздің отыз жылдық мүшелі қарсаңында еліміздің есіне тағы бір салып қойсақ, артық болмас.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұқанов С. Өмір мектебі. «Жазушы» Алматы, 1970, 3 томдық.
2. Киргизское хозяйство в Акмолинской области. Петропавловский уезд. 1908. Санкт-Петербург, «Слово» 1910.
3. ООМА. 3-қор, 1-тізбе, 11863-іс.
4. Аристов Н.Н. Заметки об этническом составе тюркских племен. СПб., 1897.

БАЛЖАН ҮМІТҚАЖИЕВА,

Шығыс Қазақстан облысы, Көкпекті ауданы мемлекеттік және басқа тілдерді оқыту орталығының қазақ тілі оқытушысы

**КӨКПЕКТІ АУДАНЫНЫҢ ОНОМАСТИКА САЛАСЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ
МЕН ЖЕТІСТІКТЕРІ**

Қазақ елінің жер-су атауларын берудегі дәстүрі өте көне замандарға кетеді. Қадым заманның тұрғындары жер бедері мен су көздерін, басқа жер бетіндегі көрнекті нысандарды, қыстау, ауыл, кент, қала, шаһарлардың атын атап, түсін түстеп отырған.

Қазақ халқының атаулары жерге берілгенде: жердің сыртқы түсіне қарап – Қаражал, Ақжал, өсетін өсімдегіне қарап – Көкпекті, Аршалы, шығатын кеніне қарап – Қарамай, Ашудасты, Алтынбұлақ, Жезді делінген. Одан басқа мал, жан-жануар, адамға байланысты – Шұбарайғыр, Алтыат, Арқарлы, Қасқырлы, Бөріжеген, Тілеубай қыстағы, Ажы күзеуі деп кете барады. Хандық кезіндегі ұлы шайқастар мен жорық ордасы қонған жерлер, атақты батырлар болған нысандар олардың есімімен аталған. Биғаш ауылдық округіндегі Қызылбұлақ, Жаушоқы. Бүгінгі заманға байланысты ауданымыздағы онамастикалық жағдайды саралап көрсек.

Көкпекті ауданындағы ономастика мәселелері қандай?

Еліміздің жер-су, елді мекен атауларына көңіл бөлу, оларды тарихи тұрғыдан реттеу жұмыстары Тәуелсіздік алғаннан кейін қолға алынды. Кеңес Одағы кезінде, сол замандағы тоталитарлық жүйенің әсерінен көп өзгеріске түсіп, қазақтың байырғы атауларынан бір белгі, не бір із қалмағандай еді. Бұл халқымызды ұлттық санасынан ажыратудың, бөліп-бөлшектеудің Кеңес кезеңінде жүргізілген саясаты болатын. Ата-бабасының жері, елді мекендері Ивановка, Романовка, Преображенка, Маринагорка, Миролубовка, Мелитополь аталған соң тарихпен байланыстырып тұрған тамырдың үзілгені емес пе? Бүгінде ұмытылып, халық жадынан өшірілген тарихи атауларды қайтару, қалпына келтіруге аудан деңгейінде үлкен көңіл бөлінуде.

Егемендік алғаннан кейін неше империяның бояуымен аты өзгерген қазақтың жер-су атауларын қайтадан бұрынғы қазақы қалпына келтіру, тарихи-географиялық атауымен қайта атау – басты мәселелердің біріне айналды. Осы орайда 1989 жылы басталған қайта құру мен бетбұрыс кезіндегі жылымықта Кеңес Одағының қазақ ұлтты комунистеріне де көше атаулары беріліп кетті. Шериздан Фахрутдинов, Кенесары Бакин, Аманкелді Иманов деген секілді. Тіпті Аманкелді Иманов атында екі мектеп бір колхоз болды. Көкпекті аумағында ілгері басқанымен, Самар өңірінде жер-су атаулары әлі де сол бұрынғысынша қалып келеді. Столыпин реформасы кезінде Ресейден келген келімсектер мен жер аударылғандар қоныстанған Талды (Маринагорка), Қараш (Подгорное), Палатцы, Песчанка, Самарское, Көкпекті жақтағы Преображенка, Черноярка, Мелитополь болып кете барады.

Тәуелсіздік жылдары еліміз бойынша бірнеше жетістікке қол жетті. Әрбір тарихи атаудың арғы жағында не жатыр, ол қалай пайда болды, ол жер неге солай аталды, себебі қандай, атау мен жердің арасында ортақ қандай байланыс бар? Міне, осындай мәселелерге біздің ономаст ғалымдарымыз, этнографтарымыз тереңдеп баруы керек. Сонда ғана ол атаулардың тарихи, мәдени коды ашылады. Халыққа да түсінікті болады. Тарихи атаулардың тереңінде небір мәдени ұғымдар, танымдар сақтаулы жатыр. Мысалы, «Көкпекті» деген жер атауы бар? Ол жер неге «Көкпекті» деп аталды? Мұның сыры неде? Егер біз оны шөптің атына қойылған атау деп ойласақ, таным да дұрыс болмайды. Бұл – өсімдік. Тамыры жуан. Өзі аса биік болмайды. Қазақтар ол тамырды отынға пайдаланған. Демек, «көкпекті» деген атау тегін емес. Сондықтан Көкпекті ауданы, Көкпекті ауылдық округі, Көкпекті ауылы, Көкпекті өзені, көкпек шөбіне байланысты тарихи атау.

Ең бірінші жетістік ҚР «Ономастика туралы» Заңына сәйкес аудан бойынша онамастикалық комиссия құрылды. Елді мекендер мен жер атауларын өзгерту кезінде бірнеше мораторий жарияланды. Бір есептен бұл жақсы болды деп ойлаймын. Кейбір ойдан құралып жасалған атаулар ұмытылып, тек тарихи атаулар ғана ел есінде қала бастады. Мысал ретінде - Ивановка – Көкжайық деген сияқты.

Ең үлкен мәселенің бірі – патшалық және кеңестік кезеңнің «ескерткіш» атауларынан арылу жайы. Кезінде күштеп отарлау, зорлықпен қоныстандыру саясаты салдарынан ауданның ауылдық округтерінде

қаншама елді мекеннің атауы жөнсіз өзгертілді. Сол атаулар әлі күнге дейін өзгеретін емес.

Көкпекті ауданында 62 көшенің атауы өзгерді. Аудандық ономастикалық комиссия жолдаған құжаттар негізінде Шығыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясы отырысының қорытындысы шықты. Осылайша, жаңа 2020 жыл Көкпекті ауданының тұрғындары үшін қуанышты жаңалығымен басталғандай.

Әрбір көшеге елге еңбегі сіңген қайраткерлердің, ұлы тарихи тұлғалардың есімі берілген. Ономастикалық комиссия мүшелері атауға келгенде жеті рет өлшеп, бір рет кесіп өте ыждаһаттылықпен шешім қабылдағандарын айтады.

– Көшелердің атауын ауыстыру кезінде қоғамның пікірі ескерілді.

Барлық көшелерге тарихи жер-су атаулары мен ұлттық танымдық атаулар, көрнекті қайраткер тұлғалардың есімдері берілді. Ағамдағы жылы әлем бойынша 175 жылдық мерейтойы аталып өтетін Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының есімі 5 көшеге берілді. Әр ауылда өткен тұрғындар жиналысында жергілікті қоғамдастық мүшелері ұсынған есімдер қатарында Қабанбай Батыр, Қазыбек би, Төле би, Ыбырай Алтынсарин, Кенесары Қасымұлы, Әлихан Бөкейхан, Бауыржан Момышұлы аталуы өте қуанарлық жағдай.

Сондай-ақ Қалихан Алтынбаев, Бармақ батыр, Кегенбай би, Байқадам би, Отыншы Әлжанов, Хамит Тоқтамысов сынды аудан тарихында өшпес із қалдырған тұлғалар есімі де ардақталды. Ономастикалық комиссия мүшелері алдағы уақытта да бұл бастаманы жалғастырып, ел есіндегі ерлердің есімін ұмыт болмас үшін көшелерге беру үрдісін жалғастырамыз, - дейді мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Айнұр Отаршина.

Еліміз егемендігін алғанына 29 жылдың жүзі болды. Енді келмеске кеткен Кеңес заманының атауларынан арылып, төл атауларымызды толықтай қалпына келтіретін уақыттың жеткені анық. Бұл батыл шешімді талап ететін күрделі жұмыс. Елбасының тапсырмасы бойынша қаралып жатқан ономастика саласындағы құқықтық-нормаларды реттеу жұмыстары аяқталды. Енді осы мәселені міндетті түрде қолға алуымыз керек. Бүгінде ономастика саласында ауданымыздағы барлық округтерде жұмыстар жүргізіліп жатыр. Тамыры терең тарихи атауларды көзден таса, көңілден ада жасамай, қайта жаңғырту бабаларымыздың аманаты деп білуіміз қажет.

«Бұл жаңалық туралы еліміздің бас басылымы «Егемен Қазақстан» газетінде арнайы мақала жарық көрді. Шығыс Қазақстан бойынша меншікті тілші Азамат Қасым «Кенесары мен Әлихан Бөкейханға көше берген Көкпектіден облыстың басқа қала-аудандары үлгі алса, қанеки?! Бір жылда 62 көше ауыстыру - үлкен шаруа. Елге, жерге, тарихқа деген нағыз құрмет осындай-ақ болар», - деп тамсана жазған екен – деп жазды «Жұлдыз-Новая» газеті.

Жер-су, елді мекен, көше атауларын өзгерту ең алдымен елдігімізге, халқымыздың болашағына, келешек ұрпаққа керек. Сондықтан, әр атауда ұлттық мүдде таразыға салынатын, ел тарихын екшеп, көп ізденуді, табандылықты талап ететін жауапты істе әрбір азамат белсенділік танытса абзал.

Біздің еліміз – тұтас. Жер-су атауларын, елді мекендер мен мектептерге атау беру мәселесінде осы тұтастық табиғаты сақтала бермейді. Қазақтың тарихи тұлғаларының, Алаш арыстарының, тағы басқа жақсы мен жайсаңдар есімін мәңгілік ету мақсатында көптеген шешімдер қабылданып жатады. Және оларды бүкіл Қазақстан бойынша емес, белгілі бір өмір сүрген ареалымен шектейді.

Қазақ халқының тарихында ұлт жадысын жоюға бағытталған бірнеше кезеңдердің болғанын жақсы білесіздер. Сондай жаугершілік замандарда сан түрлі атаулар пайда болды. Бірақ біз олардың бәрінен өзіміздің ономастикамызды аман алып шықтық. Арабтар келген заманда да жаңа атаулар қойылды. Ал Кеңестік тоталитарлық жүйенің кезінде жер-су, елді мекен, қала, көше атауларын жаппай өзгерту басталды. Қазақтың байтақ жерлеріндегі бұрыннан келе жатқан атаулар орысша атауларға алмастырылды. Өзгертілді. Мұның барлығы халықтың тарихи жадын өшіруге, ұмыттыруға бағытталды. Ал осы тарихи жадыны біз қалай қалпына келтіреміз дегенде, мұны тек қазақтың ұлттық болмысына тән, өзіміздің байырғы атауларымызды қалпына келтіру арқылы ғана жүзеге асырамыз. Екіншіден, ономастикалық атауларды беруде біз қандай принциптерді ұстануымыз керек? Менің ойымша, дәстүршілдік принципті ұстанған жөн. Біз атауларды берген кезде халықтық дәстүрді естен шығармауымыз керек. Оның бірі кісі аттарымен макротопонимдерді атамау дәстүрі. Кезінде басталып кеткен осы үрдісті тоқтатуымыз керек. Бұл – халқымыздың бұрынғы замандардан келе жатқан дәстүрі. Содан кейін айтатын екінші мәселе, ол

Кеңестік заманда жаппай қойылған ономастикалық атаулардан арылуымыз керек. Қызыл империяның көсемдерінің, коммунистік партия қызметкерлерінің, тағы басқалардың есімдерімен аталған атауларға қазақша атаулар қойғанымыз жөн. Жоғарыда айтқанымдай, атаулар беруде ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрімізді ұстана отырып, оның барлығын ғылыми негізде жүргізуіміз керек.

Ономастика мәселесі – тек филолог-ғалымдардың не болмаса, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мамандарының ғана шаруасы емес. Бұл – белгілі тарихшылардың, географ мамандардың, жалпы, халықтың, тұтас ұлттың проблемасы. Демек, бұл мәселенің ұлттық сипаты қашан да есте тұруы тиіс! Негізгі басымдық мемлекетшілдік пен ұлттық дәстүрге негізделуі тиіс деп есептеймін.

МАЗМҰНЫ

Әлқисса

Алғысөз.....3

Көкейкесті

Б.Бияров. Әр атауға тарихи мұра ретінде қарауымыз керек.....5

Талқы

С.Иманбердиева. Ономастикалық терминдер жайлы ой-талқы.....14

Т.Аршабеков. Шешенқара ауылының тарихи топонимиясы.....21

Көзқарас

Б.Әбдуәлиұлы. Қолданбалы топонимиканың ғылыми-әдістемелік сипаттамасы.....40

Қ.Сапаров. А.Абдулина. Мұғалжар тауы аумағының топонимдерін зерттеудің географиялық негіздері.....54

С.Ерғали. Кейбір ономастикалық мәселелер, оларды шешу жолдары..64

Мирас

З.Тайшыбай. Ата-мекеніміздің мың жылдық таңбасы.....71

Б.Үмітқажиева. Көкпекті ауданының ономастика саласындағы мәселелері мен жетістіктері.....82

РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ
Авторлардың стилі,
орфографиялық хақы сақталады.

Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
"ТІЛ-ҚАЗЫНА" ұлттық
ғылыми-практикалық орталығында
теріліп, беттелді.

Бас редактор **Қ. Есентай**
Корректор **М.Шіменбай**
Дизайнын жасап, компьютерлік нұсқасын дайындаған
С. Баубек

Редакцияның мекенжайы:

Қазақстан Республикасы
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Сығанақ көшесі, 25,
Тел.: 8 (7172) 27-30-43
Tilortalyk@mail.ru

Беттеуге берілген күні 20.05.2020 ж.
Электронды нұсқаға қол қойылған күні 27.05.2020 ж.
Пішімі 70x100 1/16 Шартты баспа табағы 7,1